Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

20 МАМЫР СЕНБІ | 2017 жыл №73-74 (19359-19360) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | www.syrboyi.kz

ПРЕЗИДЕНТ

АСАНӘЛІ ӘШІМОВ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ

Елбасы көрнекті өнер қайраткері Асанәлі Әшімовті 80 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, шығармашылық табыс тіледі.

– Біз 40 жылдан астам уақыттан бері таныспыз. Содан бері, әсіресе ел тәуелсіздігі қалыптасқан күрделі жылдарда әрдайым қолдауыңызды сезініп келемін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы А.Әшімовтің шығармашылық қызметі Кеңестер Одағы дәуірінде де лайықты бағаланғанын атап өтті.

– Сіз КСРО-ның, Қазақстанның халық әртісі болдыңыз, ең жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталдыңыз. Кино әлеміндегі Асанәлі Әшімовтің есімін күллі Қазақстан мақтан тұтады. Сіз Қазақстандағы сансалалы шығармашылық өнердің саңлағы атандыңыз. Сондықтан елге керек қадірлі тұлға болып отырсыз, – деді Елбасы. Сөйтіп, Нұрсұлтан Назарбаев А.Әшімовтің театр мен кинодағы қазіргі табысты қызметін атап өтіп, жеке өзінің және мемлекет атынан алғыс білдірді.

– Мәдениет пен өнерді дамытуға қосқан үлесіңізді, еліміздің әлеуметтік-гуманитарлық дамуы жолындағы орасан зор жетістіктеріңізді, белсенді қоғамдық қызметіңізді, сондай-ақ халқымыздың тілегін ескеріп, мен Сізге Қазақстанның Еңбек Ері атағын беру жөнінде шешім қабылдадым. Соған орай «Алтын Жұлдыз» белгісін табыс етемін, – деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде Елбасы мемлекеттің мәдениет саласын белсенді түрде қолдап келе жатқанына және өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының кейбір тұстарына назар аударды.

ОҚУШЫЛАР «ЭКСПО-2017» КӨРМЕСІНЕ БАРАДЫ

Астана қаласында үш айға созылатын көрмені тамашалап қайтуға Қазалы ауданынан 7500 адам қатысады деп жоспарлануда. Бұл туралы тұрақты кеңес мәжілісінде аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Әліби Әбиев хабарлады. Оның айтуынша, әлеуметтік қолдауды қажет ететін 720 оқушыны үшкүндік саяхатпен көрмеге апаруға аудандық бюджеттен қаражат бөлінген. Сондай-ақ, 30 мүмкіндігі шектеулі жанның көрмеге барып-қайту шығыны үшін бюджеттен қаржы қаралған. Көрмеге қатысатындардың негізгі құрамының барып-қайтуын қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі жеке кәсіпкерлермен меморандумға қол қойды.

Көрме билеттері аудандық «Қазпошта» АҚ-ның 27 құрылымдық бөлімшесі арқылы сатылуда. Айта кетерлігі, 15 мамырда ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысушыларды азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында ауданнан балық және балық өнімдері Елордаға жөнелтілген болатын. Олардың қатарында «Қызылорда СПК Балық» ЖШС-ның көксерке фаршы, «Ар-М-Кон» ЖШС ақтабан, мөңке, сазан, жеке кәсіпкер «Т.Игіліков» шаруашылығының сазан, шортан және балықтың төсі «Байқоңыр» ӘКК» ҮК» АҚ-ның рефрижераторлармен жабдықталған «DAF» автокөлігіне тиеліп, Сарыарқаға жол тартты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ӨРКЕНДЕТУДЕГІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ бүкіл елге таратуға болады

«Атамекен» ҚР ҰКП Төралқа төрағасы Тимур Құлыбаев Қызылордаға жасаған жұмыс сапары барысында жергілікті кәсіпорындардың жұмысымен танысты.

Алдымен «Нұр-строй» ЖШС-ның Қызылордадағы филиалына барды. Қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорынның негізгі кәсібі – көпсалалы құрылысқа арналған темірбетонды бұйымдар мен конструкция шығару. Кәсіпорынның жылдық қуаты 60 мың текше метр өнім дайындауға жетеді.

Зауытта қалыптық, арматуралы, бетон араластыратын, шикізаттық және механикалық жөндеу цехтары жұмыс істейді. Бүгінде 220 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр, әрі жұмысшыларының әлеуметтік жағдайына ерекше көңіл бөледі. Зауыт директоры Нұрлыбек Қалекеевтің айтуынша, өңірдегі құрылыстың қарқынды дамуы өнімге сұранысты арттырып отыр. Зауыт өнімі Ақтөбе, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында кеңінен танылған.

Одан әрі меймандар ерлер жейдесін тігетін фабриканың жұмысымен танысты. Тігін фабрикасының жетекшісі, «DALATEX» ЖШС директоры Ділмұхамед Абизов кәсіпті қалай жолға қойғанын баяндады

Фабрикада барлық технологиялық процеске қажетті заманауи озық жабдық қойылған. Қазіргі таңда өндіріс көлемі айына 7-9 мың жейде тігуге дейін жетті. Келешекте айына 10-12 мың өнім дайындау жоспарланып отыр. Бүгінде мұнда 40 жұмысшы еңбек етеді. Жетілдірілген, компьютерлендірілген қосымша құрылғылар сатып алынуда. Сатып алушыларға ыңғайлы болу үшін еліміздің өзге де өңірлерінен сауда қоймаларын ашу жоспарланған. Бүгінде кәсіпкер ресейлік әріптестермен ынтымақтастық орнатып отыр. Оның стратегиялық жоспарына сәйкес болашақта ТМД елдеріне арнап жейде түрлері шығарылады.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының алаңында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, «Атамекен» ҚР ҰКП Төралқа төрағасы Тимур Құлыбаев, басқарма төрағасы Абылай Мырзахметовтың қатысуымен өңірлік кеңес отырысы өтті.

Кәсіпкерлік палатасы құрылғалы бері облыс әкімдігімен бірігіп аймақта бизнесті өркендетуге бағытталған мақсатты жұмыстар атқарылып келеді. Өңірдегі шағын кәсіпкерліктің даму деңгейіне шолу жасаған аймақ басшысы кәсіпкерлік субъектілерінің мүддесін қорғаудың, олардың ұсыныстары мен көтерген мәселелерін шешудің қалыптасқан жүйесі туралы айтты. Мәселен, облыстық кәсіпкерлер палатасымен бірігіп жасалған «Микробизнес Қызылорда» арқылы 840 млн теңгенің 132 жобасы қаржыландырылып, 429 жаңа жұмыс орны ашылды. Қазіргі күні қаржының қайтарымы 100 пайызды құрайды. Қызылорда қаласы мен барлық ауданда өз ісін бастаушыларға қызмет көрсететін, «бір терезе» қағидасымен жұмыс істейтін Кәсіпкерлер үйлері, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ашылған. Онда кәсіпкерлер қажетті кеңес алады, құжаттарын қысқа мерзімде рәсімдейді.

2-бет

АКТИВ ЖИЫНЫ

ҚЫЛМЫС ЖҰМЫССЫЗДАР ҚОЛЫМЕН ЖАСАЛАДЫ

Кеше облыс әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтіп, оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев төрағалық етті.

2012 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында Президент: «Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстануға тиіс. Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы подъезден, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады», – деді. Сөйтіп, мемлекеттік органдарға ауқымды міндет жүктеді. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау бағытында облыста жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. 2013-2017 жылдар аралығында ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, сала қызметкерлерінің заманауи қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жергілікті бюджеттен 6,5 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Учаскелік полиция инспекторларын орталық және қажетті бекеттермен қамтамасыз етуге 277 млн теңге жұмсалды. Биыл ішкі істер және прокуратура органдарының бірлескен жобасы аясында Қызылорда қаласында 14 стационарлы жылжымалы полиция пунктін орнатуға бюджеттен 128 млн теңге қаралды.

– Жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдары қолданған шаралар нәтижесінде осы жылдың I тоқсанында облыс бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар 12,8 пайызға төмендеді. Дегенмен, қылмыстардың ішінде өсу тенденциясы байқалған жекелеген қылмыстар бар, – деді аймақ басшысы.

Облыстық ІІД жергілікті полиция қызметінің бастығы Бауыржан Ибраевтың айтуынша, 2017 жылдың алғашқы тоқсанында 9 641 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Соның 3674-іне 29 млн 765 мың теңге айыппұл салынып, оның 10 млн 245 мыңы өндірілді. 266 адам әкімшілік қамауға алынып, 127 адамға ескерту жасалды.

– Біздің мақсат азаматтарды әкімшілік жауапқа тарту емес, керісінше, құқық бұзушылықтардың алдын алу. Осыған орай жергілікті атқарушы органдармен бірлескен профилактикалық шаралар өткізіліп келеді, – деген Б.Ибраев бейнебақылау камералары орнатылғалы бері халықтың сақ жүруге көшкенін айтты.

Қырағы құрылғылар көмекшіге айналды. Қазір облыс орталығында 272 камера бар, көбі көпқабатты үйлердің ауласында, көше қиылыстарында тұр. Ал жедел басқару орталығындағы осындай құрылғылардың көмегімен 53 қылмыс ізі суымай ашылып, 8906 құқық бұзушылық анықталды. Оның 7958-і жол ережесін бұзу деректері. Облыс әкімі тәртіп сақшыларының қыруар қаржыға сатып алынған бейнетіркеліштерді сөндіріп тастаған жағдайларын жайып салды. Жергілікті полиция қызметінің бастығы мұны мойындап, тексеру кезінде нысанаға іліккен 21 қызметкер мен 19 басшылық құрамға қатаң жаза қолданылғанын жеткізді.

Осы төрт айда аймақта кісі өлтіру қылмысының 20 дерегі тіркелді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4 есе жоғары және барлығы толық ашылды. Облыстық ІІД бастығының орынбасары Нұрлан Анарбаев қылмыстың 85 пайызын түн жарымында жұмыссыздар мас күйінде жасағанын айтты. Араққа сылқия тойып алған адамнан бәрін күтуге болады.

2-бет

ӘРІПТЕСТІК

ТҮРІК КОМПАНИЯСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ЫНТАЛЫ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Түркия елінің «Yildizlar SSS Holding» компаниясының басшысы Себахаттин Иылдызды қабылдады. Екіжақты кездесуде бірқатар мәселелер бағытында бірлесіп жұмыс атқару жайы талқыланды.

Қазіргі таңда өңірдегі электроэнергия тапшылығы шамамен 200 Мвт-ны құрайды. Соған сәйкес газтурбиналық электрстанциясын салу қажеттігі туындап отыр. Облыс әкімі түрік компаниясының басшысымен кездесуде аталған мәселені талқылады. Құрылыс жұмыстары үшін барлық қолайлы жағдай жасалатынын жеткізді.

Сондай-ақ, аймақта керамика өндірісін дамыту да назарға алынды. Елімізде керамикалық плита шығаруға қажетті шикізаттың 90 пайызы бар. Қазіргі таңда ішкі нарыққа қажетті 22-24 млн шаршы метр өнімнің тек 2 млн-нын ғана шығарудамыз. Қалған 90 пайызға жуығы сырттан әкелінеді. Сондықтан аталған кәсіпорынды салу еліміз үшін де пайдалы болмақ. Егер жоба іске асса, 500 жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

«Yildizlar SSS Holding» компаниясы бірнеше бағытта жұмыс жүргізетін, тек өз елінде ғана емес, әлем бойынша да белді өндіріс орындарының бірі. Түркия нарығындағы керамика мен керамогранит өндірісінің жартысы осы компанияның еншісінде. Сондай-ақ, металл өнімдерін экспорттау бойынша да танымал. Бүгінде күміс пен алтын өңдеу бойынша да алдыңғы қатарда. Сондықтан аталған холдингпен бірлесіп жұмыс жасау екі жақ үшін де тиімді болмақ.

Компания басшысы Себахаттин Иылдыз Сыр өңіріндегі мүмкіндіктерді тілге тиек етіп, болашақта бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ынталы екенін жеткізді. Сондай-ақ, алдағы уақытта компания тарапынан арнайы мамандар келіп, өңірде геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізбек.

Мәди ҚҰРМАНӘЛІ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

ҚАБЫЛДАУ

ІСКЕР БАСШЫ, БІЛІКТІ БАПКЕР

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшылығынан Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры қызметіне ауысқан Садық Мұстафаевты қабылдап, жаңа жұмысына сәттілік тіледі.

– Еліміздегі өскелең ұрпақтың, оқушылар мен студенттердің дене тәрбиесімен шұғылдану мәселелерін қамтитын орталыққа басшылық етуіңізбен шын жүректен құттықтаймын. Осыған дейін облыстың спорт саласын дамытуда іскерлігіңіз бен ұйымдастырушылық қабілетіңізді көрсетіп, үлкен табыстарға жеттіңіз. Садық Шоңмұрынұлын облыс спортшылары тек басшы ретінде емес, ұстаз ретінде де бағалайды. Бұл – бұйрықпен емес, адами қасиеттермен берілетін мәртебе. Алдағы уақытта да абырой биігінде болуға тілектеспін, – деді облыс әкімі.

Садық Шоңмұрынұлы облыстағы спорт саласын 12 жылдан астам уақыт басқарды. Қызметке келген жылдардан бастап талай бастамаға ұйытқы болды. Оның тікелей атсалысуымен көптеген спорт нысаны пайдалануға берілді. Атап айтсақ, 11 кешен, 325 шағын спорт алаңы ашылып, ауылдарда бос тұрған 24 ғимаратты инвесторлар тарта отырып жаттығу залдарына айналдырды. Сондай-ақ, Сыр өңірінде спорттың жаңа бағыттарына бетбұрыс жасалды. Облыс тарихында алғаш рет көркем гимнастика, стенд ату, қазіргі бессайыс, жүзу, байдарка және каноэда есу, қысқы спорт түрлері – мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей, шорт-трек бөлімшелері ашылды.

Қабылдау барысында облыс әкімі Садық Мұстафаевты облыстың Құрмет грамотасымен марапаттады.

* * *

Басқарма басшылығынан жаңа қызметке ауысқан Садық Мұстафаевты «Мұз айдыны спорт кешенінде шығарып салу жиыны өтті.

Шара барысында қалалық, аудандық спорт бөлімдерінің басшылары, спортшылар мен сала қызметкерлері оған сәттілік тіледі. Сондай-ақ, іскер басшыға лебіздерін білдіріп, ол басқарған он екі жыл ішінде спорт саласында жасалған өрелі өзгерістерді тілге тиек етті. Жаңа қызметте абырой тілеп, ат мінгізіп, шапан жапты.

Мәди ҚҰРМАНӘЛІ,
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ (сурет).

БІРЛЕСКЕН ЗАУЫТ БІРЕГЕЙ ӨНІМ ШЫҒАРАДЫ

Кальций қосылған сода өндіретін алғашқы зауыт еліміз бойынша Қызылорда облысында салынады. Жергілікті «Аралтұз» және қытайлық «QinghaiDeshengSodaAshIndustrialCo. Ltd» компаниялары бірлескен кәсіпорын құруға келісті, – деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметінен.

Келісімде жылдық қуаттылығы 300 мың тонна өнім өндіру зауытының құрылысын жүргізу көзделген. Жарғылық капиталы – 17,5 млрд, жобадағы жалпы инвестиция көлемі 87,5 млрд теңгеден асады. Зауыт Қазақстанның ішкі нарығын экология және өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарына сай келетін жоғары сапалы өнімдермен қамтамасыз етіп, импортқа тәуелділікті азайтады. Оның құрылысы 700-ден астам жұмыс орнын ашуға, жергілікті бюджетке салық түсімдерін көбейтуге, Сыр өңірі ғана емес, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң серпін береді. Жоба экономиканың басым секторларының қатарында. «Қазақстанның Индустрияландыру картасы», «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламаларына қатысуға мүмкіндік береді. 2015-2019 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының барлық талабына сәйкес келеді.

Кальций қосылған сода – ас тұзы мен әктас алу үшін керек негізгі шикізат. Оны көбіне шыны, химия, металлургияда, өнеркәсіптің басқа да салаларында қолданады. Бүгінгі күні Қазақстанның жылдық сұранысы 400 мың тонна шамасында. Отандық өндірістің жоқтығына байланысты оны Ресейден алуға мәжбүрміз.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

БАСПАСӨЗ – 2017

Құрметті оқырмандар!

2017 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты басылымдарға («Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт жастары», «Ақмешіт апталығы», «Толқын», «Қазалы», «Қармақшы таңы», «Жалағаш жаршысы», «Тіршілік тынысы», «Өскен өңір», «Жаңақорған тынысы») жазылу науқаны басталғанын хабарлаймыз.

Анықтама телефондары:
8 (7242) 40-03-93, 40-05-81, 70-14-08.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ӨРКЕНДЕТУДЕГІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ
бүкіл елге таратуға болады

Облыста жаппай кәсіпкерлікті дамытудың Жол картасы әзірленген. Ол бойынша әр ауданда, әр ауылда атқарылуы тиіс жұмыстардың бағыты белгіленген. Мәселен, қай ауылдарда шаштараз, монша сияқты тұрмыстық нысандар ашу тиімді, қай ауылда наубайхана ашуға болатыны жіті зерттелген. Бүгінде аталған Жол картасы облыс әкімдігінің қатаң бақылауында. Алдағы күндері белгіленген жұмыстар алға жылжымаса, осыған жауапты тұлғалардың өз қызметтерінде қалу мәселесі қаралатын болады.

Одан әрі сөз алған Т.Құлыбаев Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бизнес пен билік арасына диалог құру мақсатының Қызылорда облысында толық орындалғанын айтты. Өңірдегі кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға қатысты шараларға жоғары баға берді. Бизнесті бастау мен дамыту жөніндегі мәселені шешу үшін облыс орталығы мен аудандарда Кәсіпкерлер үйі мен Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ашылған.

Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында бос жатқан жер учаскелері туралы, инженерлік желілер туралы электронды форматта ақпарат алуға, сондай-ақ техникалық талаптарды жасатуға және сәулет пен жер мәселелері бойынша рұқсат құжаттарын рәсімдеуге болады. Облыс әкімдігі Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығын ашу, жер кадастры, газ, жылу, электр қуаты және сумен жабдықтау жөніндегі мәліметтер базасын цифрлық жүйеге көшіру үшін қаржы бөлді.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен өткен жылы отандық өнімді өткізу үшін және мемлекеттік органдар, мұнай компаниялары мен квазимемлекеттік сектордың тауар, еңбек және қызмет түрлерін сатып алуларында жергілікті қамту үлесін арттыру мақсатында Жұмыс комиссиясы құрылды. Өңірдегі құрылыс материалдарын шығаратын және жеңіл өнеркәсіп саласындағы 50 компанияға қолдау көрсетілді. Мемлекеттік сатып алуларда отандық тауар өндірушілердің әлеуетін пайдаланудың қызылордалық тәжірибесі өзге өңірлерге де таратылмақ.

Ұлттық палатаның жұмысындағы басты бағыт – кәсіпкерлердің құқын қорғау. Бұл ретте Бас прокуратурамен бірлескен жұмыс атқарылып, тиімділігі байқалды. Сонымен бірге кәсіпкерлер кезігетін әкімшілік кедергілердің неден туындайтыны зерттелген. Кәсіпкерлердің құқын қорғауға бағытталған шаралардың Қызылорда облысындағы нәтижелі қорытындылары жоғары бағаға лайық.

1-бет

Бүгінде өз ісін бастаушылардың рұқсат алу кезеңінде кезігетін кедергілері жойылды. Лицензиялар, рұқсат құжаттарының үштен екісі қысқарды. Осы жылдан қадағалау, бақылау функцияларын оңтайландыру басталмақ. Қазір елімізде 61 ведомство 28 мыңнан астам бақылау-қадағалау функциясын атқарады. Мәселен, санитарлық нормалардың жартысынан астамын қысқартуға болады.

Одан әрі Т.Құлыбаев Салық кодексін жетілдіру, адам капиталын дамыту тұрғысында жасалып жатқан жұмыстарға тоқталды. Палата өз ісін бастаушыларды бизнестің негіздеріне үйретуді, өз жобасының техника-экономикалық негіздемесін жасауға баулуды жолға қойды.

– Бизнес пен мемлекеттік органдар арасында өзара іс-қимыл жоғары деңгейге жетті. Бұл заңнамаларға өзгеріс енгізу, кәсіпкерлік желісі бойынша қаражат бөлу нәтижесінде іске асырылып отыр. Бүгінде «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнесті қолдау мәселелері бойынша ел Үкіметінің толықтай серіктесі болып қалыптасты, – деді Т.Құлыбаев.

«Атамекен» ҮКП Төралқа төрағасы Т.Құлыбаев облыс әкімі Қ.Көшербаевты «Ісіне адалдығы үшін» құрмет медалімен марапаттады.

Отырыста облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов кәсіпкерлік субъектілерінің қадамына тұсау болатын әкімшілік кедергілерді анықтау мақсатында палатада бизнес өкілдерімен тұрақты кездесулер өткізілетінін айтты. Кәсіпкерлер шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға кедергі ретінде банктер тарапынан берілетін несиелерге қолжетімсіздікті, коммуналдық қызметтердің сапасыздығын, өңірдегі мамандар біліктілігінің төмендігін, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы, кеден органдары қызметінің төмендігін алға тартқан.

Аймақтағы кәсіпкерлік саласының дамуын инфрақұрылымдарға қатысты ақпараттың қолжетімсіздігі тежейтін еді. Бұл мәселе биыл оң шешімін тапты. Облыс әкімінің қолдауымен Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ашылды. Жаңа орталық инженерлік коммуникацияларға қосылуға кеңес беру және көмек көрсету, яғни газ, су, кәріз, электр, жылу және телефон жүйелеріне қосылуға техникалық шарттар алып берумен айналысады. Оған қоса архитектура және құрылыс салалары бойынша сәулет-жоспарлау тапсырмасын алуға, құрылысты бастауға рұқсат алу, техникалық төлқұжат алу, тіркеуден өткізуге көмек көрсетеді. Жер мәселелері бойынша жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту, сатып алу, қосымша жер учаскесін алуға жәрдемдеседі.

Алдағы уақытта жаңадан ашылған орталық монополист кәсіпорындардан техникалық шарттарды электрондық форматта алуды жолға қоймақ, яғни кәсіпкер үйінде отырып-ақ ғаламтор арқылы тапсырыс бере алады. Ол үшін арнайы облыс елді мекендерінің электрондық картасы әзірленген.

Палатаға келіп қаржылай емес қолдау түрлерін сұраушы, сервистік қызмет алатын азаматтар қатары көбеюде. Ғ.Жақсылықов тауарларын экспортқа шығаратын ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерге қатысты ұсынысын білдірді. Тауарөндірушілер өз тауарларын экспортқа шығаруға дайындау барысында қажетті құжаттарды алу үшін 2-3 күн бойы 6 мекемені аралауға мәжбүр. Осы ретте Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тәжірибесімен, «бір терезе» қағидасымен жұмыс істейтін жұмысшы орган құру тиімді болмақ. Бұл мемлекеттік орган болуы міндетті емес, мүмкіндігінше аталған бастаманы жүзеге асыруға жеке секторды тартқан дұрыс.

Өңірлік кеңес отырысында оған қатысушылар мемлекеттік сатып алу порталдарындағы бірегей емес, жеке-жеке талаптарды оңайлату туралы ұсыныстарын білдірді. Бұл талаптар кәсіпкерлер үшін әжептәуір кедергі. Оның үстіне ашықтық жетіспейді. Тағы бір ұсыныс жұмысшы кадрларды қысқа мерзімді курстарда оқыту турасында болды. Бұл үдеріске негізінен колледждер қатысуда. Осы курстарды өндірістік базаларда өткізудің тиімділігін ескеру керек. Ұлттық палатаның Басқарма төрағасы А.Мырзахметов өңірлік кеңес мүшелері қойған сауалдардың барлығына жауап берді.

* * *

Өңірлік кеңес отырысынан соң Т.Құлыбаевтың ресми өкілі Жігер Әзберген сапар қорытындысы туралы журналистерге сұхбат берді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

● ФОРУМ

ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ НЕГІЗІ

«Достық үйінде» Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы облыстық Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен «Дәстүрлі құндылықтар және рухани жаңғыру» тақырыбында форум өтті. Оған жазушы-этнограф, отбасылық құндылықтарды, дәстүрлі дін мен ұлттық салт-дәстүрді насихаттаушы, Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова қатысты.

Облыстық, аудандық Аналар кеңесінің мүшелері, көпбалалы аналар, этномәдени бірлестік өкілдері мен қала тұрғындары қатысқан шараны Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы облыстық Аналар кеңесі төрайымының орынбасары, облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Нұрсәуле Мұсаева жүргізіп отырды.

Форумды ашқан облыс әкімінің орынбасары Руслан Рустемов Ұлы Отан соғысында батырлығымен аты шыққан Бауыржан Момышұлының азаматтық тұлғасы, қаһармандық қасиеті жайында айтып өтіп, батыр бабаның тағылымды тәмсілдерін кейінгі толқынға жеткізуші, ұлттық құндылықтарымызды халық арасында насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіріп жүрген Зейнеп Ахметованың өлшеусіз еңбегіне ризашылығын білдіріп, форумның маңыздылығына тоқталды және қазақы қонақжайлылығымызбен иығына қамзол жауып, басына ақ жаулық салып құрмет көрсетті.

Айта кету керек, Зейнеп Ахметова Бауыржан Момышұлының соғыстан кейінгі жылдардағы өміріне арналған «Шуақты күндер» атты естелік-кітаптың және «Әзілінді сағындық», «Бабалар аманаты» еңбектерінің авторы.

Шара барысында Зейнеп Асқарбекқызы отбасылық құндылықтар, дәстүрлі дін, ұлттық салт-дәстүр, қазақ қызының болмысы, келіннің әдебі, қоғам қалыптасуындағы ана-әжелердің рөлі туралы кеңінен әңгімелеп, ойларын ортаға салды.

– Қазақта небір керемет адамдар, небір керемет келіндер бар. Менің танымал болуым, маңдайлы келін атануым атаның арқасы. Ондай кісінің келіні болу – үлкен жауапкершілік. Сондықтан мен де сол кісінің атына ұят келтірмеуге тырыстым. Яғни, мені халық тәрбиеледі. Қайда жүрсем де, сол кісінің рухына дұға жасап, сол кісінің тағылымды сөздерін айтып жүремін,– деп ағынан жарылған Зейнеп Ахметова ұлттық құндылықтар, ұлттық тәрбие, салт-дәстүр жөніндегі ойларымен бөлісті.

Жиын барысында қатысушылар мәртебелі мейманға көкейлеріндегі сауалдарын қойып, алғаусыз ақ тілектерін арнап жатты, бірі естелік үшін қолтаңба алса, енді бірі жүрекжарды лебізін білдіріп, сый-сияпатын жасады. Жас ақын Толқын Қабылша ардақты анаға өлең арнады. Шара соңында Зейнеп Асқарбекқызы «Өзіңіздей ананың жолын берсін» деп ниеттеніп, форумға арнайы келген жандардың көңілін қимай қос бұлдіршіннің тұсауын кесті.

Айнұр БАТТАЛОВА.

● РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЕЛ ДАМУЫ ЖОЛЫНДА

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да Елбасы мақаласы бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары мен медиа-жоспар жобасы бекітілді. Жоспарға сәйкес университет ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов студенттерге «XXI ғасырдағы ұлттық сана және жастар» тақырыбында дәріс оқыды. Ондағы бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы және сананың ашықтығы деп аталатын 6 бағытқа жеке-жеке тоқталып, әрқайсысының ел дамуы жолында ерекше мәнге ие екендігін баяндады.

– Қазақтың рухани әлемі – бүгінгі тәуелсіздігіміздің қайнар бұлағы. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «әуелі экономика, содан кейін саясат» атты әйгілі принципі баршамызға белгілі. Әлемнің жетекші елдерін табысқа жеткізген нақты прагматизм игілікке қол жеткізудің әмбебап кілті болып саналады. Мақаланың «Прагматизм» бөлімінде Елбасы «қанымызға сіңген көптеген дағды мен таптаурын болған қасаң қағиданы өзгертпейінше толықканды жаңғыруымыз мүмкін емес» дей отырып, төл тарихымызға үңіле келе, прагматизмнің шынайы жарқын үлгілерін табуға болатынын атап өтеді. Бабалардан мирас болып қалған ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз қажеттігіне мән береді. Сөз соңында айтарым, тек мемлекет құрған ел ғана әлемдік көшке ілесе алады, өзіндік келбеті бар өркениет жасай алады, өз кезегінде өркениет жасай алған ел ғана басқа өркениетті елдермен терезесі теңесе алады. Сіздерді де осындай маңызды іс-шараларға белсенді түрде қатысуға шақырамын, – деді Қ.Бисенов.

Дәріс барысында ұлттық мәдениеттің тамыры тағылымды тарихпен астасып жатқандығына тоқталды. Сонымен бірге жастардың жаңа технологияларды игеру мен жаңа қуат көзін табу бағытында, ең бірінші, білімге арқа сүйеу қажеттігі айтылды. Университет ректоры арнайы дәрістің қорытындысында Елбасының бағдарламалық мақаласының өз уақытында жазылған құнды мақала екенін айтып, соның негізінде университетте жүзеге асырылуы тиіс жоспарлар бекітілгенін мәлімдеді.

Ш.ЖАМАЛТЕГІ.

ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ НӘТИЖЕСІ ҚУАНТАДЫ

Редакцияның сұрау салуына орай Қызылорда облысының Статистика департаменті облыста үстіміздегі жылдың 4 айында 34 млрд теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілгенін мәлімдеп, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің ахуалын салалар бойынша былайша тізген еді.

	2017 жылғы қаңтар-сәуір млн теңге	2017 жылғы қаңтар-сәуір 2016 жылғы қаңтар-сәуірге, пайызбен
Өңдеу өнеркәсібі	**34054**	**110,8**
Тамақ өнімдерін өндіру	9369	113,7
Жеңіл өнеркәсіп	104	2,0 есе
Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	3012	128,0
Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру	3620	95,0
Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру	1073	76,4
Өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру	2119	180,2
Жиһаз жасау	22	181,7

Кестеден көрініп отырғанындай, 2016 жылдың 4 айымен салыстырғанда өңдеу өнеркәсібінің құрамдас саласы болып табылатын жеңіл өнеркәсіп өнімдері өнімінің көлемі салыстырмалы кезеңде 2 есеге, тамақ өнімдерін өндіру 13,7 пайызға, минералдық өнімдерді өндіру 80,2 пайызға, жиһаз жасау 81,7 пайызға өскен. Деректер Қызылорда өңірінде өңдеу өнеркәсібін өркендетудің мүмкіндіктері жеткілікті екенін көрсетіп отыр.

Ж.ӘЛМАХАН.

ҚЫЛМЫС ЖҰМЫССЫЗДАР ҚОЛЫМЕН ЖАСАЛАДЫ

– Бүгінде арақұмарлыққа шалдыққан 70-ке жуық адамның құжаттары дайын. Бірақ мамандандырылған емдеу-профилактика мекемесінде орын жеткіліксіз. Оларды еріксіз апару учаскелік полиция инспекторларына оңай тимей тұр. Құжаттар жинауға кем дегенде 7-10 күн кетеді. Медициналық тексеру кезінде ол адамның басқа ауруы анықталса, емдеуге жіберу мүмкін болмайды, – деді Н.Анарбаев.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметіне сүйенсек, 45 мыңға жуық адам еш жерде тіркелмеген, бірақ табысы бар. Ал 17 100 адам жұмыс істемейді, соның ресми тіркелгені – 4578 ғана. Ал айналысатын тірлігі жоқ адам қате басуға бейім. Мысалы, жыл басында 40 мың теңге үшін такси жүргізушісін травматикалық тапаншамен атып өлтірген жағдай жаға ұстатты. Қылмыскер – жұмыссыз. Азын-аулақ ақшаға бола қолын қанға былғады.

1-бет

Облыс әкімі Қ.Көшербаев халықты, әсіресе, маргинал жастар мен түрмеден босап шыққандарды жұмыспен қамту мәселесіне назар аударып, тиісті сала басшылығына жұмысты күшейтуді тапсырды. Одан бөлек, учаскелік полиция инспекторларына да жүктелген жауапкершілік орасан.

Келесі мәселе есірткі бизнесіне қатысты өрбіді. Департамент бастығының орынбасары Н.Анарбаевтың сөзінше, нашақорлыққа қарсы шараларға биыл жергілікті бюджеттен 9 млн 745 мың теңге бөлінді. Соған қарамастан, соңғы бес жылда есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстардың өсу тенденциясы байқалып отыр. Өткен жылдың өзінде 355 қылмыс анықталды. Заңсыз айналымнан 1 тн 505 кг есірткі тәркіленіп, 211 адам құрықталды. 77 есірткі алқабы анықталды. Одан бөлек, орман шаруашылығындағы 9 аумаққа есірткі егілген. Биыл 1 маусым-30 қазан аралығында республикалық «Көкнәр-2017» жедел-профилактикалық шарасының нұсқаулық жиыны Қызылорда қаласында өтеді. Оған басқа өңірлерден орган өкілдері, «Бүркіт» арнайы жасағының әскери қызметкерлері мен тікұшақ техникалары тартылмақ. Қазіргі уақытта «Дельта-Сырдария» бөлінісі құрылып, материалдық-техникалық база нығайтылып жатыр.

Аймақ басшысы облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына, аудан мен қала әкімдеріне жер телімдерінің мақсатты түрде пайдаланылуын қамтамасыз етуді, әйтпесе, тиісті шара қолдануды, ішкі істер органдарының басшыларына аталған ауқымды шараны жоғары деңгейде өткізуді міндеттеді.

Назерке САНИЯЗОВА.

ҚАЗАЛЫДАҒЫ «ДАЛА КҮНІ»

«Көктемнің әр күні жылға азық» қағидасын тұтынған қазалылық дихандар еңбек көрігін қыздыра түсуде. Егіс танаптарындағы қарбалас қимыл бір сәтке де толастар емес.

«Жалаңтөс батыр» ЖШС егіс алқабында өткен «Дала күні» семинар-кеңесіне аудан әкімі Нажмадин Шамұратов төрағалық жасады. Облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес төрағалары, округ әкімдері, ардагерлер қатысқан семинар егін егудің жоралғысын жасаудан басталды.

Мұнан соң дала жұмыстарының барысы туралы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Абай Рыстығұл, «Жалаңтөс батыр» ЖШС директоры Абзал Сәрсенов, «Қазалы СуШар» өндірістік учаске бастығы Қуаныш Көланов хабарлама жасады. Өткен жылы егілген күріштен мол өнім жинаған аудан дихандарының биылғы межесі де жоғары. Дақылдарды орналастыру барысында әртараптандыру бағытындағы дақылдардың көлемін ұлғайтуға ерекше мән берілуде. Сол арқылы бақша дақылдарын өндірістік негізде өсіруді 600 гектарға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, картоп, көкөніс, бақша дақылдарын дамыту тұрғысында биылғы жылдан бастап аталған дақылдарды егу, жинау жұмыстарын қаржыландыру көзделуде. Бұған қоса, бірегей элита 1 репродукциялы тұқымдарды субсидиялау қарастырылуда. Бұл өз кезегінде гербицидпен, минералдық тыңайтқыштарды және жоғары репродукциялы тұқымдарды ауыл шаруашылығы құрылымдарының жеткілікті дәрежеде пайдалануға мүмкіндік беріп, егін шаруашылығында өнімділікті ұлғайтуға оң әсерін тигізеді. Күріш түрлерін жаңарту мақсатында «РЗА агро» ЖШС Түгіскен шаруашылығынан, «Сыр маржаны» ЖШС Ресейдің Краснодар өлкесінен, Астрахань қаласынан күріштің «Янтарь», «Фоварит», «Новатор» аталатын түрлерінен тұқым алуда. Облыс әкімінің қолдауымен су айдайтын насос алуға облыстық бюджеттен қаржы қаралған. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мақсатында аудандық бюджеттен бөлінген қаржыға бірқатар техника алуға қол жетті.

Семинарды қорытындылаған аудан әкімі Н.Шамұратов диқаншы қауымның еңбегіне сәттілік тіледі.

Ж.АЙДАРБЕКҰЛЫ.
Қазалы ауданы.

● БРИФИНГ

ЗИЯНКЕСТЕРДІҢ АЛДЫН АЛҒАН АБЗАЛ

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі «Жазкен Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бас директорының орынбасары Бақытжан Дүйсембековтың қатысуымен брифинг өтті. Брифинг барысында өңіріміздегі өсімдік және тұқым шаруашылығының өнімділігін арттыруға, зиянкестерден сақтау мәселелері қозғалды.

Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарында шегірткенің жаппай көбейгені белгілі. Осыған сәйкес Марокко шегірткесі қаншалықты зиян немесе біздің облысымызға келу қаупі жоқтығын анықтау үшін облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, Бақытжан Әлішерұлы шақырылған болатын.

– Облыс төңірегінде көтерілген дабыл барлығымызға алаңдатарлық мәселе деп айтуға болады. Себебі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен тізім бойынша, Марокко шегірткесі аса қауіпті және карантинді зиянды организм деп саналады. Осы тізімге шегірткенің үш түрі енгізілді. Олар: Марокко шегірткесі, азиялық шегіртке және италиялық прус. Осы дернәсілдердің ішінде марокколық шегіртке, өздеріңізге белгілі көрші облыстарда көбейіп кетті. Шегіртке қанаттану фазасына келгенде өздерінің алқаптарын кеңейтіп, шаруашылық жерлердегі дақылдарға қауіп туындатады. Сондықтан аталған екі облыста күресу жұмыстары жүргізіліп жатыр, – деді Б.Дүйсембеков.

Қызылордада аса қауіпті шегірткелердің екі түрі кездеседі. Олар азиялық шегіртке мен италиялық прус. Ал марокколық шегіртке Сыр елінің топырақты климаттық жағдайына сәйкес келмегендіктен аталған дернәсіл бірде-бір рет тіркелмеген.

Облыста шегірткеден басқа ауылшаруашылық дақылдарына 120-дан астам арам шөп, 100-ден астам зиянды организм зиянын тигізуде. Сондықтан ең алдымен тұқымды егу алдында назар аудару керек.

Брифинг барысында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстағы аумақтық инспекциясының басшысы Еркебұлан Бекжанов аймақта зиянкестермен жасалып жатқан күрес жайлы баяндады. Облыста химиялық өңдеу жұмыстарын «Өсімдік қорғау-МКОК» ЖШС, «Фитосанитария» РМК және «Авиакомпания «Дельта-ЮГ» ЖШС жүргізеді.

– Шегіртке зиянкестеріне қарсы мониторинг, фитосанитариялық іс-шара жұмыстарын бірлесіп жүргізу мақсатында көршілес Ақтөбе, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарымен ынтымақтастық келісім-шарт жасалды. Мониторингтік зерттеу жұмыстарының нәтижесімен Арал, Қазалы ауданы аймағында саяқ және италиялық прус шегіртке дернәсілдерінің алғашқы жер бетіне шығуы тіркелген, – деді Е.Бекжанов.

Италиялық прус зиянкестеріне қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 27 мамырға жоспарланған. Сонымен қатар, саяқ шегіртке дернәсілдерінің алғаш жер бетіне шығуынан бастап есептегенде химиялық өңдеу жұмыстары мамырдың 21-і күніне сәйкес келіп отыр.

Шынар БЕКБАН.

ШЕГІРТКЕМЕН КҮРЕС БАСТАЛДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары Жаннат Түзелбаева, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Өмірхан Тәшкенов, «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» облыстық филиалының директоры Абай Айтбаев ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы атқарылатын жұмыстар жөнінде мәлімдеді.

Облыста ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алу үшін, егіс алқабы зиянды организмдерден таза болуы қажет. Тиісті сала мамандарының сөзінше ерекше қауіпті жәндіктер мен карантиндік объектілерге қарсы фитосанитариялық іс-шаралар тиімді жүргізу үшін арнайы жұмыс тобы құрылып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

– Зиянды және ерекше қауіпті бұл жәндіктерге қарсы шараларды жүргізетін жұмыс тобының бірінші отырысы өткізіліп, барлық аудан және қала әкімдіктеріне шегірткеге қарсы тиісті жұмыстарды уақытылы әрі сапалы ұйымдастыру жөнінде тапсырмалар берілді. Арнайы бағдарлама бойынша республикалық бюджеттен тиісті қаржы бөлініп, химиялық

жұмыстарды жүргізетін мердігер мекемелер анықталды. Айталық, 8 арнайы агрегатымен «Өсімдік Қорғау-МКОК» ЖШС 12,5 мың гектар жерге, «Фитосанитария» РМК облыстық филиалы 11 арнайы бүріккіш жер агрегаттарымен 33,577 мың гектар жерге, сондай-ақ, 4 аса жеңіл ұшақтармен «Авикомпания «ДЕЛЬТА-ЮГ» ЖШС 107,248 мың гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізетін болады. Сонымен бірге, ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы республикалық бюджет есебінен 11757 литр пестицид бөлініп, барлық аудандық, аумақтық инспекциялары тиісті пестицидпен (улы химикаттар) қамтамасыз етілді, – деген Жаннат Берікбайқызы италиялық прус зиянкестеріне қарсы биылғы жылы 68378 гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілетіндігін айтты.

Көктем шыға егіс даласынан табылатын дихандар бұл жәндіктің зиянның жақсы біледі. Олардың ала жаздай еңбегін шегірткеге жем қылмас үшін жауапты мекемелер қажетті шараларды қолға алып, залалдың зардабымен күресу қамына кірісті.

Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ,
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ
(сурет).

ТІЛЕКТЕСТІК

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы Байқаушы кеңес мүшелерінің келісімі негізінде, серіктестік бас директорының бұйрығымен журналист Нағымжан Сауяев Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің бас редакторы болып тағайындалды. Ол бұған дейін облыстық «Сыр бойы» газетінде аға тілші қызметін атқарған болатын.

Сондай-ақ, Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеті бас редакторының міндетін атқарушы болып келген Нұрлат Байкенжеев басылымның бас редакторы қызметіне бекітілді.

Біз әріптестерімізге жаңа қызметінде шығармашылық табыс тілейміз.

Сырбойылықтар.

«АРАЛ – 2017» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ ҚАРСАҢЫНДА

ҒАЛАМ СҮЙСІНГЕН «ҒАСЫР ЖОБАСЫ»

Бүкіл әлемнің назарын аударған Арал проблемаларына арналған алғашқы халықаралық конференция 1993 жылы Қызылорда қаласында өтті. Онда Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары мен Ресей үкіметінен келген делегация БҰҰ мен Дүниежүзілік Даму банкіне Арал проблемасын әлемдік қауымдастықтың талқысына салу туралы айтты. Сонымен бірге халықаралық «Арал теңізін құтқару қоры» құрылды.

«Ғасыр жобасы», «Дүниенің сегізінші кереметі» деп атап жүрген САРАТС жобасының алғашқы сұлбасы сол кезде жасалды. Бұл кезеңде жергілікті халық Арал теңізінің тартылуына алаңдаулы күйде болатын. Ал бүгінгі күні теңіздің солтүстік бөлігін сақтау шараларының нәтижесін ел көріп отыр. Президенттің бастамасымен дүниеге келген таңдаулы жоба «Ғасыр жобасы» деген атауға ие болды. Дүниежүзілік банктің қолдауымен жүзеге асырылған САРАТС жобасының 1-кезеңінде біршама толымды тірліктер атқарылды. Қазіргі таңда Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау жөніндегі жобаның бірінші кезеңі аяқталған. Жоба барысында теңіз деңгейі 42 метрге көтерілді. Қолға алынған шаралар нәтижесінде Арал өңірінің солтүстігіндегі су мөлшерінің ортаймауына жағдай жасалды. Айталық, 2005 жылы құрылысы басталаған «Көкарал» бөгеті теңіздің солтүстік бөлігінің су мөлшерін 68 пайызға жоғарылатты.

Елбасының тікелей тапсырмасымен жүзеге асқан, ғасыр жобасы атанған «САРАТС» жобасының бірінші кезеңінің жүзеге асуы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор мүмкіндік берді. Бұл кезеңдегі барлық жұмыстар Дүниежүзілік банк пен республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру арқылы жүзеге асты. Соның нәтижесінде теңіз суының тұздылығы айтарлықтай төмендеп, су көлемі 15 текше шақырымнан 27 текше шақырымға дейін жетті. Сырдария өзенінің қыс кезіндегі су өткізу қабілеті 650-700 текше метрге дейін жоғарылады. Негізі жобаны жүзеге асырудағы мақсат өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға көзделген. Сондықтан да онда бірінші кезеңдегі барлық жағдай толығымен ескерілген. Жалпы жобаның алғашқы кезеңінде «Көкарал» бөгеті мен «Ақлақ» және «Қараөзек» арнасы, «Әйтек» су торабында су құрылғылары кешені, Сырдария өзені бойында су тасқынына қарсы қорғаныс бөгеттері мен Ақсу елді мекенінің тұсындағы өзен арнасын реттеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, «Қызылорда» және «Қазалы» су торабы мен «Шардара» және «Арнасай» тоспаларын жөндеу жұмыстары жүзеге асырылды. Соның арқасында аймақтың экологиялық ахуалы айтарлықтай жақсарып, облыстың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуына жол ашты. Арал теңізіне түсетін судың көбеюі өңірдегі тіршіліктің қайта жандануына әкелді. Суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуі жақсарды. Бұл өз кезегінде көлемі 20-30 мың гектардан асатын бірнеше ірі көлдердің қалпына келуіне, балық шаруашылығының дамуына мүмкіндік берді. Сөйтіп, теңізде бұрын жоғалып кеткен балықтың 13 түрі қайта пайда болды. Балық аулау көлемі 400 тоннадан бес мың тоннаға дейін жетті. Теңіз Арал қаласына 75 шақырымнан 17 шақырымға дейін жақындады. Қаншама қиыншылыққа қарамастан, Президенттің қайтпас қайсарлығы мен табандылығының арқасында жоба жүзеге асты. Кіші Арал теңізі аймақтың экологиялық ахуалын жақсартып, флорасы мен фаунасы қалпына келе бастады.

2005 жылдың 27 сәуірінде Елбасы Арал ауданына арнайы сапармен келді. Елбасы таза ауызсудың тұсаукесерін жасап, судың дәмін татып «Ең таза ауызсу – аралдықтарда» деп ағынан жарылды. Президент «Мен Аралға көмектессем деген арманыма жеткеніме қуаныштымын!» деді халық алдында. Осы сапарында Елбасы «Көкарал» бөгетінде болып, түс ауа Қамыстыбасқа келді. «Қосжар» питомнигіне ат басын тіреп, қазақы ырым жасап, күміс сырға салынған қос бекірені көлге жіберді. Кейінгі уақытта Арал өңіріндегі су айдынынан балық аулау жылдағыдан өсе түсті. Арал теңізінде жойылып кеткен 30 түрлі балықтың 21 түрі қазір қайта ауланып жатыр. Аралға келген арнайы іссапарында бір топ ғалымдар мен жобалаушыларға Н.Назарбаев сұрақты төтесінен қойды. «Сіздер жобалап отырған САРАТС жобасы жүзеге асқан кезде Арал теңізінің суы қалаға жақындай ма?» деді. Олар: «25-30 шақырым ғана жетпей тұрады» деп жауап берді. Осы сәтте Нұрсұлтан Әбішұлы: «Ендеше Кіші Аралды бөліп алып, теңізді қалаға келтіруіміз керек. Ол үшін САРАТС жобасы II кезеңінің іске қосылуын міндеттеуіміз қажет» деп айтты.

Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау жөніндегі жобаның екінші кезеңі қоршаған ортаға теңіздің тигізетін зиянын сейілтеді. «САРАТС» жобасы халықаралық және өңірлік бағдарламалардың шеңберінде жүзеге асырылатын ең ауқымды жоба. Енді бүгінде «САРАТС-2» жобасын жүзеге асырудың екі кезеңдік тәсілін жүзеге асыру міндеті тұр. Бұл өз кезегінде теңіздің кеуіп кеткен ашық түбінен шығарылатын тұз бен шаңның азаюына ықпал жасайды.

Енді жобаның екінші кезеңіне сегіз компонент енгізіліп, оның алтауы бірінші кезеңде жүзеге асырылатын болады. Атап айтқанда, бұл кезеңде «Қызылорда» су торабының сол жағалаудағы шлюз-реттеуіші қалпына келтіріліп, Қазалы және Қармақшы аудандарында су тасқынына қарсы қорғаныс бөгеттері салынады. Сондай-ақ, Қорғанша және Тұрымбет учаскелерінде Сырдария өзенінің арнасы түзетіліп, Қазалы ауданының Бірлік ауылы маңында автомобиль көпірі салынады. Сонымен қатар Қамыстыбас және Ақшатау көлдер жүйелері қалпына келтіріліп, Арал ауданы «Қамыстыбас» балық өсіру питомнигінің Тастақ учаскесіндегі балық өсіру тоғандары кеңейтіледі. Ал жобаның екінші кезеңінде Солтүстік Арал теңізін қалпына келтіру мақсатында «Көкарал» су тоспасын Балтық жүйесі бойынша қазіргі 42 метрден 48 метрге дейін биіктету жоспарланып отыр. Сонымен бірге Сырдария өзені бассейнінің Қазақстан бөлігінің су ресурстарын басқарушы жұмыс орталығын салу мен оны жабдықтау да көзделуде.

Жалпы «САРАТС-2» жобасын жүзеге асыру Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етеді деп күтілуде. Соның ішінде мыңдаған гектар жайылымдықтар мен шабындық жерлер суландырылып, 15 мыңнан астам халық тұратын елді мекендер су басудан қорғалады. Қазалы ауданының Бірлік ауылынан салынатын автомобиль көпірін салу жыл бойы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жол ашады. Өзен сағасындағы жалпы ауданы 34 мың гектар болатын көлдер суға толады.

Туризмді дамытуға да жол ашылады. Халықаралық Аралды құтқару қоры бүгінде 70-тен астам жаңа жоба дайындаған. Аталған жобалар әртүрлі бағыттағы мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Оның ішінде 3-і елімізде бұрынсоңды жүзеге асырылмаған тың жобалар қатарына жатады. Алғашқы жоба ғылыми-туристік орталық ашуға бағытталған. Яғни, алдағы уақытта Қордың бастамасымен Қамыстыбас көлі жағасында ғылыми-туристік орталық салынады. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар басталып, көл жағасына 3 мыңнан астам көшет отырғызылды. Ал екінші жоба Арал өңірінің табиғатын жақсартуға бағытталған. Жоба аясында Аралдың шығыс жағына 5-6 қатарлы көшет отырғызылып, жасыл аймаққа айналдыру жұмыстары қолға алынады. Тағы бір жоба аймақтағы киіктер санын арттыруды көздейді.

«Тұрақты дамудың Халықаралық Арал форумында» Арал өңірінің дамуына арналған инвестициялық және гранттық жобаларды жүзеге асыруға халықаралық ұйымдардың және бизнес құрылымдардың қызығушылықтарын ояту көзделуде.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ТАҒДЫРЫМ ОРТАҚ ТЕҢІЗБЕН

Шын мәнісінде солай. Жалпы біздің әулеттің тарихы теңізбен тығыз байланысты десем, артық емес. Оған мына дерек толық дәлел болары анық. Бір сәт төмендегі деректерге назар аударайықшы. Кезінде мен жайлы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған очеркте «Теңіз Әдекеңе қарыз, Әдекең теңізге қарыз» деп жазылғаны бар. Мәнісі – Әйімбет атамыз балық аулап жүріп теңізге кетіп, бақилық болған. Бәлкім, теңіздің маған қарызы атамның айдын құшағында ажал құшуы болса, менің борышты болатыным қасиетті теңізден несібемді тауып, бала-шағамды асырауымда, елімнің қошеметін естуімде шығар. Өз әкем Ізбасар бозбала шағынан ересектерден қалыспай теңізді шарлаған байырғы балықшы. Ұлы Отан соғысынан ауыр жарақаттанып елге оралған соң әкем ұзақ уақыт балық аулау пунктін басқарды. Ал, өзімнің кіндігім теңіз қолтығында кесілді. Сондықтан теңізбен тағдырым да, тынысым да ортақ.

Талай жанға пана болған киелі теңіз бізді де бауырына тартты. Соған орай біз де оған адал қызмет жасауға ұмтылдық. Қарапайым жұмысшыдан бастаған өмір жолымда мұғалім, экономист, партия комитеттерінде нұсқаушы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, «Арал балық өндірістік бірлестігінің» бас директоры өзге де лауазымдарды атқардым. Қандай қызметте жүрсем де, елімнің сенімін ақтауға тырыстым. Ғасыр тоғысында «Қамыстыбас» балық питомнигін басқардым. Елбасы Аралға сапарында біздің мекеменің жұмысымен танысып, көгілдір айдынға өз қолымен балық жіберуі бізді жаңа істерге жігерлендірді. Мемлекет қолдауы нәтижесінде питомниктің қаржыландырылуы, балық өсіру өнімі әлденеше есе ұлғайды.

«САРАТС» жобасының алғашқы кезеңінде Арал өңірінде көптеген толымды тірліктер атқарылғаны көпшілікке жақсы мәлім. Көкарал бөгетін салумен Кіші теңізде балық шаруашылығының қайтадан негізі қаланды. Бүгінгі таңда балық өңдеу зауыттарының саны да көбейіп келеді. Арал проблемасы ғаламға ортақ болғандықтан, әлемдік қауымдастықтың қолдауы мен көмегі аса қажет. Алдағы форумда Аралға олардың тағы да назарын аударып, гранттық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға ықпал еткен дұрыс. Бұл өңірдің жаңа тынысын ашады.

Облыс басшысы Қырымбек Көшербаевтың қолға алып жүрген үлкен мәселесі «САРАТС» жобасының екінші кезеңін іске асыру екені белгілі. Бұл жоба іске асқанда Аралда балық шаруашылығы мұнан да өрлей түседі. Ол кезеңде жылына 30 мың тонна балық ауланатын мүмкіндік туындап, халықтың несібесі молаймақшы. Солай болғай.

Әділбек ӘЙІМБЕТОВ,
«Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС балық зауыты бас директорының кеңесшісі.

● ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБА

«СӘТТІ ҚАДАМ» СӘТІМЕН ЖАЛҒАСУДА

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы ғимаратында «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Абылайхан Сабанбаев баспасөз мәслихатын өткізіп, журналистерге «Сәтті қадам» партиялық жобасының іске асырылуы жөнінде әңгімеледі.

А.Сабанбаевтың айтуынша, «Сәтті қадам» жобасы аймақта үшінші рет жүзеге асырылып отыр. Жобаның мақсаты – жас мамандарды, жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері қатарындағы жетім балалар мен мектеп бітірушілерді еңбекке әлеуметтендіру. Бұл орайда жұмыс берушілер, жергілікті уәкілетті органдар мен «Жас Отан» жастар қанатының филиалы арасында шарт жасасу арқылы мемлекеттік және бизнес құрылымдарды жұмылдырып, көрсетілген мақсатты топтардың өкілдерін тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілген.

Жоба үш бағыттан тұрады. Бірінші бағыты – жоғары және орта арнаулы оқу орындарының түлектерін мемлекеттік мекемелер мен компанияларда үш ай мерзімде тегін іс-тәжірибеден өткізу. Яғни, бұған кез келген жоғары және орта арнаулы оқу орнын бітірген жас қатыса алады. Егер сол жастар 3 ай мерзімде өздерін көрсете алса, сол жерге жұмысқа қалуға мүмкіндігі бар. Екінші бағыт жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітірген ата-ана қамқорлығынсыз қалған түлектерге арналған. Биылғы жылы облыс бойынша жоғары оқу орнын бітірген 22 тұл жетім болса, техникалық және кәсіптік-техникалық білім беретін мекемелерді тәмамдайтын 51 жетім бала бар. Алдағы уақытта «Жас Отан» жастар қанатының қолдауымен осы жастарды тұрғылықты мекен-жайы бойынша тұрақты жұмыспен қамту көзделген. Өткен жылы облыста 62 ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студент оқу орнын бітірген. Оның 23-і тұрақты жұмыспен қамтылса, 9 бала әскер қатарына шақырылған, 17 қыз тұрмысқа шығуына байланысты үй қараушысы ретінде тұрса, 13 бала жоғары оқу орындарына түскен.

Үшінші бағыт биылғы мектеп бітірушілері арасында ҰБТ-дан шекті балды жинай алмай қалған түлектерге арналады. Яғни, ҰБТ-дан шекті балды жинай алмай, оқуға түсе алмаған жастар далада қалмай, бос жүрмес үшін «Жас Отан» жастар қанаты олармен тығыз байланыс жасап, жұмыс жасайтын болады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

● СЕМИНАР

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ – ИГІЛІКТІ БАСТАМА

Кеше №4 облыстық дарынды балалар мектеп-интернатында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұйымдастыруымен «Инновациялық білім беру технологияларының педагогтің кәсіби өсуіндегі рөлі» тақырыбында облыстық семинар өтті. Жиынның ашылу салтанатында сөз алған «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ басқарма төрайымы Гүлнас Ахметова семинардың маңыздылығына тоқталып, аталған АҚ облыстық филиалының осыған дейінгі атқарған қызметін жоғары бағалады.

– Бүгінгі ұстаздар қауымы басқосуының негізгі мақсаты білім ошақтарындағы оқу сапасын жақсарту болып табылады. Жалпы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-ның елімізде 17 филиалы жұмыс жасаса, соның бірі – Сыр өңірінде. Шараның Қызылорда облысында ұйымдастырылуының да маңызы жоғары. Себебі, біз осыған дейін үздік қызмет атқарған филиалдар орналасқан бірнеше аймақта бас қосқан болатынбыз. Биыл Бауыржан Елеусінов басқаратын әріптестеріміз жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Жиынға тек мектеп мұғалімдері ғана емес, колледж ұстаздары мен балабақша тәлімгерлері де қатысып, тәжірибе жинауда. Қазір заман талабына сай оқушыларға білім берудің, олардың шығармашылығын арттырып ынталандырудың маңызы зор. Осының барлығы тек ұстазға байланысты. Сондықтан бүгінгі басқосуда озық тәрбиенің тиімділігіне ерекше назар аударамыз, – деді Гүлнас Ахметова.

Басқарма төрайымы облыста соңғы жылдары білім сапасының жақсарғанын тілге тиек етіп, бірнеше ауысымдық мектептер мәселесінің өз шешімін тапқанына ризашылығын білдірді. Ал ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бахтиярұлы білімді ұрпақтың Мәңгілік Ел болудағы маңызды рөліне тоқталды.

– Елбасымыз тәуелсіздік алған жылдардан бері аталған салаға ерекше назар аударып келеді. Мемлекетімізде ширек ғасыр ішінде 1600-ге жуық жаңа мектеп бой көтерген. Біздің ішкі жалпы өніміміздің 3,7 пайызы тек осы салаға бөлініп отыр. Білім ошақтарының тек жақсы жағын айта берсек те, онымен мектептер мәселесі шешілмейді. Ең өзекті мәселердің бірі ұстаздардың дайындығына байланысты. Елімізде 7200-ге жуық орта мектеп болса, осы білім ошақтарына 63 ЖОО педагог кадрлар дайындайды. Оның 40-ы – жеке оқу орындары. Мектептердегі мұғалімдеріміздің 80 пайызға жуығы өз қаражатымен тәжірибе жинаған. Сондықтан, ұстаздық қызметке көбіне ҰБТ-дан төмен балл алған азаматтар келуде. Екінші мәселе елімізде 300 мыңға жуық мұғалім жұмыс жасаса, олардың 81 пайызы азаматшалар да, 19 пайызы ғана ер азаматтар. Мұғалімдік салаға ер азаматтарды ынталандыру мәселесі осыған дейін де айтылды. Шағын мектептер мәселесі де үлкен проблемалар қатарына жатады. Мұндай білім ошақтары СҚО мен ШҚО-да өте көп. Бір мұғалім 1-ші сыныптан 4-ші сыныпқа дейін сабақ беретін жерлерде білім деңгейі төмен болмақ, – деді М.Бахтиярұлы.

Басқосуда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы деңгейлік бағдарламалардың рөлі, балаларды ерте жастан дамытудағы Монтессори технологиясын және бастауыш сыныптарда жаңартылған білім беру бағдарламасын енгізу жайы айтылды. Сондай-ақ, мұғалімдер осы бағытта тәжірибе алмасып, сапалық көрсеткіштерді арттырудағы әдістемелік материалдармен танысты. Семинарда жаңартылған білім беру мазмұны аясында ағылшын тілін оқыту, үштілділік білім берудегі білім-инновация мектептерінің іс-тәжірибесі талқыланды. Семинарда «Оқыту процесіне SMART технологияны қолдану жолдары» тақырыбында жасалған баяндамадан қатысушылар құнды мәліметтер алғанын жеткізді. Дуальды оқыту мен ЖОО-да интербелсенді оқыту әдістемелерін қолдану жайы да жиында кеңінен айтылды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры Бауыржан Елеусіновтың айтуынша, орта мектеп пәндері бойынша биыл аймақта 3125 ұстаз жаңартылған мазмұндағы курстардан өтеді. Мұндай педагогтардың біліктілігін арттырудағы игілікті шаралар білім сапасының жақсаруына өз ықпалын тигізері сөзсіз. Былтыр нәтижелі жұмыс жасаған ұлттық орталықтың аймақтық филиалы ағымдағы жылы да ілкімді істерді жүзеге асыруға белсене атсалыспақ.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

● АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТЫҚ ТОП

МӘНІ ЗОР МӘМС ЖҮЙЕСІ

Қазалы ауданында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің негізгі қағидаларын түсіндіру шаралары жүргізілуде. Бұл тұрғыда арнайы құрылған ақпараттандыру жұмысы комиссиясының ақпараттық тобы қала, кент, ауылдық округтерді аралауда.

Құрамында облыстық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы С.Байкенжеев, облыстық психоневрологиялық ауруханаының бас дәрігері А.Медетбаев, Қызылорда қаласының №5 емханасының бас дәрігері С.Рысалдиев, наркология орталығының бас дәрігері Г.Нысанова, Қазалы аудандық ауруханасының бас дәрігері К.Әбілов, аудандық емханаңың бас дәрігері Ғ.Баймаханов, тағы басқалар бар ақпараттық топ мүшелері тұрғындармен жүздесуде.

Жиында Елбасы Жолдауының басым бағыттары, оның ішінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізудің артықшылықтары түсіндірілді. Ақпараттық топ мүшелері сақтандыру жүйесінің мақсаты мен мәні туралы айтып, қатысушылардың сауалдарына жауап берді.

Еліміздегі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ұлт Жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадамының» 80-қадамына байланысты және Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында енгізіліп отыр. Медициналық сақтандыру – халықтың денсаулығын қорғау жүйесі болып табылатыны белгілі.

Кестеге сәйкес аудандағы түсіндірме жұмыстары жалғасуда. Нақты кезеңде өткен 24 кездесуге 16273 тұрғын қатысып, 14000 брошюра таратылды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазіргі қойылып отырған талапқа сай Жаңақорған ауданында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды түсіндіру жұмыстарына байланысты 16-17 мамыр күндері аудандағы барлық 25 ауылдық округ бойынша 3 бағытта түсіндіру жиындары өткізілді. «Түсіндіру жиындарына 4015 тұрғын қамтылып, 3600 буклет таратылды» – деп хабарлайды аудан әкімдігі.

Міндетті медициналық сақтандыруды елге түсіндіру жұмыстарына жауапты мамандар тартылып, олар бұл жұмысты ойдағыдай атқарып шықты. Ақпараттық топ мүшелері құрамында №1 қалалық емхананың бас дәрігері Р.Сералиева, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары М.Алмаханова, Қан құю орталығы директорының орынбасары С.Үсейінов, Жаңақорған аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері С.Ысқақов және басқа да ұйымдардың мамандары қатысты.

Кездесулерде МӘМС-тің міндеті мен мақсаты туралы айтылып, оны қолдану ерекшеліктері түсіндірілді. Сондай-ақ, МӘМС-тің үш негізгі қағидасы қандай, бұл туралы да ақпараттық топ мүшелері толықтай түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, міндеттілік, әлеуметтік әділдік және ниеттестік тұрғыда өрбуі тиіс.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

ЖАТ АҒЫМНЫҢ ЖЕТЕГІ

Бейсенбіде Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында «Қазіргі қоғамның руханиөнегелік жаңғыруындағы қыз баланың орны» тақырыбында семинар-тренинг болды.

Оны облыстық ішкі саясат басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығы мешіттерде дәріс алушы әйел жамағатына, оқу орындарының студенттері мен қыздар клубтарының жетекшілеріне арнап ұйымдастырды. Шараға ҚМДБ-ның әйелдер және қыздар бөлімі секторының меңгерушісі, «Әзірет Сұлтан» мешітінің ұстазы Ақбөбе Тілегенова, Астана қалалық дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының бөлім басшысы, психолог Лимана Қойшиева арнайы қатысты. Олар діни экстремизмнің алдын алу, жат идеологияның иіріміне түскендерді оңалту кезінде әйелдер аудиториясымен жұмыстың қиындығына үңілді.

– Бұрын жат ағымның ықпалына діни білімі жоқ, өмірден өз орнын таппаған, әлеуметтік жағдайы төмен адамдар түседі деп санаушы едік. Қазір олай емес. Өзгерді. Бір отбасында үш адам болса, үшеуі үш түрлі діннің басын ұстаған жағдайлар кездеседі. Жас қыздар әлеуметтік желі арқылы жігіттермен танысып, олардың әдемі сөздеріне елітіп, көрмей-білмей шет ел асып кетіп жатыр, – деген психолог тәжірибесінен сыр тарқатты.

Айтуынша, астаналық үлгілі отбасының қызы киімі бүтін, тамағы тоқ болса да, осылай алданып қалған. Интернет арқылы танысқан ханзадасының ертегісіне мастанып, анасына «тіс дәрігеріне барам» деп өтірік айтып, шекара асқан. Сөйтсе, әлгі сабазың барып тұрған суайт көрінеді. Қыз қайда барғанын, қайда тұрып жатқанын да білмейді. Әйтеуір, лас-салақ жер. Жайлылыққа, баршылыққа үйреніп қалған қыздың өкініші, әке-шешені зар еңіретіп қойғаны шектен тыс романтик, қиял әлемінен шыға алмай жүрген құрбыларына сабақ.

Қазақстандық зерттеуші, психолог Лола Шакимова еліміздегі лаңкестік әрекетке немесе оны ұйымдастыруға қатысқандардың өмірін зерттей отырып, олардың әлеуметтік-психологиялық мінездемесін жасапты. Радикалды идеологияға көбіне психологиялық соққы алғандар, бас сүйегі жарақаттанғандар, түрмеде болғандар, арақұмарлар, құмар ойынның қызығына түскендер, толық емес отбасынан шыққандар мен есірткіге тәуелділер ілігеді екен. Лаңкестік идеологияға бой ұрғандардың 52 пайызының тұрақты жұмысы жоқ, 52 пайызы – үй-күйсіз, 38 пайызының тұрмыс деңгейі төмен. Келеңсіз құбылыс кейіпкерлерінің дені – жастар. Ал адамдар жалындап тұрған шағында барлық нәрседе, соның ішінде рухани ізденістерде максимализмге бейім. Аңсар-мұраты қалыпты тіршіліктен жоғары, ерлік жасауға құштар, өзгерістерге құлшынысы мол, үлкендерге қарағанда бос уақытын қызықты өткізгісі келеді. Жоғарыдағы жағдай – соның мысалы. «Аспандағы айды әперем» дегенге сенгендік. Бірақ ай жалғыз, күн де жалғыз.

Семинар-тренингте облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ербол Рүстемов, дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Бақытжан Камалов, орталықтың бөлім басшысы Жадыра Жүсіп қоғамдық рухани құндылықтарды қалыптастырудағы қыз баланың рөліне тоқталды.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

«Сыншы – қалың оқырманның өскелең талабы мен талғамының жаршысы, әдеби құбылысты жалпымемлекеттік мүдде тұрғысынан пайымдайтын қоғамдық ой-пікірдің өзгын өкілі» (З.Қабдолов. «Сөз өнері». Алматы-«Өлке», 2014).

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЛҒЫМАЙТЫН САҚШЫСЫ

Сөз өнері мұраларының ұрпақтарға танылған таңдаулы сипатта сұрыпталуында, шеберлікпен жазылуында әдебиет сыншыларының қызметі айрықша маңыздылығымен ерекшеленеді. Біз қазақ әдебиетінің ежелгі тарихындағы Әбунәсір әл-Фарабиден сабақтанып, бүгінгі күндерге дейін жеткен көркем әдебиет сыншылдығының шығармашылық дәстүрлі жолы бар екендігін айта аламыз.

Қазіргі қазақ әдеби сыны саласындағы көрнекті қаламгер Бақыт Сарбалаұлының әдебиетшілік-шығармашылық тұлғасында өзіндік сымбатын айқындайтын ерекшеліктері сараланып көрінеді. Біріншісі – әдебиеттің эпостық, лирикалық, драмалық тектеріне қатысты жанрлардың барлығына да теориялық сауатты, терең ойлы талдаулар жасайтын біліктілігі, оқымысты ғалым тұғырындағы ғылыми-теориялық жан-жақты, терең білімпаздығы. Бұл арада сөз өнерін танытқыш ғылымның әдебиеттің теориясы, тарихы, сыны атты тараулардан құралатын жүйесіндегі қағидалардың аясында ұлттық және әлемдік әдебиет шығармаларын сабақтастыра бағалайтын поэтикалық заңдылықтар сыншының бұлжымас ұстанымы болып келеді. Көркем әдебиет жанрларын талдаумен бірге ол кейде қазақтың көркем әдебиет сынының қазіргі заманғы (XX ғ. екінші жартысы мен XXI ғ. басы) бірнеше толқын буыны, сыншылары хақында да ой толғайды. Яғни, өзі жастайынан ортасында келе жатқан сыншылар жасағы еңбектерінің үнемі алдаспандай жарқылдаған өткірлігінің мұқалмауын назардан қалдырмайды. Екіншісі – қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы күресіндегі күретамыр арна – қазақ тілі колданысы мемлекеттік мәңгілік мәртебесінің жүзеге асуы, нығаюы туралы көсемсөздік толғаныстарын үздіксіз жариялап келе жатқаны. Үшіншісі – әдебиеттегі жолын өлең жазумен бастаған оның ақындығы сонда да сақталуы, әдебиет алыптары туралы жазған көркем кестелі тілді естелік-эсселерінің молдығы. Төртіншісі – «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш», «Қазақстан мұғалімі» секілді басылымдарда және біраз жыл өзі бас редактор болған халықаралық «Қазақ Елі» газетіндегі, тәуелсіз еліміздің жаңа әдеби үдерісін бағалайтын «Сын» журналындағы журналистік қызметінің Отан тарихындағы маңыздылығы. Жинақтап айтқанда, біз әңгімелеп отырған қаламгер Бақыт Сарбалаұлы – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті әдебиет сыншысы, қазақ ұлттық ділін, тілін насихаттаушы, қорғаушы күрескер, қайраткер-көсемсөзші (публицист), қазақ баспасөзін дамытушы, ұйымдастырушы ретінде танымал тұлға.

Сыншы-әдебиетші Б.Сарбалаұлы өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап осы күндерге дейін халқымен сырласып келеді. Әдебиет сыншысының сырласуы дегеніміз – көркем әдебиетіміздің жетістіктері мен олқылықтары туралы оқырмандарымен өзіндік ойларын бөлісуі. Туған әдебиетінің тағдыры толғандырған қаламгер атаулының ойлы мақалаларының баспасөз беттерінде тұрақты жариялануы – оқырман үшін аса қажетті құбылыс. Бірақ әрбір қаламгердің өзіндік ініне, сөз мәнеріне, халықтың рухани сұранысына орай жазылған туындыларына әділ сарапшылық жасау оңай емес. Әдебиет сыншысы – халық эстетикасының қуатын танытатын әділ сарапшы. Осындай биік талаптар үдесінен көрініп, әдебиеттің ақ туын көтерген сыншыларды дүниежүзілік әдебиет тарихының көркем айшықты сәулетті, сұлу жиһаздарын жасаған сөз зергерлерінің ұстаз-кеңесшілері, адал би-ақылшылары дер едік.

Талантты сыншы Бақыт Сарбалаұлы – тағылымды, ұлағатты дәстүрі осындай өте жауапты сыншылық жолда келе жатқан қаламгер. Оның осы уақытқа дейін жарияланған «Қызыл алма» (1981), «Ақиқат алдында» (1985), «Бейімбет Майлин» (1989), «Өткірдің жүзі» (1992), «Ілияс Жансүгіров» (1992), «Жиырма бес: әдеби эссе, сын мақалалар» (2008, Т.1), «Бес мүшел: әдеби эссе, сын мақалалар» (2008, Т.2) атты кітаптары қазақ әдебиет сыны тарихының мәнді, маңызды дүниелері қатарында оқырмандардың көңілдерінен берік орын тапты. Адам атты тіршілік иесі жандүниесінің сәулеленуі, бүкіл іс-әрекеттерінің жүзеге асуы Жаратушы Алланың құдіретімен болатынын ұмытпау – мәңгілік құбылланамамыз. Сыншы кітаптарындағы хакім Абай дәстүріндегі қара қылды қақ жара айтылған жүрекжарды сырларға куә боласың. Кемеңгер хакім Абай – адамтану әлемінің ұлы сыншысы.

Қазақтың ұлттық, халықтық келбетін, мәдени-әдеби мұраларын, қазіргі шығармашылық ортаны әңгімелегенде осы хакім Абай атамыз ұстанған халық даналығы «Тура биде туған жоқ» бағытынан айнымау – асыл мақсат. Міне, сыншы Б.Сарбалаұлының аталған кітаптарында осы хакім Абай бағытынан айнымай, туған әдебиетіміздің көркемдік келбетін құрайтын шығармалар туралы алуан пікірлерін ортаға салған. Мысалы, «Өткірдің жүзі» кітабындағы талдауларының маңыздылығы айрықша назар аудартады. Кітаптың «Асыл мен арзанның арасында», «Көңіл мұраты, қалам қуаты» атты екі бөліміндегі талдауларға арқау болған шығармалардың жанрлық түр ерекшеліктеріне қарай бірнеше саларға бөлуге болады. Яғни, поэзия, проза, әдеби сын атты үлкен үш саланың ауқымындағы ойлардың ортақ анасы – біреу. Ол ұлт әдебиетінің әлемдік көркемдік биіктерге жетуіне көмектесу, жылата айтатын достық ниеттен туған өнерсүйгіш шынайы көңіл лебізін білдіру. Автор жекелеген мақалаларын қазіргі қазақ поэзиясының, прозасының әдебиет сынының тұтас даму мазмұнын талдауға арнайды. Сонымен қатар, қазіргі қазақ поэзиясының, көркем прозасының әдебиет сынының көркемдік тұлғаларының шығармашылық портреттерін де жекежеке мақалаларымен бедерлеген.

Осы кітаптағы «Жақсы деген немене, жаман деген немене?», «Тас бұлақтың суындай» атты мақалалардың қазақ поэзиясындағы бүгінгі шығармашылық хал-ахуалдың тақырыптық, көркемдік тынысын айқындауға құрылғанын аңғарамыз. Бірінші мақалада аға буынмен кейінгі толқын өкілдерінің әртүрлі жинақтардағы жекелеген өлеңдерінің өте нашар екендігін мәтіндік мысалдар келтіре отырып талдады. Сыншы осындай талдауларында аға буынның жасына, сақалына қарамайды. Кейінгі толқынның «сиынғанынан сүйенері мықты» ызғарынан ықпайды. Бәрінің де өлеңдерінің көркемдік деңгейлері туралы шынайы бағасын береді. Дәлелді талдауларының түйіні боларлық әділдік самалы ескен қорытындылары ұлттық әдебиетіміздің тағдырына жаны ашитын зерделі оқырмандардың көкіректеріне, жан дүниесіне парасат шуағының жылуын жеткізеріне күмән жоқ.

Сыншы қазіргі қазақ поэзиясында тұрақты қалыптасып үлгерген «құла тасқын: өрнексіз өлеңдер, дәмсіз дастандар – «ескі» кітаптар қомақты «басты арна екендігіне» аға буын мен орта, кейінгі буын ақындар ортасынан нақты мысалдар мен дәлелдер келтіріп, талдап көрсетеді. Әрине, жүргізген ғасырлар белестерінен өткен ұлттық поэзиямыздың қазіргі заманғы уақыт керуеніндегі ажарлы, айшықты бояуларының көзтартарлық үгілері бар екендігіне де оқырмандар назарын аудартады.

Сыншы поэзиялық, прозалық шығармаларды талдау барысында қазіргі оқырмандық ойлау деңгейіне сәйкес шешімдерін, түйіндерін ұсынады. Әдебиет сыншысы – көркем әдебиет дамуы үдерісіндегі дәстүр мен көркемдік жалғастығын жүйелеп жазатын қайраткер, ғалым-қаламгер. Бақыт Сарбалаұлының көптеген мақалалары қазіргі әдеби үдерістегі көрнекті ақын-жазушылары көркем туындыларының эстетикалық табиғатын нақты мәтіндік сараптаулармен ерекшеленеді. Н.Ғабдуллиннің «Жігер», М.Әбдіхалықовтың «Сүйіркара», С.Досановтың «Өткен күде белгі бар», Қ.Исабаевтың «Өрде» романдарына арналған сыншыл пікірлері шынайылығымен баурайды. «Өлең өресі неге өспейді?» мақаласында бірқатар ақындардың (Тоқаш Бердияров, Өтежан Нұрғалиев, Тұрсынзада Есімжанов) поэзиясындағы көркемдік-эстетикалық талапқа сай ерекшеліктерін бағалай келе, өрескел кемшіліктерді (реалистік сипаттың әлсіздігі, таптаурын тақырыпты шабытсыз баяндау, түсініксіз баламаларды, сөз тіркестерін қолдану, бұрынғы айтқандарды қайталау, т.б.) мәтіндік талдаулармен атап көрсеткен.

Қазіргі қазақ прозасындағы көрнекті қаламгердің туындыларына да жіті сараптаулар жасаған. «Шындық. Шешім. Шеберлік» мақаласында Қ.Найманбаевтың «Бастау» повесінің, М.Мағауиннің «Әйел махаббаты» әңгімесінің, «Тазының өлімі» повесінің, О.Бөкеевтің «Қамшыгер», «Бура», «Үйқым келмейді», «Сарыарқаның жаңбыры», «Терісаққан» әңгімелерінің, «Үркер» повесінің романтикалық-психологиялық сарынды поэтикалық мағыналы көркемдік сипатын дәл танып бағалаған. Т.Нұрмағамбетовтың «Қауын иісі» жинағындағы «Құдаша», «Перзент», «Әже», «Мазасыз түн», «Менің інілерім» әңгімелеріндегі ауыл тұрмысын әлеуметтік-психологиялық суреттеу тұрғысындағы поэтикалық ерекшеліктерге баға берген.

Сыншының қазақ поэзиясына арналған «Жыр. Жауапкершілік жұмыс» мақаласында көрнекті ақындарымыздың (Ж.Нәжімеденовтің «Дастарқан», «Қара кісі», «Домбыра», «Үлкен кісі», т.б. баллада, толғаулары, А.Бақтыгереевaның «Қуанышым, іңкәрім», Ө.Нұрғалиевтің «Кемпірқосақ», М.Құрманалин, Ж.Нұрханов жинақтары) көркемдік жетістіктері мен кемшіліктері әділ талданып көрсетілген. Ал «Бес соқпақ...» мақаласында автор жастар мен балаларға арналған үздік шығармалардың республикалық жабық конкурсында бәйге алған М.Қабанбаевтың «Пысық болдым, мінеки», Н.Дәутаевтің «Тасқара», Ж.Дәуренбековтің «Күн ұясы» повестерінің тақырыптық-идеялық мазмұнын, сюжеттік тартыс, көзқарастар қайшылықтарының өрлеуін, тілдік-стильдік мәселелерді нақты түрде қарастырады. Авторлардың бастауыш сыныптар жасындағы жеткіншектерге арнап жазған көркем шығармаларының адамгершілік тәрбиесін берудегі қуатты ықпалы бар екендігін аңғарамыз. Сыншы аталған қаламгерлердің шығармаларындағы жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне сәйкес жазылған сәтті, тартымды сипаттарын білікті бағалайды.

Сыншы қаламгер Б.Сарбалаұлы шығармаларының бір арнасы – қазіргі қазақ сөз өнеріндегі көркем әдебиет сынының даму мәселелеріне арналған мақалалары. Оның «Өткірдің жүзі» атты кітабындағы «Сын бар да, сынсымақ бар...», «Бетбұрыс қашан болады?», «Жиырма бес» кітабындағы «Сын туралы сөз», «Ақиқаттың алдында», «Сындария сырқырайды», «Ғашық сыншының ғанибет сырлары», «Бес мүшел» кітабындағы «Сұлу сын салтанаты», «Кенен қаламгер, кемел қайраткер», «Сөз патшалығының сардары», «Сын шын болсын, шын сын болсын» атты көлемді мақалалары – қазақтың көркем әдебиет сынының теориялық қисынды, бағалау пайымдау пікірлерінің дәлелді жақтарынан өскендігінің көрінісі. Сыншы біліктілігінің, шығармашылық мәдениет ұстанымының үлгілі көрсеткіші – алдында өткен ұстаз-аға буынның сөз арқауына қатысты уәжді пікірлеріне сүйену.

Сыншының әдеби даму орайында қаламгерлер жазған сын мақалалар, кітаптар туралы пікір айтуы – дәстүрлі жағдай. Дегенмен, нағыз сыншы өзі ортасында жүрген шығармашылық тұлғалардың тыныс-тіршілігін, даму ерекшелігін жіті қадағалаған ойларын ортаға салды. Нақтылап айтқанда, Бақыт өзімен замандас Т.Шапаевтың, Ж.Ермановтың, Т.Жұртбаевтың Т.Бейіскұловтың, С.Әшімбаевтың, Ғ.Есімовтің, Ш.Елеукеновтің, Б.Дәрімбетовтің, Қ. Ергөбектің және т.б. қаламгерлердің әдеби-сын мақалалардың теориялық және практикалық тұрғыдағы жақсы жақтары мен шикіліктерін тап басып көрсеткен. Оқырмандарды сүйсінтетін шындық – Бақыт Сарбалаұлының өзімен замандас, әріптес сыншылдардың еңбектеріне пікір айту барысында өзіне де тән кемшіліктерді мойындайтыны, олардың қандай кемшіліктер екенін де атап көрсететіні. Туған әдебиетімізге қосылып жатқан көркем шығармалардың, әдеби сұхбаттардың, мақалалардың, рецензиялардың оңды жақтарын, басты кемшіліктерін өткір сынайды. Бұл – ұлттық мәдениеттің өркениеттік деңгейде дамуын бойлаған өрелі ойлаудың көрсеткіші. Қаламгердің поэзия, проза, әдеби сын салаларында өнімді еңбек еткен жеке тұлғалардың шығармашылық келбеттері (портреттері) түрінде жазылған мақалалары да мол. Әдеби процесс – жекелеген ірі шығармашылық тұлғалардың еңбектерінен түзілетін сөз өнерінің әлемі. Қазақ сөз өнерінің қазіргі заманғы дүниежүзілік, халықаралық дәрежеде кеңінен танылуына жол ашылып жатқанда жанымызда жүрген жіті тануымызға жетелейді.

Сыншы қаламгер қазақ әдебиетінің классикалық мұралары мен қазіргі әдеби үдерісті сабақтастыра талдауды берік ұстанып келеді. Оның қазіргі қазақ әдебиеті сынының, өнер кеңістігіндегі әріптестерінің біразына өзіндік бағалауларын жасай отырып, көрнекті қаламгерлердің жақсылығына сүйіне, олқылықтарына күйіне білетіндігін көрсетуге күш салғандығын аңғарамыз.

Бақыт Сарбалаұлы – әдебиетшісыншы қаламгер тұрғысындағы шығармашылық қайратымен қатар, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебедегі қолданысының толық жүзеге асуы, мәңгілікке мойындаулы жолында күресіп жүрген қайраткеріміздің бірі. Әуелде республикалық, қазіргі уақытта халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының қалыптасуы, нығаюы үшін Бақыттың бел шеше жұмыс істегені жұртшылыққа мәлім. Ал, көп жылдардан бері қалам қуатымен дүниежүзі қазақтарының тағдырына араласып, олардың Атажұрт – Қазақстанмен біртұтастығын қамтамасыз етуге арналған «Қазақ Елі» газетінің бас редакторы қызметі ақылы да тәуелсіз Отан тарихының көрнекті қайраткері екендігін айта аламыз. Бақыт Сарбалаұлы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары сынды қоғамдық қызметі аясында да туған әдебиетіміздің көркемдік деңгейі биік болуына да атсалысып, тура билік сыншылық жолынан айнымай келеді. Ол 2005 жылы 26 желтоқсан күні Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде өткен «Қазіргі кезең әдебиеті көркем тіл мәселесі» деген тақырыптағы конференцияда баяндама жасап, қазақ поэзиясының қазіргі сипатына баға берді. Қазақ поэзиясының көрнекті тұлғалары Қадыр Мырза-Әлінің, Тұманбай Молдағалиевтің, Нұрлан Оразалиннің, Иранбек Оразбаевтың, Темірхан Медетбековтің, Серік Қапшықпайдың, Есенбай Дүйсенбаевтың, Есенғали Рушановтың, Жәркен Бөдештің, Қасымхан Бегмановтың, Маралтай Райымбекұлының, Гүлнәр Шәмшиеваның, Төлеген Қажыбаевтың қазіргі әдебиетіміз дамуындағы үлестері мен үрдістеріне нақты тоқталып, ақиқатты айтты.

Сыншы «кейінгі 10-15 жылда әдебиет әлемімізге басынып кірген, табалдырығын теуіп, есігін қатты ашып, қаптай кірген құла тасқын» қазақ жырының денсаулығын бұзып қана қоймай, жалпы қазақ тілінің өміріне қатер төнірегінде екенін атап көрсетіп, ақша үстемдік еткен қазіргі заманның киелі өнерге, ана тілімізге әкелген зардаптарын ашына толғады. Сыншының ұлт мәдениетінің шынайы жоқшысы, күрескер қайраткері тұрғысында толғаған осы шыншыл баяндамасындағы сыншыл пікірлердің кейбіреуін қайталап оқып, жұртшылық назарына үнемі ұсына бергін келеді:

1. «Әңгіме – әдебиетте шағын болса да қайталанбас өз орның, өз әлемің болуында. Өнерге Қаратау, Ұлытаулар да керек. Тіпті әдебиетте шын төбе бола білсең, ол да ғанибет».

2. «Мен өз басым батыстың әдейі өрелі өлшем, қастерлі өнеге қалдырмайтын кейде басты-аяқ, аяқты бас деп қабылдауға қақпайлайтын былшылбайларын өнер деп те, өмір деп те білген емеспін... Басқа салаларды қайдам, сөз өнеріне келгенде, әлемге бір үлгі – қазақ жыры».

3. «Өлең деген әуелі көркем тіл. Ал көркемдік қашанда келісім, сұлулық».

4. «Үкіметтің елді бұрынғыша басқарам деуі, қайраткерді емес, қалталыны алға қоюы, мәдениетті – бірінші, экономиканы – екінші орынға қоймауы қателік!».

5. «Ал, сөзі теңелмеген елдің өзі ешқашан теңелмейді. Абайды аңғармайтын адамның, мемлекеттік тілді білмейтін адамның – қазақ елінде мемлекеттік қызмет атқаруы, ел басқаруы – енді масқара! Біз енді мұны түзеуді Президенттен де, Үкіметтен де, Парламенттен де тілеп, сұрауымыз керек. 14 жыл өтіндік, тіледік, жетер! Талап етуіміз керек!».

6. «... Үлкен мемлекетке үлкен әдебиет қажет, ұлық ұлтқа Ұлы сөз қажет. Олай болса, біз жоғарыдағылардың Абай алдында, Ана тіл алдында бас иоіне қол жеткізуіміз қажет. Бұл – бір. Екіншіден, әдебиетті түзетуге, тазартуға кірісуіміз керек». («Әдебиет айдыны», №46 (46), 29.12.2005 ж).

Туған әдебиетіміздің, ана тіліміздің, жалпы қазақ ұлтының әлемдегі ең озық өркениеттік дамудың үздік үлгілерімен иықтаса тұруы үшін тер төгіп жүрген көрнекті әдебиет сыншысының, қазақ тілі байлығын сақтау, мемлекеттік қолданыс деңгейінде дамыту жолындағы күрескердің азаматтық тұлғасын, әрине, халқы әділ бағалайды. Оның көрнекті еңбектерінің бірі «Өткірдің жүзі» кітабындағы Бәкеңнің мына бір пікірін сыншы-қайраткердің өзінің және осы саладағы әріптестерінің әрқашан әлеуметтік-эстетикалық ұстанымы ретінде қабылдаса артық емес:

«Сын деген – әдебиеттің шекарасы. Сырттан атылған оқ та, іштен атылған оқ та алдымен соған тиеді. Ал, сыншы дегеніміз – сол әдебиет шекарасының сақшысы. Демек, оған қалғуға болмайды. Бір ғажабы, оған постыдан кетуге де болмайды. Себебі, оны ешкім алмастыра алмайды. Демек, сыншы дегеніміз – сирек талант болумен қатар қоғамдық күрескер. Әдебиеттегі бірінші күрескер». Ал, «Бес мүшел» кітабындағы «Сын деген сүйіспеншілік...» мақаласындағы (316-б.) тұжырымдары да шынайы айтылған: «Сыншы таланты – сирек талант. ...Жақсылыққа жазушының өзіндей қуана білу, жаманшылыққа жазушының өзіндей ренжи білу шарт. ...Солақай, сауатсыз, сыңаржақ сыншы – әдебиеттің соры да, әділ, адал, жанашыр, білікті сыншы – әдебиеттің бағы». Шынында да, қазақ әдебиеті мен қазақ тілінің күрескері, бағы болудан артық абырой бар ма?!

Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, көрнекті әдебиет сыншысы Бақыт Сарбалаұлының қоғамдық-әлеуметтік және шығармашылық қызметінен ұлтымыздың мәңгі өсіп-өркендеуі жолына өмірлерін арнаған Алаш қайраткерлері жолының жалғасын көреміз.

Лайым, осы жалғастық үзілмегей!

● 21 МАМЫР – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

МӘДЕНИЕТІ ЖОҒАРЫ ЕЛДІҢ РУХЫ БИІК

«Мәдениет қазіргі заманғы адамды қалыптастыру мен дамытуға ықпал ететін әлеуметтік жаңғырудың маңызды бөлігі болып табылады». Елбасы Н.Назарбаевтың осынау түйінді сөзі мәдениет саласы қызметкерлеріне ауқымды міндеттер жүктейтіні сөзсіз. Төл өнеріміз бен мәдениетіміздің өркендеуіне, бабаларымыздан мұра болған асыл қазынамызды өскелең ұрпаққа жеткізу жолында мәдениет саласы қызметкерлерінің еңбегі ұшан-теңіз. Осы орайда Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жариялады. Мақаланың басым бөлігінде мәдениет саласына деген ерекше көңіл бөлінген. Сондықтан бүгінгі әңгіме ауданымыздағы мәдениет саласынының тыныс-тіршілігіне бағытталмақ.

Бүгінгі таңда аудандағы мәдениет үйлері мен клубтар жанынан ән, би, драма, домбыра, терме, көркемсөз оқу, т.б үйірмелері тұрақты түрде жұмыс жасайды. Мәселен, «Қорқыт ата» атындағы аудандық балалар музыка мектебі жанынан құрылған «Тұран» балалар хор ұжымы, вокалды аспаптар, домбырашылар, «Назқоңыр» қыздар вокалды тобы, аудандық оқушылар үйі жанындағы «Қыз Жібек» бишілер тобы мен жас өнерпаздар тобы, Басықара ауылындағы №182 мектеп жанындағы хор ұжымы, Қожабақы ауылындағы №25 мектеп жанындағы «Жұлдыз», «Балауса» бишілер тобы аудандық деңгейдегі салтанатты шараларға қатысып жүрген өнер ұжымдары.

Сонымен қатар, мәдениет саласы бойынша осы уақытқа дейін аудандық мәдениет орталығы жанындағы халық театры, құрамы негізінен Әуез мектебінен жасақталған «Мырза» атындағы халық оркестрі, «Қорқыт сазы» фольклорлық халық ансамблі, Жанқожа батыр ауылдық мәдениет үйі жанындағы халық театры, тұрақты түрде жұмыс жасап келеді. 2016 жылы «Әуезовтер» жаңұялық ансамблі, «Мелодия» орыс ұлт аспаптары ансамблі, Әйтеке би кенттік клубы жанындағы «Атамұра» ардагерлер ансамблі, Қазалы қалалық мәдениет үйі жанындағы театр «халықтық» атақтарын қорғап, жоспарлы түрде жұмыстарын жүргізуде.

Аудандық мәдениет орталығында қобызшы, музыкант Махамбет және Романқұл Әуезовтерді еске алуға арналған «Қастерлеп жүрсін өнерінді ұрпағың» атты облыстық фольклорлық ансамбльдердің байқауы өтті. Қазалы жерінде Мырза, Жалдыбай, Дайрабай сынды күйшілердің ізін жалғаушы, ауданда алғашқы халық оркестрін ұйымдастырушы, дирижер, күйші, қобызшы Махамбет Әуезов және Мырза атындағы халық ұлт-аспаптар оркестрінің дирижері, «Қорқыт сазы» фольклорлық халық ансамблінің өркендеуіне үлес қосқан музыкант Роман Әуезовтың өнерін кейінгі ұрпаққа есте қалдыру байқаудың басты мақсатына айналды. Сонымен қатар, Қорқыт Ата атындағы Қазалы аудандық балалар музыка мектебінің директоры, ҚР Мәдениет қайраткері, композитор Сәукен Әліштің бастамасымен, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен аудандық «Мырза» атындағы халық аспаптары оркестрімен Батыс Қазақстан облыстық «Дәулеткерей» атындағы халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры, Құрмет орденінің иегері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, профессор, өнер зерттеушісі, Мәдениет саласының үздігі, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Еркін Нұрымбетовтың шеберлік алмасу мақсатында «Сыр-Жайықты тел емген» атты концерті өтті.

Осы ретте аудан көлемінде өтетін атаулы күндер мен өзге де мерекелік шаралардың жоғары деңгейде өтуіне зор үлестерін қосып жүрген ұжымдар «Қорқыт ата атындағы аудандық балалар музыка мектебі», аудандық оқушылар үйі, мектеп, балабақша, өзге де мекеме ұжымдарына алғысымыз шексіз.

Бүгінде аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі бойынша 26 кітапхана халыққа рухани қызмет көрсетеді. Қазіргі заманғы кітапхананың негізгі міндеті – қоғамның ақпараттық мәдениетін, кітап оқуға, тілдерге, отандық тарих пен мәдениетке тұрақты қызығушылығын қалыптастыру болып табылады. Осы бағытта «мобильді кітапхана» жобасы іске асырылып, оқырмандар смартфон арқылы әдеби шығармаларды оқу мүмкіндігіне ие болып отыр. Нақты кезеңде барлық ауылдық кітапханалар компьютер жиынтықтарымен қамтамасыз етілді.

Ғ.Мұратбаев мемориалдық музей қорына 467 экспонат жинақталды. Оған келушілерге экскурсия жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Сондай-ақ, аудандық тарихи-өлкетану музейіне қажетті экспонаттар алынып, көрме залдарына экспозициялық жұмыстары жүргізілді.

«ҚР тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында тиісті іс-шаралар жоспары бекітілді. «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңының 21-бап талаптарының орындалуы бойынша аудандық «Қазақ тілі» қоғамы, аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі, аудандық ішкі саясат бөлімі, Әйтеке би кенті әкімдігімен бірлесе отырып, 30-ға жуық кәсіпкерлік нысан иелеріне заң талаптары түсіндірілді. Сондай-ақ, мемлекеттік тіл саясатын насихаттау мақсатында Әйтеке би кенті мен ауылдық округтерде әлеуметтік билбордтар ілінді.

Аудандық ономастикалық жұмысшы топ отырысының 1 отырысы өткізіліп, аудан бойынша 1 нысанға, 1 көпірге, 9 көшеге атау беру туралы облыстық ономастикалық комиссияға ұсыныстар жолданды. Жыл басынан бері мемлекеттік тіл саясатын насихаттауға байланысты баспасөз беттерінде 15 мақала жарық көрсе, аудан әкімдігінің интернет-ресурсы мен басқа да сайттарға 5 мақала жарияланды. Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында түрлі деңгейдегі іс-шаралар өткізілді. Жоспар бойынша үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген жастар арасында орыс тілі білгірлерінің «Ой-сана», «Көп тілді меңгерген ұстаз» атты олимпиадалар мен Абай, Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің аудандық байқаулары өткізіліп, жеңімпаздар облыстық байқаулардың жүлдегерлері болып келеді.

Бүгінде ауданымызда 5 республикалық дәрежедегі, 65 жергілікті санаттағы және 34 алдын ала есепке алынған 104 тарихи-мәдени ескерткіш бар. Барлық ескерткіш теңгерімге алынып, 87-не қорғау тақталары орнатылып, төл құжаттары жасалды. Ескерткіштер аудан, облыс тараптарынан қолдау тауып, тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және табиғат ландшафты аймақтарын белгілеу мен орнату жұмыстары қолға алынды.

Сөз соңында аймақтағы мәдениет саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтай отырып, біздің тұрақты шығармашылық ізденісіміз алдағы уақытта да Қазақстанның ең үздік мәдениеті мен дәстүрлерін сақтау мен дамытуға бағытталатындығына сенімдімін.

Толыбай ЖҮСІПОВ,
Қазалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.

● ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ЖАУЫНГЕР

Менің туған ауылым Ақеспе учаскесі – 1956-1957 жылғы ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру саясаты нәтижесінде Арал ауданына қарасты «Сарбасат», «Үшкөл» және «Ақеспе» ауылдарының негізінде құрылған. Осы ауылдар «Совет» ауылдық кеңесіне қараған екен. «Совет» ауылдық кеңесіне қарасты аталған ауылдардағы шаңырақ саны соғыс жылдары көп те болмаған. Шамамен 100-дей ғана болса керек.

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
тарих ғылымдарының докторы.

Біздің ауылдан майданға 90-ға жуық (18-43 жас арасындағы) ер азаматтар шақырылып, солардың 62-нен қара қағаз келген, хабар-ошарсыз кеткен екен. Ал жеңіспен оралғандар саны көп емес. Біз есімізді біле бастағанда олардың 10-15-і ғана тірі болатын. Олардың майданға барғанын тек 9 мамыр күні ғана білуге болады. Кеуделеріне орден-медальдарын тағып, клубтағы жиналысқа келетін, сый-сияпат алатын. Ал басқа күндері олар ауылдың қарапайым ақсақалдары ғана.

Әлі есімде, 1975 жылы Жеңістің 30 жылдығы бүкіл елдегі сияқты біздің ауылда да керемет есте қаларлықтай атап өтілді. Ауылдағы Сарбасат 8 жылдық мектебінде ардагерлерге Жеңіс күніне орай ерекше құрмет көрсетілді. Жай күндері үйлерінің күнделікті тіршілігімен айналысып жүрген ақсақалдарымыз сол күні ерекше бір тойға баратындай киініп, кеуделеріне марапаттарын тағып, бір топ болып мектеп ауласына енді. Біздер оларды мектеп алдындағы алаңда сапқа тұрып күтіп алып, пионерлік жалынды сәлем бердік. Олардың Жеңіс күніне арналған құттықтауларын тыңдадық. Салтанатты түрде оларды пионерлер қатарына қабылдап, мойындарына қызыл галстук байладық. Оның өзін әр кластағы ең үздік оқитын оқушылар орындады. Біздің үйге көршілес тұратын, әрі туысқан Игіліков Айман деген майдангер ақсақалға галстук байлағаным әлі есімде. Галстук байлау рәсіміне бірнеше күн бойы дайындалдық. Бір оқушылар тақпағын, енді біреулері әндерін қайталап дегендей.

Қазір олардың ешқайсысы арамызда жоқ. Бүгінде ауылдағы мектеп оқушылары жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосқан әкеспелік майдангерлерді білеме екен деген ой мазалайды. Өзіміз көздерін көрген Игіліков Айман, Сатанов Тойман, Кәрібаев Бахтияр (әкемнің ағасы), Қодашев Жаңабай, Кенжалиев Ысқақ, Қарақұлов Қапаш, Нұрпейісов Өмір, Нұрпейісов Манау, Демесінов Кенжеғара, Досжанов Оралбай, Досжанов Жайлаубай және тағы басқа майдангерлер еске түсіп отыр. Жатқан жерлерің жайлы, топырақтарың торқа, жандарың жаннатта болсын, жеңіске үлес қосқан ардагерлер!

Аталған майдангерлер ішінде Қарақұлов Қапаш ағайдың орны бөлектеу болатын. Басқа майдангерлердің жасы сол жылдары 60-70-тен асып, ауылдың нағыз қария-ақсақалдары болса, Қапаш ағайдың болмысы мүлде бөлек еді. Ол қаланың адамы секілді үнемі костюм-шалбар, ақ көйлек, мойынында қара галстукпен жүруші еді. Сақал-мұртын қырынып, үнемі таза, ұқыпты жүретін. Қазір есептеп отырсам, 1923 жылы туған Қапаш ағай 1970 жылдары бар болғаны елудің ішінде екен. Кейбір ауылдың айтқыш-бектері пәленшеден естідім деп соғыс туралы әзіл-қалжыңы аралас небір қызықты әңгімелерді айтып отыратыны есімізде. Танкімен ұшу, самолетпен бұлтқа қону, тіпті маршалдармен бірге дәмдес болу секілді әңгімелер көрші ауылдарға дейін таралып жататын. Есейе келе, мұндай әңгімелердің барлық қазақ ауылдарына тән екенін біліп жатырмыз. Бірақ Қапекең ондай әңгімелерге араласпайтын. Бір жағынан ауыл басшысы ретінде бос әңгімелерден бойын аулақ ұстаса, екінші жағынан балық шаруашылығы саласының білікті маманы ретінде үнемі жұмыс пен жиналыстарда жүріп, қолы да тимейтін. Үшінші жағынан мінезі де сондай болған шығар.

Өткен ғасырдың 70-80-жылдары ардагердің кеуделері орден-медальдарға толы болатын. Бала кездегі түсінігіміз бойынша, әрбір орден-медаль тек соғыс жылдары жасалған ерлікке берілуі тиіс. Кеудесіндегі наградаларға қарап, майдангерлерді нағыз батыр деп санаушы едік. Бірақ үлкейе келе көптеген наградалардың соғыстан кейін берілген мерекелік медальдар екеніне көзіміз жетті. Ал Қапекең отты соғыс жылдары бір орден және үш медальды кеудесіне тақкан екен. Олар – үшінші дәрежелі «Даңқ» ордені, «Ерлігі үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жж. фашистік Германияны жеңгені үшін» медальдары.

Қапекең өзінің майдандағы ерліктері туралы ештеңе айтпаса да, «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» дегендей, оның ерліктері Ресейдің Қорғаныс министрлігінің архивінде сақтаулы тұр. Мен әкеспелік жауынгер Қарақұлов Қапаш ағайдың майдандағы ерліктерімен көпшілікті таныстырғым келеді.

Қарақұлов Қапаш 1923 жылы 17 мамырда Қызылорда облысы, Арал ауданы Сарбасат ауылында дүниеге келген. Арғы аталары Бұланбай, Бисенбі ақсақалдар өз заманында ел тізгінін ұстаған, елге сыйлы адамдар болған екен. Қазір ойлап отырсам, Қапаш ағайдың ауыл басшысы болып, өзін ерекше ұстауы тектілікпен байланысты болса керек. Ол 1940 жылы жетіжылдық мектепті бітіріп, қолхозда есепші болып жұмыс істейді. Майданға 1942 жылы мамыр айында Арал аудандық әскери комиссариатының шақыртуымен аттанады.

1942 жылдың мамыр-шілде айларында әскери дайындықты Чкалов қаласындағы 242 қосалқы атқыштар полкінде өтеді. Одан кейін ол 379-атқыштар дивизиясының 1253 атқыштар полкіндегі 120 мм миометтік батареяның көздеушісі болып әскери қызметін жалғастырады. «Соғыс құдайы» болып есептелген артиллерияда көздеуші болып, қиынқыстау кездерде Қапекең өзінің табиғи мергендігі арқылы қарсылас жақтың дот, дзоттарын, оқ ату нүктелерін талай рет снарядпен жойып, бүкіл жаяу әскерге жол ашады. Әскери тапсырмаларды бұлжытпай орындау ұрыста жеңіске жеткізсе, олардың жиынтығы ұлы жеңіске жеткізгені белгілі.

Қапекең қызмет атқарған әскери бөлім 1942 жылдың 19 қазанынан Батыс майданының құрамына беріледі. Бұл кез – Ржев, Сычев және Вязьма өңірлері үшін Батыс майданы мен Калинин майданының неміспің «Орталық» армиялар тобына қарсы бірлесіп жүргізген төрт операциясының алғашқы екеуінің нәтижесіз аяқталған тұсы. «Марс» деген атаумен қос майдан үшінші рет 1942 жылдың 25 қарашасы мен 20 желтоқсаны аралығында «Екінші Ржев-Сычев шабуыл операциясын» жүргізеді. Бұл да өз мақсатына жетпейді. Дегенмен, тарихта бұл операцияны Сталинградтағы Паулюстың 6-армиясына «Орталық» армиялар тобындағы неміспің 70 дивизиясынан ешқандай көмек жіберткізбеу мақсатында жүргізілді деген пікірлер бар. Қалай болса да, Сталинградта қоршауда қалған неміс армиясы «Орталық» армиялар тобынан көмек ала алмайды. Қапаш ағай қызмет атқарған әскери бөлім осы Ржев қырғынының қақ ортасында болады. Қапекеңнің көп үндемейтіні, мүмкін Ржев қырғынындағы 1,5-2 млн қаза тапқан кеңес жауынгерлерінің рухын сыйлағандықтан шығар деп ойлаймын.

1943 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қапаш ағайдың әскери бөлімі Волхов майданының құрамында Ленинград қаласын қорғау үшін қиянкескі күрестер жүргізеді. Ал 1943 жылдың қараша айынан бастап 379 дивизия 2-Прибалтика майданының қарамағына беріледі. 1944 жылдың 12-30 қаңтарында Ленинград, Волхов және 2-Прибалтика майдандарының бірлесе жүргізген шабуылы нәтижесінде Ленинград қаласы 870 күнге созылған қоршаудан 27 қаңтар күні толығымен босатылады. Қапаш ағай қызмет атқарған 120 мм миометті батарея осы шабуыл барысында қойылған әскери тапсырмаларын бұлжытпай орындап отырады. 1944 жылдың 18 қаңтарында Қапаш ағай «Ерлігі үшін» медалімен наградталады. Архивтен алынған марапат қағазында былай деп жазылған: «2-Прибалтика майданы 379 атқыштар дивизиясы 1253 атқыштар полкі бойынша

БҰЙРЫҚ

18 январь

КСРО Жоғары Кеңесінің Президиумы атынан марапаттаймын:

«Ерлігі үшін» медалімен

39. 120 м/м миномет батареясының көздеушісі ефрейтор Қапаш Қарақұлов 31.12.43 ж. – 17.1.44 ж. аралығындағы шабуылдау ұрысы кезінде Невель қаласының солтүстік-батыс ауданында тез және дәл көздеу арқылы өз минометімен жаудың екі блиндажын талқандап, 30 м дейін траншеясын бұзды, қарсыластың доты мен пулеметін және 15 солдат, офицерін жойып жібергені үшін наградталады». Бұл медаль Қапаш ағайдың майдандағы алғашқы наградасы болды. Көп ұзамай 1944 жылдың сәуір айында миномет көздеушісі ефрейтор Қ.Қарақұлов «Ленинградты қорғауға қатысқаны үшін» медалімен наградталады.

1944 жылдың 10 наурызында көрсеткен ерлігі үшін Қ.Қарақұлов «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынылады. Полк командирі майор Рязанов қол қойған ұсыныстың қысқаша мазмұны мынадай: «1944 жылдың 10 наурызында Калинин облысы Пустошкин ауданы, Симоново деревнясы маңындағы 184.0 биіктік үшін болған ұрыста 120 мм миномет көздеушісі Қ.Қарақұлов жолдас өз минометімен жаудың оқ ату нүктесін өте дәлдікпен көздеп, қарсыластың 12 солдаты мен офицерін жойып жіберді, сөйтіп жаяу әскердің әскери тапсырманы орындауын қамтамасыз етті. Осындай ерлігі үшін ефрейтор Қ.Қарақұловты «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапаттауға ұсынамын».

«Қызыл Жұлдыз» орденімен соғыс жылдары офицерлік құрам ғана марапатталатын болғандықтан, Қапекеңе бұл орденнің орнына қатардағы солдаттар мен сержанттарға арналған «Даңқ» ордені беріледі. Қапекең оның үшінші дәрежелісін алады. Марапат қағазында былай делінеген:

«2-ші Прибалтика майданы 379-атқыштар дивизиясының бөлімдеріне

БҰЙРЫҚ

28 март 1944 ж.

КСРО Жоғары Кеңесінің Президиумы атынан неміс басқыншыларына күресте майдан басшылығының әскери тапсырмаларын үлгілі орындағаны үшін және сол жолда ерлік пен қажырлық көрсеткені үшін

«Үшінші дәрежелі «даңқ» орденімен марапатталсын:

8. Ефрейтор Қарақұлов Қапаш – 1253 атқыштар полкінің көздеушісі»

1944 жылдың желтоқсан айында Қапаш ағай қызмет атқарған миометті батарея 245-атқыштар дивизиясының 904-атқыштар полкіне беріледі. Ол дивизия Бірінші Украина майданының құрамында жеңісті жолын жалғастыра отыра, жеңіс күнін Германияның Дрездень қаласында қарсы алады. Бұл кезде оның жасы бар болғаны 22-де еді. Соғыстың соңында ағайымыз «1941-1945 жж. фашистік Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталады. Бір қызығы, Қапаш ағай соғыстан кейін бірден елге қайтарылмайды. 1945 жылдың шілде айында олардың әскери бөлімі Белоруссия аумағына тұрақтайды. Тек 1947 жылдың наурыз айында ғана Қапекең туған ауылына аман-сау оралып, бүкіл ағайын-туыс, ауыл-аймақты қуанышқа бөлетеді.

Жеңіскер Қапаш Қарақұлов елге оралысымен бірден еңбек майданына араласып кетеді. Есепші, қойма меңгерушісі, инструктор секілді жұмыстарды атқарып, 1953 жылы Дондағы Ростов қаласындағы Ростов балық шаруашылығы техникумының біржылдық курсын бітіреді. Ал 1954 жылдан бастап Арал өңіріндегі балық шаруашылығының өркендеп-дамуына бар күш-жігерін жұмсайды. 1954-1976 жылдары Ұялы балық зауытында, Қамыстыбас балық өңдеу зауытында, Үшкөл, Аван, Ақеспе балық зауыттары мен балық өңдеу мекемелерінде басшылық қызметтерде болады. Бұл жылдар Аралдың сазаны мен бекіресінің, қаязы мен жайынының, тістісінің бүкіл одаққа танымал болған жылдары болатын. Арал өңірінде балық шаруашылығының қарқындап дамыған кезі-тін. Бұл даму үдерісіне Қапаш ағайдың қосқан өзіндік үлесі болды. Қан майданда жеңіске қалай үлесін қосса, еңбек майданында да одан кем емес үлес қосып, Қапаш ағай абырой мен даңққа бөленеді. 1965 және 1975 жылдары Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін», 1973 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы», 1975 жылы «Тоғызыншы бесжылдықтың жеңімпазы», 1984 жылы «Еңбек ардагері» медальдарымен, сондай-ақ оншақты Жеңіс мерекесі мен Қарулы күштердің мерекелеріне арналған медальдарды кеудесіне тағады.

Қапаш ағай 1976-1988 жылдары Қызылорда балық зауытында инженер-технолог болып абыроймен қызмет атқарды. Осы жылдары Қапаш ағайдың отбасы Қызылорда қаласы түбіндегі Тасбөгет кентіне көшіп келеді. Қазір Тасбөгет кенті жеке шағын аудан ретінде Қызылорда қаласының құрамына енді. 1988 жылы 26 қаңтар күні қос майданның ардагері 65 жасында қайтыс болды.

Қапаш ағай жеті баланың әкесі. Олардың бәрі әкелері секілді арнайы орта және жоғары білімді азаматтар, бәрі отбасылы. Қапаш ағайдың бір ұлы – инженер-конструктор, бірі – педагог, бірі – электрик-инженер, бірі – инженер-механик, қыздары педагогика саласында еңбек етуде. Ұл-қыздан тараған немерелерінің өзі жиырмадан асады. Олар Тәуелсіз еліміздің Сыртқы істер, Қорғаныс, Экономика, Денсаулық сақтау министрліктерінде әртүрлі жауапты қызметтерді абыроймен атқарып жүр. Құдайға шүкір, шөберелерінің алды орта мектептің бел ортасында жақсы оқып жүр.

Қазақта «Жақсы атаның баласы» деген сөз бар. Бұл сөз дәл Қарақұловтар әулетіне арнап айтылғандай. XIX ғасырдағы Бұланбай, Бисенбі аталарының бойындағы ең жақсы ізгі адами қасиеттер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, Қарақұл атаға, одан Қапаш ағайға, одан ұлдары Жеткерген, Жетес, Елдес, Алмат, (Қайрат Ауған соғысына қатысқан, жол апатынан көз жұмды) бауырларымызға және Айсәуле мен Қарлығаш қыздарына дарыған. Олардың да перзенттері әулет дәстүрін жалғастыруда.

Сөзімізді түйіндей келе, 19 жасында қан майданда от кешіп, өмір мен ажалдың қақ ортасында жүріп, Ұлы Жеңіске өз үлесін қосқан, соғыс күндері «Даңқ» ордені мен «Ерлігі үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін» медальдарын омырауына таққан, бейбіт күндері еңбек майданының отын қыздырып, ел дамуына зор үлес қосқан, үлгілі отбасын құрып, тәрбиелі ұл-қыздар өсірген Қапаш Қарақұловтың есімі мен болмысы қазіргі кезде нағыз үлгі тұтарлық тұлға. Жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелер болсақ, осындай тұлғаларымызды дәріптеп, мәңгі есте қалдыру үшін көше мен мектептерге олардың есімін беру әбден орынды болар еді.

● МӘҢГІЛІК ӘУЕН

ҚОРҚЫТ АТА МҰРАСЫ – АДАМЗАТ ИГІЛІГІ

Сан ғасырлар бойы халқымыздың рухани өмірінің айнасы болған аспаптық өнердің көптеген үлгілері бар. Ата бабаларымыз көне замандардың өзінде мәңгі өлмес рухани мұра жасап, кейінгі ұрпағына ұланғайыр қазына қалдырған. Осы қазынаның бірі – күй өнері.

Мыңдаған жылдар бойы сайын сахара төсінде дүбірлі дәурен сүрген бабаларымыздан қалған рухани мұра – күй-шілік өнер дәстүрі Сыр бойындада сақталған.

Сонау Қорқыт атаның қобыз үнінен бастау алған күй өнері Ықылас күйші, Сасықбай, Жарықбас, Дайрабай, Домақ, Тәппет, Асан Көнек, Төремұрат, Бекпенбет, Әкімгерей, Әлшекей, Досжан, Жалдыбай, Нышан абыз, Жақас қожа сынды дарын иелері арқылы бізге жетті.

1997 жылы Елбасының қолдауымен Қызылорда қаласында «Қорқыт және түркі әлемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Бұл конференция түркітілдес халықтардың достығын, ғылыми және мәдени байланыстарын нығайтудың, Қорқыт ата мұрасын бірлесе зерттеудің, Ұлы баба төңірегіне тығыз топтасудың бастауы болды. ЮНЕСКО «Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығы» деп жариялаған 1999 жылы осы асыл мұраға арналып, Қызылорда қаласының ең көрнекті жеріне әсем де сәулетті ескерткіш орнатылды.

Өнер – халықтар арасындағы рухани елші, достықтың алтын көпірі десек, Қорқыт бабамыздың музыкалық мұрасын, түркі халықтарына ортақ дәстүрлі музыка өнерін қадірлеп, қастерлеу, кейінгі ұрпаққа саф алтындай таза күйінде аманат ету мақсатында 2006, 2011, 2014 жылдары «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық дәстүрлі музыкалық өнер фестивалі болып өтті. Фестиваль аясында ғылыми-практикалық конференциялар өткізіліп, оған алыс-жақын шет елдерден ғалымдар, өнер зерттеушілері қатысты.

2011 жылы «Түркі халықтарының дәстүрлі музыкалық мәдениеті: келелі мәселелері мен келешегі» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Бұл конференцияда Түркия, Әзербайжан елдерінен келген ғалымдармен қатар, жазушы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабековтің баяндамалары тыңдалды.

Ал, 2014 жылы өткен «Қорқыт ата мұралары – түркі халықтарының рухани қазынасы» халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда Қорқыт атаның әдеби-музыкалық мұрасының мәні мен маңызы, Қорқыт мұраларының түркі халықтарына ортақтығы, тәрбиелік сипаты әңгімеге арқау болды.

1999 жылы «Облыс мәдениетін дамытуға тың серпін» фестивалі аясында қылқобызшылардың байқауы өтіп, нәтижесінде қылқобызда шебер орындаушы Рсалды Қалымбетова Қорқыттың күйлерін орындап бас жүлдені жеңіп алды.

2013-2015 жылдары Қазалы ауданында «Жанкент-Қорқыт-Қобыз» атты облыстық қобызшылар байқауы 2 жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп келеді. Байқауға әр ауданнан қобызшылар қатысып, Қорқыт атаның «Қоңыр», «Ұшардың ұлуы», «Башпай», Ықыластың «Шыңырау», «Аққу», «Жалғыз аяқ», «Ерден», т.б. күйлер қобызда ойналды.

Сондай-ақ, 2015 жылы ұстаз, қобызшы Бақыт Кәрібаева арнайы шақыртумен Италияның 9 қаласында концерт беріп, Қорқыттың күйлерін қобызда орындады. 2016 жылы Б.Кәрібаеваның жетекшілігімен «Көне дәуір-қарт қобыз» атты қыл қобызшылардың концерті болып өтті. Концертте Қорқыт атаның күйлері орындалып, өскелең ұрпаққа насихатталды.

Қазіргі таңда облыс бойынша 97 домбыра үйірмесі, 4 қобыз үйірмесі жұмыс жасайды. Аталған үйірменің шәкіттері облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Сонымен бірге, Сыр бойындағы қобызшы, күйшілердің өнері, шығармашылығы «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасы арқылы облыс жұртшылығына насихатталып келеді. Ал, облыс аудандарының әуез мектептерінде қобыз класы ашылып, онда кәсіби мамандар дәріс беруде. Қазалы, Шиелі аудандарында «Әуез» мектептері жанында қобыз класы жұмыс жасап жасайды.

Биылғы жыл Сыр елінің жұртшылығы үшін ерекше болмақ. Олай дейтініміз, үстіміздегі жылы Қызылорда қаласында ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының бастамасымен Материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғау бойынша Қазақстандық ұлттық комитеті және облыс әкімдігімен бірлесіп Адамзаттың Материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне «Қорқыт ата мұрасы» көпұлттық номинациясын дайындау бойынша сараптамалық кездесу семинары өтті. Осы номинацияны бірлесіп дайындау туралы шешімді түркітілдес елдердің делегациялары ЮНЕСКО-ның МЕММ қорғау бойынша Үкіметаралық комитеттің 11-ші сессиясы барысында (2016 ж. желтоқсанда, Аддис-Абеба қ.) қабылдаған болатын.

Сыр елінде өткен семинарға 4 елден, яғни Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркия, сондай-ақ Халықаралық түркі академиясының өкілдері қатысты. Семинар барысында Қорқыт ата күйлерінің маңыздылығы жөнінде көптеген пікірлер айтылды. Сонымен бірге, шара барысында шет елдерден келген қонақтар Қармақшы ауданындағы «Қорқыт ата» кешенімен танысты.

Шара соңында «Қорқыт ата мұрасы» көпұлттық номинациясын дайындау бойынша іс-әрекет жоспарын бекіту, ЮНЕСКО-ға өткізу үшін номинацияның алдын ала мәтінін әзірлеу жұмыстары жоспарланды. Ауқымды жұмыс Алматы қаласында жалғасын тапты. Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында өткен сараптамалық кездесуге Түркия, Әзербайжан, Қазақстан елдерінің мемлекеттік мамандары, сарапшылар, сондай-ақ Корей мәдениеті мұралар қорының бақылаушылары қатысты. Кездесу барысында сарапшылар «Қорқыт ата мұрасы: эпикалық мәдениет, халық аңыз әңгімелері және әуендері» тақырыбына тоқтау жөнінде шешімге келді. Сараптамалық жұмыс барысында Қорқыт ата мұралары жан-жақты талқыланып, тиісті құжаттары толтырылды. Сондай-ақ, Қорқыт күйлерін насихаттаушы, қобызшы Бақыт Кәрібаеваның орындауында бірнеше күй тыңдалды.

Ал, Қорқыт мұраларын ЮНЕСКО-нің тізіміне енгізу бағытында атқарылған жұмыс келесі жылы жаһандық деңгейде талқыланады деп күтілуде.

Майра СӘРСЕНБАЕВА,
жырау, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы «Жыраулармен жұмыс» секторының меңгерушісі.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖОЛЫ ЖАРҚЫН

Шиелі аудандық мәдениет үйінде биыл сексеннің сеңгіріне шыққан азаматтардың ел-жұртпен кездесу кеші өткізілді. Өңіріміздің өркендеуіне әр салада өздерінің білім-білігімен заманында аянбай тер төгіп, маман даярлаған бүгінгі ел ағаларына құрмет жасалды.

Сырдың бас ақыны Махамбетқали Тұрсановтың есімі бүкіл Сыр өңіріне мәшһүр. Ал ширек ғасыр облыс медицинасына еңбек еткен, «Мұстафа Шоқай қоғамдық қорының» президенті Базарбай Атабаевты қалың ел түгел таниды. Болат Медетбековты ауданның айбары десек, қателеспейміз. Ол кісі айтуға оңай, атқарылуы қиын энергетика саласының майталманы.

Сала ардагерлерінің өмір жолдарымен таныстырған деректі көрсетілімнен басталған салтанатты жиынды аудан әкімі Қ.Сәрсенбаев ашып, мерейтой иелерине құттықтады. Абыз ардагерлерге облыс әкімі мен облыстық мәслихаттың «Құрмет» грамотасын тапсырды.

Салтанатты жиын барысында мерейтой иелерін танымал азаматтар құттықтады. Олардың арасында белгілі энергетик Мұхит Кәрімбаев пен айтыскер ақын Серік Ыдырысов бар. Сала бойынша ардагерлердің ізбасарлары өздерінің жүрекжарды лебізін білдіріп, сый-сияпат жасады. Сондай-ақ, аудандық мәслихат хатшысы Әшім Оразбекұлы мен аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сұлтанбек Оразымбетов зор құрметтерін білдіріп, құттықтауларын жеткізді.

Аудан әкімдігінің ұйымдастырған «Сексеннің биыл шықты сеңгіріне» атты кешті аудандық мәдениет бөлімінің өнерпаздары әнмен әрлеп, тамаша тарту жасады. Олар мерейлі жасқа келіп, ел алдында құрмет пен қошеметке бөленіп отырған азаматтарға шын ықылас танытты.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

● ДІНІМ – АЛТЫН ДІҢГЕГІМ

БАРҒА ҚАНАҒАТ, ЖОҚҚА САБЫР

Қазақта қасиет дарыған сөз көп. «Өлемін деп құлшылық қыл, өлмеймін деп тіршілік қыл» деген ақылдылар. Яғни, біздің асыл дініміз бай болудан, бар болудан шектемейді. Алла берген ризықпен, адал еңбекпен байлығы еселенген талай адамдардың тарихта ізі жатыр. Кешегі өткен ағайынды Мырқы, Мінәйдар, Аппаз аталарымыздан бастап бүгінгі Бауыржан Оспановқа дейінгі Атымтай жомарттардың Алаш жұртына жасаған қайырымдылық істері – адамдықтың алтын қалыбы болып әр жүректің төріне сәуле түсіріп тұр.

Осы заманда біз қанша айналып өткіміз келсе де, жаман әдеттермен күн сайын жолығысып қаламыз. Соның бірі – ысырапшылдық. Байлық пен ысырап ымыраласпайды. Солай ғой дегенмен, байлардың ысырапшылдығына көз жұма қарап жүрген басымыз, енді отбасы несібесін жырып, несие алып астатөк кәде жасағандарды көріп жаға ұстайтын жағдайға кез болдық. Әрине, ысырапшылдық байға жарасады деген сөзден аулақпыз. Бұл жөнінде қасиетті Құранда: «Ішіңдер, жеңдер, бірақ ысырап қылмаңдар. Шындығында Алла тағала ысырап қылушыларды сүймейді» – деп тәпсірленген.

Еліміздің өркендеуі мен даму тұрғысындағы тұзу жолды тағы бір нұсқаған Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында да осы мәселеге арнайы орын берілді. Бұл жөнінде Елбасы прагматизм деген терминді қолдана отырып, оның негізі ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, болашақты жоспарлау, ысырапқа, астамшылыққа жол бермеу екенін атап өтті.

Осыған орай облыстық «Сырдария-Ақмешіт» мешітінің бас имамы Т.Омаров бастаған дін өкілдері облыс халқына арнап үндеу жариялады. Үндеуде ас, садақа, еске алу жиындарының дастарханына – бауырсақ, шелпек, май, ағарған, майсөк, тамақ пен сусынның қойылғаны дұрыс деген пәтуа айтылды.

Сонымен бірге үндеуде жаназа намазын шығарудан бұрын арнайы қонақасы беруге болмайды деп көрсетілген. Үндеу баспасөзде, сайттарда жарияланды. Ендігі мәселе – жерлестеріміздің осы ұстанымға имамға ұйығандай берік болып, оны орындауы.

Бірақ, жасыратын несі бар, біздің бойымызды «жұрттан кем түспейін немесе артық көрінейін» деген бәселекестік пиғыл басады да тұрады. Бұл пиғылды бойымыздан да, ойымыздан да алып тастау керек.

Үндеудегі қонақасы мәселесі бірінші рет көтеріліп отырған жоқ. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, абыз ақсақал Сейілбек Шауханов дәл осы жайды ел жақсылары бас қосқан алқалы топта талай мәрте айтты. «Е, осылай екен-ау» деген біреуді көрген жоқпыз. Негізі қонақасы қазақта бар ғұрып. Бірақ ол аты айтып тұрғандай, алыстан келген қонақтарға берілетін ас. Ал бізде қонақасы 200-300 кісіге жасалады. Біреу азаланып жатқанда біреудің ас жеп, қайғысыз қонақ кейпінде отыруы қандай сауапқа жатады? «Орны табылмай берілген садақа – ысырап» деген хадис бар. Ысырап жасаушыларды Алла сүймейтін болса, біз дәл сол кезде сауап аламыз деп, Алланың айтқанына қарсы келіп жатқанымызды өзіміз білмейді екенбіз.

Әрине, садақа беру – амалдардың абзалы. Алайда, оның да өз жөн-жосығы бар. «Құтқаратын үш нәрсенің бірі – бар кезде де, жоқ кезде де, байлықта да, кедейлікте де – үнемдеушілік» делінген Құранда. Бұл – ысырапшылықтың ақыреттегі сұрауы бар деген сөз.

Дінді ділінде сақтаған қазақ үнемшілдікті ілгеріден-ақ екі сөзінің біріне қосқан. «Тарта жесең, тай қалады», «Бармын деп тасыма, жоқпын деп жасыма», тағы-тағы...

Баяғыда баласы да, малы да көп бір би бір жиында баласы жоқ, малы жоқ кедей биге: «Жалғызбын деп жалтақтамай, жарлымын деп жалпақтамай, турасын айт» депті. Сонда кедей би: «Құдайдың маған берем десе, малы мен баласы жоқ па? Сенің барыңды адам десе, бәлесі жоқ па?» депті. Осы бір ауыз сөзден-ақ біз бірінші бидің ысырап пен астамшылыққа бой алдырған адам екенін танимыз.

Абзалы, барға қанағат, жоққа сабыр қылғанға не жетсін?!

Елбасы өзінің әйгілі мақаласында бұл мәселеге орынды тоқталып, қалың жұртқа ой тастады. Өйткені, ысырапшылдық, астамшылық сияқты бейсауап әдет ел ішінде етек алып кетті. Ысырап – тек малшашпақтың маңайында ғана емес, ол уақытты пайдалану мен ауыздағы сөзді аңдап айтуда да бірге болатын жаман қасиет. Бұл туралы асыл Пайғамбарымыз «Сөз және қарым-қатынаста шектен шығып, шамадан тыс кеткендер опат болды» деген.

Маңдайдың көзімен оқығанда қаріп, көкіректегі көзбен оқығанда ғибрат болатын сөздер әркімнің алтын сандығында сақталғанда ғана бағасын жоймайды, ысырап болмайды.

Д.АЯШҰЛЫ.

ОҚУШЫЛАР АРДАГЕРЛЕР ҮЙІНДЕ

Жеңіс мерекесінде №140 қазақ орта мектебінің «Жас ұлан» ұйымы соғыс ардагерлері И.Онищенко, М.Сырғалиев және А.Кириллованың үйлерінде болып, оларға мерекелік сыйлаған тарту етті. Мектеп директоры Г.Қоңырбаеваның бастамасымен болған бұл игі шарада оқушылар ән айтып, қариялардың көңіл күйін бір серпілтіп тастады. Сондай-ақ, ардагерлерге арнайы дайындаған сыйлықтарын ұсынды. Сұрапыл соғысты көрген майдангерлер оқушылардың көрсеткен құрметіне ризалықтарын айтып, жас ұрпаққа жарқын болашақ тіледі. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі де майдангер қарияларымыздың ұлы ерліктерінің жемісі.

Эльмира ДОСЫБАЙ,
№140 қазақ орта мектебінің тәлімгері.
Қызылорда қаласы.

● СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Кәсіпкер көкжиегі

КӘСІПТІ МЕҢГЕРУГЕ ІСКЕРЛІК ТЕ, БІЛІМ ДЕ КЕРЕК

«Артық болмас білгенің» деп жатамыз. Бұл – өмірдің өзі туын-датқан қағида. Оған қоса, бүгінгідей ілім-білім бірінші кезекте тұрған ғасырда іздену мен үйренудің маңызы арта түспекші. Әрі мұндай қадамның барша салаға қатысты екені тағы рас. Әсіресе, оң жамбасына келген кәсібін өрге сүйреп, шаруасын дөңгелентіп отырған іскер қауымға біліктілік деңгейінің жоғары болғаны бек жарасымды. Қызылорда облысының Кәсіпкерлер Палатасы Қазалы ауданындағы филиал директоры Ермек Жұмажанұлы Аймахановпен жасаған сұхбатымыз осы бағытта өрбіген еді.

– Ермек Жұмажанұлы, кәсіпкерлікті дамыту үшін іскерлікке қоса сауаттылық та ауадай қажет екені баршаға аян. Олай болса, сұхбатымызды қазіргі таңда жиі қозғалып жүрген кәсіпкерлік негіздеріне оқыту шараларынан бастасақ...

– Ел кәсіпкерлерінің білімді де білікті болуы бизнес саласында аса маңызды фактор. Нақты кезеңде бұл мәселеге мемлекет те зор мән беріп отыр. Үкімет қаулысымен «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының» екінші бағыты аясында ҚР Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды іске асыру Ережесі бекітілді. Қалың оқырмандарға түсінікті болуы үшін осы Ережеде қандай ұғымдар пайдаланылатынына тоқтала кетсем. Бағдарламаның операторлары – еліміздің Ұлттық экономика министрлігі, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі және Ауыл шаруашылығы министрлігі. Ал қаржылай емес қолдау операторы – «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы. Жергілікті жерде – Өңірлік Кәсіпкерлер Палатасы және оның филиалдары болып саналады. Аталған бағдарламаның екінші бағыты бойынша Кәсіпкерлер Палатасы тарапынан «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау, қалалар мен ауылдарда микрокредиттерге кепілдік беруді ұйлестіру міндеттерін іске асырады.

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша іске асыру тетігі Ережеде көрсетілгендей, республика бойынша 80 аудан, оның ішінде Қызылорда облысынан 5 ауданнан жеке тұлғалар – жұмыс істейтін және бастаушы кәсіпкерлер, кәсіпкерлікке тіркелген сәтіне 3 жыл толмағандар кәсіпкерлік негіздерін оқытуға қатыса алады. Сондай-ақ, халықты жұмыспен қамту орталықтарына тіркелгеніне қарамастан, жұмыссыздар және кәсіпкерлік әлеуеті бар өзін-өзі жұмыспен қамтушылар мен ауылдық елді мекендерде, аудан орталықтарында тұратындар «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқытудың қатысушылары болып табылады.

– Енді «Кәсіпкерлік негіздеріне оқу үшін кімге жолығу керек, оқу ақысы қалай болады?» деген көпшілік көкейіндегі сауалды жеткізе кетсем...

– Кәсіпкерлер Палатасының аудандық филиалы, ауылдық округтің әкімі үміткерлердің құжаттары мен өтініштерін аудандық халықты жұмыспен қамту орталығына береді. Аудандық халықты жұмыспен қамту орталығы үміткерлердің тізімін «Бастау Бизнес» жобасының нысаналы тобына сәйкес келуі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады және үміткерлердің тізімін Кәсіпкерлер Палатасының аудандық филиалына ұсынады. Жобаға қатысушылар үшін оқу тегін жүргізіледі. Ереже талаптарына сәйкес жеке тұлға «Бастау Бизнес» жобасына бір жыл ішінде бір мәрте ғана қатысуға құқылы. Ал сертификаттың жарамдылық мерзімі – екі жыл. Бағдарлама қатысушыларды жаппай кәсіпкерлік дағдыларына, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру принциптерін оқытуға, сондай-ақ олардың бизнес жобаларын қолдауға бағытталған. Бұл ретте ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру мақсатында филиал тарапынан өткен жылы 22 кооперативтің барлық құжаттары рәсімделіп, әділет басқармасына тіркеуден өткізілген болатын. Ал, биылғы жыл басынан бері 4 кооператив мемлекеттік тіркеуден өткізіліп, құжаттары дайындалып берілді. Қызметтің барлығы тегін көрсетілді.

– Ендігі кезекте жобаға қатысушыларды таңдау тәртібі (тестілеу) барысына тоқталсаңыз...

– Бағдарлама талабына сәйкес, халықты жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы орган бекіткен жұмысшылар, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар, бизнес-бастамасы бар тұлғалар мен бастаушы кәсіпкерлер тестілеу кезеңіне жіберіледі. Тестілеуге қатысуға жіберілу үшін жеке тұлғалар міндетті түрде жеке куәлік көшірмесін, мекенжай анықтамасын, өтініш және сауалнама анықтамасын өткізулері керек. Кәсіпкерлер Палатасы қатысушылардың кәсіпкерлікпен айналысуға ынтасын анықтау үшін тестілеуге техникалық қолдау көрсетеді, сондай-ақ тестілеуден өту процедурасында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Кәсіпкерлер Палатасының филиалы жанынан тестілеу нәтижесін қарау жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия төрағасы Кәсіпкерлер Палатасының аудандағы филиал директоры, мүшелері облыстық Кәсіпкерлер Палатасының сарапшысы, бизнес-тренер, аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі мен ауыл шаруашылығы бөлімінің өкілдері, жұмыспен қамту орталығының өкілі мен хатшысы аудандық координатор болып бекітілді. Оқуға жіберілу үшін шектік мән 100 балдық жүйенің 55 балл көлемінде анықталады. Шектік мәннің өзгеруі туралы шешімді Кәсіпкерлер Палатасының филиалы жанынан тестілеу нәтижесін қарау жөніндегі комиссия қабылдайды, бұйрықпен бекітіледі. Қаржылай емес қолдау операторы тестілеу аяқталғаннан соң 2 жұмыс күні ішінде комиссияның тестілеу қорытындыларымен хаттамасын электронды пошта немесе телефон шалу және жергілікті БАҚ-та, сондай-ақ, қаржылай емес қолдау операторының ресми интернет ресурсында жарияланатын болады. Тестілеуге қатысушы төмен нәтиже көрсеткенде қайта тестілеуден өтуге құқылы. Қатысушы тестілеуге бір жыл ішінде 2 реттен артық қатыса алмайды. Егер екі ретте де өте алмаған қатысушыларға Бағдарламаға сәйкес басқа оқыту бағдарламалары ұсынылады.

– Басқа оқыту бағдарламасы деген сөздің мәнісін тереңірек ұғындырып өтсеңіз...

– Бұл дегеніміз – екікүндік «Бизнес Кеңесші» оқу курсынан өту. Нақты дерекке тоқтала кетсем. Кәсіпкерлер Палатасы арқылы «Бизнес Кеңесші» оқу курсынан аудан бойынша 2015 жылы – 149 адам, өткен жылы – 49 адам, биылғы жылдың 2-3 наурыз күндері өткізілген оқу курсында 40 адам арнайы оқудан өтіп, сертификат иеленді. Барлығы 238 кәсіпкерлер мен кәсіпкерлікке ниеттілерге арнайы сертификаттар табыс етілді. Екікүндік «Бизнес Кеңесші» оқу курсы алдағы тоқсанда да жалғасатын болады. Тестілеуге қатысқандардың арасында төмен шектік мәнді жинай алмай, бірақ нақты бизнес-идеясы болса, ерекшелік жағдай ретінде оқуға қабылданады.

Тестілеу қорытындысы шығарылғаннан кейін Кәсіпкерлер Палатасының филиалы 3 (үш) жұмыс күні ішінде қатысушылар арасынан топ құрып оқыту басталады. Ережеге сәйкес топтағы қатысушылар 15-тен кем емес және 70-тен көп болмауы керек. Алғашқы тестілеу Қазалы көлік-техникалық колледжінде осы жылдың 4 сәуірі күні интернет жүйесі арқылы, комиссия мүшелерінің қатысуымен өткізілді. Нәтижесінде сынақ тапсырған 40 адам толық өтіп, оқуды бастады.

Жоспар негізінде аудан бойынша 222 қатысушы оқытылатын болады. Бүгінгі күнге ауданда жұмыспен қамту орталығының ұсынып отырған 168 қатысушы, ал филиалға өз өтінішін берген 22 қатысушы, әзірге барлығы 190 оқуға ниеттілер жасақталды. Оқыту мерзімі ағымдағы сәуір айынан бастап желтоқсан айына дейін оқытылатын болады. Әр айда 37 адамнан оқытылады. Қатысушы топты тәжірибелік оқытудың жалпы ұзақтығы 80 сағат, жұмыс күндері 4 сағаттан кем емес күнделікті жүктемемен өткізіледі. Бизнес-тренер бір топты бір ай мерзімде оқытады, бір мезгілде 4 сағаттық оқу (түске дейін), ал қалған 4 сағатында (түстен кейін) жеке кеңес береді. Оқытуды бизнес-тренер оқу жоспарына сәйкес заманауи оқыту әдістемелерін пайдалана отырып, интерактивті түрде жүргізеді. Оқыту кезінде жоба қатысушыларының қажеттілігіне қарай кәсіпкерлік қызметті жүргізу негіздері, салық салу режимдері, маркетинг негіздері, талап етілетін бизнес-жобалар жайында, ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру жөніндегі ақпараттық-әдістемелік материалдар, қаржы алуға арналған құжаттар үлгілері, маркетингтік зерттеулер нәтижелері, стартаптарды іске қосудағы халықаралық тәжірибе бойынша ақпараттар ұсынылатын болады.

Сөз соңында кәсіпкерлік негіздеріне оқуға талаптылар толық мағлұмат алу үшін біздің аудандық Кәсіпкерлер Палатасына келіп, кеңес алуға болады демекпін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

ОБЛЫС ТЫНЫСЫ ҚАНДАЙ?

Мемлекеттік статистика органдарында аймақтардың өңірлік өнімі туралы деректер әдетте біршама уақыт өткеннен кейін қорытындыланады. Осыған орай 2016 жылдың 9 айындағы көрсеткішті стат органдары жуырда ғана жариялады. Нәтижелерге сүйенсек, 2016 жылдың 9 айында 2015 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда облыста жалпы өңірлік өнім 4,6 пайызға төмендеп, 920,9 млрд теңгені құрады. Өнім көлемінің төмендеуіне әлемдік дағдарыстың салқыны тиді. Себебі мұнайдың әлемдік рыноктағы нарқының төмендеуі салдарынан облыс өнеркәсібінің негізгі буыны – мұнай кәсіпшілігінде өнім көлемі төмендеді. Сонымен бірге облыстың статистика органдары үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанының қорытындысын жариялады. Макроэкономикалық көрсеткіштердің негізгі бағыттары бойынша тиісті салаларда төмендегідей жағдай қалыптасты.

Атап айтқанда, 2017 жылдың бірінші тоқсанында 173 млрд теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді. Бұл өткен жылдың бірінші тоқсанына қарағанда 95,4 пайыз құрады.

Өнеркәсіп өндірісінің 79,2 пайызы кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу саласының үлесіне тиеді. Саланың негізгі бөлігін мұнай өндіру кешені құрайды. 2017 жылдың 3 айында 1,7 млн тонна мұнай өндірілді, бұл өткен жылдың тиісті мерзіміне қарағанда 15,2 пайыз кем.

Өңдеу өнеркәсібінде 25 млрд теңгенің өнімі өндірілді бұл өткен жылға қарағанда 9,6 пайызға артық. Тамақ өнімдерін өндіру өңдеу өнеркәсібінің ең маңызды буыны болып табылады. Өткен 3 айда өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексі 109,6 пайызды құрады. Жалпы, соңғы жылдары облыста өңдеу өнеркәсібі бойынша біршама өсу нышаны байқалады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2017 жылғы қаңтар-наурызда 6,9 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,4 пайызға өсті. 2016 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының анықталған егістік алқабы 168,1 мың гектар жерге орналастырылды, бұл 2015 жылмен салыстырғанда біршама көп. Алқаптардың көпшілігі дәнді дақылдардың үлесіне тиеді.

2017 жылдың бірінші сәуіріндегі дерек бойынша өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жылқы саны – 13,8 пайызға, ірі қара мал – 7,7 пайызға, қой – 5,6 пайызға, түйе – 3,3 пайызға, құс – 2,6 пайызға өссе, ал ешкі – 1,4 пайызға, шошқа басы 9,4 пайызға азайды.

Сонымен қатар 2017 жылдың қаңтар-наурызында мал мен құстың барлық түрлерінің тірілей салмақта шаруашылықта сойылуы және өткізілуі 7,7 мың тоннаны құрап, 2,5 пайызға, сиыр сүтінің өндірісі 16,3 мың тоннаны құрап, 2,6 пайызға, өндірілген тауық жұмыртқасы 3,7 пайызға өсіп, 686,5 мың дананы құрады.

2017 жылғы қаңтар-наурызда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 26,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2016 жылғы қаңтар-наурызымен салыстырғанда 4,6 пайызға көп.

Облыста негізгі капиталға салынған инвестициялардың негізгі бөлігі кен өндіру және карьерлерді қазу өндірісінің үлесіне тиеді. Бұл облыста осы салалардың мүмкіндіктері әлі де үлкен екенін көрсетіп отыр. Соңғы жылдары қарт Қаратаудың қойнауынан табылған бағалы кен қоры аймақтың әлеуетін одан әрі нығайтуға септігін тигізетін болады.

Соңғы жылдары облыста құрылыс қарқынды дамуда. Үстіміздегі жылдың алғашқы үш айында құрылыс саласы 5,7 млрд теңгенің жұмысын атқарды. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 16,1 пайыз өсімді байқатты. Әсіресе тұрғын үй құрылысы кең өріс алуда. Аталған кезеңде облыста 138 мың шаршы метр тұрғын үй алаңы пайдалануға берілді. Салыстырмалы кезеңде өсім 37,1 пайызды құрады. Аталған мерзімде құрылысқа 6,9 млрд теңге қаржы жұмсалды. Тұрғын үйдің жалпы көлемінің едәуір үлесі Қызылорда қаласының үлесіне тиеді.

Сарапшылардың атап көрсетіп жүргеніндей, соңғы жылдары Қызылорда облысының Еуразиялық экономикалық елдерімен өзара саудасы кең қанат жайып келеді. 2017 жылдың алғашқы үш айында өзара сауда 7,9 млн АҚШ долларын құрады. Экспорттың негізгі көлемі Ресей Федерациясы мен Қырғызстан Республикасына тиесілі болып отыр. Облыстық экспорт құрылымының басым бөлігін ас тұзы және басқа техникалық тұздар, күріш, табиғи құм және балық өндірісі құрайды. Еуразиялық бірлестік елдерінен негізінен машиналар, құрал-жабдықтар, көлік құралдары тасымалданады.

2016 жылдың қорытындысымен облыс тұрғындарының ақшалай шығыстарының құрылымында негізінен тұтыну шығындары құрады. Ол 90 пайыз үлесті құрап отыр. Одан кейінгі орынды несие мен борышты өтеу шығындары құрайды.

Ж.ӘЛМАХАН.

● БАҒДАРЛАМА БАЯНЫ

“СЕРПІНДІКТЕР” СЕРПІЛІС ӘКЕЛДІ

Ақмола облысы, Зеренді ауданындағы «Шағалалы» аграрлық бизнес колледжі – кәсіптік-техникалық білім беру саласында өзіндік орны, 50 жылдық тарихы бар байырғы оқу орындарының бірі. Жарты ғасыр ішінде аталған оқу орнын бітіріп шыққан түлектер бүгінгі күні еліміз ғана емес, бүкіл ТМД аумағында еңбек етуде. Колледждің тарихы тұтастай еліміздің тарихымен біте қайнасқан.

«Шағалалы» совхоз техникумын бітірген жастар бүгінгі күні білікті менеджер, танымал азаматтар қатарында. Олардың арасында егемен еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуына белсенді түрде атсалысып жүрген ізденімпаз кәсіпкер, басшы азаматтар көптеп саналады. Осы уақыт ішінде арнаулы орта оқу орнынан 20 мыңға жуық ауылшаруашылық мамандары өндіріске жолдама алды. Соңғы жылдары білім беру ісіндегі үздік көрсеткіш, сараптама нәтижелері бойынша колледж республикалық, өңірлік қаржылай қолдау гранттарын жеңіп алды.

Бірлігі берік ұжымға басшысы Қ.Қарабаев елімізде тегін кәсіптік-техникалық білім беруге көшу жайлы Елбасы Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшесі ретінде колледжің оқу-техникалық базасын дуальды оқыту әдісіне негіздеп құруда. Бұған қоса, “Серпін-2050” бағдарламасын нақтылы іске асыруға ерекше мән берілуде. Жекелеген әріптестеріміз Германия, Финляндия, Белоруссия, Ресей елдерінде болып, тағылымдамадан өтіп келді.

Өткен оқу жылында агробизнес колледжіндегі оқушылар саны 709 болды, оның ішінде “Серпін-2050” бағдарламасы бойынша 106 студент оқып, білім алуда. Серпіндіктер толықтай дерлік Сыр бойының жастары болып отыр. Атап айтқанда, Қызылорда қаласы мен Шиелі, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандарының мектеп бітіруші жастары 2000 жылдардан бастап көптеп келіп, білім алуда.

Біздің оқу орнымызда оқушы-жастардың білім алуы мен бос уақытын тиімді өткізуіне қажетті барлық жағдай жасалынған. Заманауи үлгіде жабдықталған 23 дәрісхана, 8 зертхана, 32 мың дана кітап қоры бар кітапхана, тренажерлік жаттығу, спорт, оқу, концерт залдары мен мұражай, ашық стадион студенттердің өз қабілеттіліктерін шындауы мен танытуына мол мүмкіндік туғызады.

Бүгінгі таңда колледжде «Салалық электрлендіру», «Ақпараттық жүйе» мамандықтары бойынша 42 студент «Серпін – 2050» бағдарламасымен оқып білім алуда. Олардың 4-уі – үздік үлгерім иелері болса, 35-і – жақсы үлгерімі үшін шәкіртақы алып жүр. Осы жерде біздің оқу орнын бітірушілердің жыл сайын 67 пайызы жұмысқа орналасатындығын айта кетейік.

Алдағы оқу жылында «Шағалалы» колледжіне «Серпін-2050» бағдарламасымен «Жерге орналастыру», «Қаржы», «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандықтары бойынша 75 оқу гранты бөлініп отыр. Алаштың анасы атанған Сыр өңірінен оқу орнымызға келіп, білім алуға ниет білдіретін жастар қатары алдағы уақытта да көбейе түсетіндігіне сенімміз мол.

Тынымбай ДОСБАТЫР,
ҚР Журналистер одағының мүшесі.
«Шағалалы» агробизнес колледжінің аға оқытушысы.
Ақмола облысы.

● ОҚШАУ ОЙ

ЖАСАНДЫ ДҮНИЕ ЖАРҒА ЖЫҚПАСЫН



Бүгінде біз шетелде қандай жаңалық шықса, соны өзімізге жапсыра қоймаққа құмармыз. Соның салдарынан тым еуропаланып, жасанды сұлулыққа жаппай көшіп жатқан жайымыз бар. Мәселен, қыздарымыздың шашы әуел баста қара түсті болатын. Одан сарғайып, кейін қызарды. «Шымкент шоудағы» Берік Тұрсынбеков айтпақшы, «шашымыз духовкаға салғандай» сары-ала. Сұр түсі де сәнде болды. Осылайша, заман талабына қарай шаш бір қарайып, бір сарғайып жатыр.

Енді бет-әлпетке ойыссақ. Аппақ қыздар соляриге барып қарайса, қара торысы косметика көмегімен ағарып әлек. Сонау 60-70 жылдары апаларымыз қас арасын екі нүкте етіп бояп, үстінен қарайтып алатын. Оны кәдімгі усьманы инеге батырып жасаған екен. Сол қайта қолданыста. Қазір қыздардың басым бөлігі қасының үстінен татуаж жасатып, сұлулар қатарын толықтырып жүр. Десе де, жасанды сұлулық екені бірден білінеді. Бірақ бәрібір қарлығаштың қанатындай қиылған қасты жасайтындардың шеберлігіне қарай бірінің қасы сұр, бірінікі қара немесе қоңырқай. Енді осы дүниелердің бағасын есептесеңіз, бас айналады. «Сұлулық құрбандықты талап етеді» қағидасы осы жерде үстем. Ұсақ-түйек көрінгенімен қалта әжептеуір қағылатыны сөзсіз. Бұған біз қаладағы сұлулық салон шеберлерімен тілдескенде қанықтық.

Шаштан бастайық. Шашты сарғайту, яғни мелированиенің ең арзаны 5 мың теңгеден басталатын көрінеді. Оны кезең-кезеңімен бояп, нағыз блондинкаға айналу үшін біраз шығындалуға тура келеді. Сонда бір шаштың өзіне 15-20 мың теңге суырып бересіз. Қас татуажы да 5 мың теңгеден басталады. Найзадай кірпікті жапсыру арзан емес. Одан жезтырнаққа айналып, соғудай тырнақ жапсыру 3 мың теңге шамасында. Қабаққа сырға салу да сәнге айналуда. Ал оның қаншалықты зиян екендігіне мән берген ешкім жоқ. Ойындағысы – жанталасып жүріп сәнге ілесу. Кейде тіпті айналаңызда сұрықсыз қыз жоқ секілді. Себебі, әдемі көріну үшін қалтасындағы соңғы тиынын санап беретіндер баршылық. Оның үстіне «қисық аяққа қызыл кебіс не теңім?» дейтіндей емес, қамыт аяқты оқтай аяққа айналдырып, жалпақ танауды кішірейтіп, беттегі қып-қызыл дақты ыдыратып, секпілді кетіріп, әжімді әдіптеп беретін қызмет орындары қаптап тұр. Денсаулыққа зияны болмаса жақсы. Жасанды дүниенің уақыт өте келе жанды жарға айналмауына ешкім кепілдік бермейді. Сондықтан көзге ұрып тұратын, сатып алған сұлулықтан гөрі табиғи сұлулықтың қадірін білген дұрыс сияқты.

Мөлдір СНАДИН.

ЖАС МАМАНДАР АПТАЛЫҒЫ

№264 мектеп-лицейінде “Жас келсе, іске!” атты жас мамандар апталығы өтті. “Жаңаша оқытуға жаңа көзқарас”, “Даналық кілті” коучингтерінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуымен есте қалған шараға мектеп-лицей директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары Г.Омарқызы мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Жекенов қатысты. Сондай-ақ, бәсекеге қабілетті ұстаз болуға ерекше көңіл бөлу мақсатында “Үштілділік саясаты. Ағылшын тілін химия және биология пәндерінде қолдану” шеберлік сыныбы, “Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман” байқауы қолға алынды. Нәтижесінде бастауыш сынып пәнінің мұғалімі Динара Айтбай үздіктер қатарынан көрініп, бас жүлдеге лайықты деп танылды. I орынды информатика пәнінің мұғалімі Аида Әсемхан қанжығаласа, Батырхан Ақбаев II орынды, биология пәнінің мұғалімі Ұлбосын Әмірханова келесі жүлделі орынды иеленді. Жеңімпаздарға Алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табысталды.

Ғабдул ҚИЫМОВ.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Қазақ қоғамында «Гендерлік саясат» деген сөз айтылса, мұны феминистік қозғалысқа жатқызатындар аз кездеспейді. Бірақ біз оны әйелді көтеру, шексіз билікке қол жеткізу деп түсінбеуіміз қажет. Себебі қазір адамды жынысына қарап емес, қабілетіне қарай бағалайтын заман. Әйелдер де біртіндеп саясатқа, билікке ұмтылып жатыр. Олар денсаулық сақтау, білім беру саласын, шағын және орта бизнесті дөңгелетіп жүр. Гендерлік тең құқық болуы үшін билік басында қоғамға үн қататын ханымдардың болуы да маңызды. Өйткені, әйелдер ақыл-парасаты, кәсіби шеберлігі мен қабілеті жағынан ер адамнан қалыспайды. Біздің елде де биліктегі нәзікжандылар қатары қалың.

Ал «гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін қандай шаралар қолға алынды?» деген сауал төңірегіндегі әңгіме бөлек. Бұл мәселемен қазір ҚР Президентінің жанынан құрылған Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссия айналысып келеді. 2006-2016 жылға арналған гендерлік теңдік стратегиясын қабылдаған комиссия басты назарды әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен күреске аударған. Себебі, ол – дүниежүзілік үрдіс, онда әлеуметтік шекара жоқ және ол ұлтқа, діни таным мен адамдардың өмір сүру деңгейіне байланысты емес.

Бір ғана Қармақшы аудандық сотында бұл басынан бері 15 әкімшілік іс қаралған. Оның 14-де ер азаматтар отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында жеке тұлғаға қатысты құқық бұзушылық жасаған. Сондықтан біз қай кезде де аталған мәселеге ерекше көңіл бөліп, гендерлік саясатқа өз деңгейінде мән беруіміз керек. Әйел – өмір гүлі, шуақты күндер шырайы екенін ұмытпайық.

А.МЫРЗАҒҰЛОВА,
Қармақшы аудандық сотының бас маманы.

«BASTAU БИЗНЕС»: ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР РЕСПУБЛИКАДА БІРІНШІ БОЛЫП ЖОБАЛАРЫН ҚОРҒАДЫ

Облыстық кәсіпкерлер палатасының алаңында «Bastau Бизнес» жобасына қатысушылар бизнес-жоспарларын қорғауға кірісті. Қызылордалықтар қорғау жұмыстарын республикада бірінші болып бастады.

«Bastau Бизнес» жобасының алғашқы қарлығаштарына бір ай бойы алған білімдерінің нәтижесін көрсететін сәт жетті. 10 мамырдан бастап Арал, Қазалы, Қармақшы, Шиелі, Жаңақорған аудандарының жобаға қатысқан азаматтары Қызылорда қаласында бизнес-жоспарларын қаржы институттары мен мемлекеттік орган өкілдерінен құрылған облыстық комиссияның алдында қорғауда.

Айта кету керек, пилоттық негізде жүзеге асырылып жатқан жобаның алғашқы кезеңінде тестілеуден 228 адам өткен болатын. Осы азаматтардың 128-і облыстық комиссия алдында жобаларын қорғамақ. «Bastau Бизнес» жобасының барлық кезеңінен өткен 128 азаматтың алдында үлкен мүмкіндіктер бар. Олар облыстық комиссия алдында жобаларын сәтті қорғаса, қаржы институттары бірінші кезекте осы жобаларға басымдық бермек. Облыстық комиссия жалпы құны 558 млн теңгені құрайтын 128 жобаны қарайды.

М.МЕРЕЙ.

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр. Мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.

Қызылорда. «**Дәмді**» әлеуметтік дүкендерінде күріш – 135, нан – 50, қант – 235, тұз – 45, сары май – 450, өсімдік майы – 310, картоп – 100, сәбіз –120, пияз 140 теңгеден сатылуда.

«**Мирас» сауда үйінің** ауласында орналасқан қоймада картоп – 135-140, пияз – 150, сәбіз – 100-140, қырыққабат – 70, қызылша 150 теңгеден.

Арал. Арал қаласының жеке кәсіпкері С.Саяновтың «Әлеуметтік», «Қуантқан» дүкендерінде 1 сұрыпты бидай ұны – 90, картоп – 170, пияз – 160, қырыққабат – 130, сәбіз – 125-130, қант – 235, күріш – 135, «Алтай» базарының жанындағы жеке кәсіпкер Т.Исмайлованың дүкенінде өсімдік майы – 315-340, макарон өнімдері – 115-125, қант 215-230 теңгеден.

Қазалы. «Фея перизат» сауда үйінде қант – 230, арпа жармасы – 100, қарақұмық жармасы – 270, жұмыртқа – 19, тауық еті – 550, пияз – 150, картоп – 165, сәбіз – 110, қызылша 150 теңгеден.

«Нұр-Дәулет» әлеуметтік дүкенінде 1 сұрыпты ұн – 85, күріш – 135, өсімдік майы – 310, қант – 230, «Пиала» шайы 250 гр – 500е, макарон өнімдері – 140, ұнтақ жармасы – 120, қарақұмық жармасы – 250, құс еті – 650, жұмыртқа – 18, картоп – 100, жуа – 80, сәбіз – 90, қырыққабат – 70, сары май 380-450 теңгеден.

«Айнұр» сауда орталығында күріш – 150, өсімдік майы – 340, қант – 240, «Пиала» шайы 250 гр – 530, рожки – 150, ұнтақ жармасы – 150, арпа жармасы – 120, қарақұмық жармасы – 260, құс еті –550, жұмыртқа 1 сорты – 22, картоп – 160, жуа – 150, сәбіз – 110, сарымай 450-650 теңгеден.

Қармақшы. «Сұлтан» сауда орталығы, «Орда» көтерме сауда орталығы және «Жандос» дүкендерінде картоп – 130, сәбіз – 120, жуа – 100-110, қырыққабат – 95-100, жұмыртқа – 25-26, 1 сұрыпты ұн – 94-96, нан – 60, тауық еті – 540, өсімдік майы 310-380 теңгеден. «Таңсықбай», «Бибіұр» базарларында картоп – 130-140, жуа – 110-115, сәбіз – 120-130, қырыққабат – 100-110 теңгеден.

Жалағаш. «Бәйтерек», «Жібек» базарларында картоп – 170, сәбіз – 120, пияз – 140, ет – 1400, жұмыртқа – 19, қырыққабат – 130, «Ақниет» дүкенінде I сұрыпты бидай ұны – 100, нан – 50, жұмыртқа – 19, өсімдік майы – 360, пияз – 140, сәбіз – 120, картоп – 170, тауық еті – 550, қырыққабат 130 теңге. «Әзиза» әлеуметтік дүкенінде 1 сұрыпты ұн – 89, нан – 50, өсімдік майы – 370, картоп 130 теңгеден.

Сырдария. «Өркен» және «Серікбол» дүкендерінде нан – 55, өсімдік майы – 360-380, қант – 240, картоп – 120-150, сәбіз – 100-110, пияз – 90-110, қырыққабат – 90-100, тауық еті – 520-550, жұмыртқа – 240-250, «Бақытжан», «Нұр» дүкендерінде жұмыртқа – 25, өсімдік майы – 360-400, қант 250 теңгеден. «Коммуналдық» базарында нан – 55, өсімдік майы – 400, қант – 250, жұмыртқа – 24-25, 1 сұрыпты бидай ұны 87 теңге.

Шиелі. «Ә.Шорабаев» базарында картоп – 130-140, пияз –130, сәбіз – 90-110, қырыққабат – 100, өсімдік майы – 350-390, қант – 230, жұмыртқа – 20, тауық еті – 550, ет – 1300-1400, тұз 45 теңгеден. Сонымен қатар, I сұрыпты бидай ұны 98-100 теңгеден.

Жаңақорған. «Мағжан», «Заңғар», «Сырдария», «Кәусар», «Нұрәділ» және «Нұрасыл» дүкендерінде 1 сұрыпты ұн – 88-96, нан – 50-65, өсімдік майы – 310-370, картоп – 130-140, пияз – 110, сәбіз – 90-110, қырыққабат – 90-100, тауық еті – 480-540, жұмыртқа – 180-200, ет – 1250-1400, «Нұр» базарында 1 сұрыпты ұн – 96-100, өсімдік майы – 310-380, жұмыртқа – 20, тауық еті – 500-530, ет – 1250-1400, жуа – 100-110, сәбіз – 90-110, қырыққабат – 110, картоп 140-150 теңгеден сатылуда.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

ҚР Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департаменті, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаменті қызметкерлерінің қатысуымен «Мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау» тақырыбында семинар өтті.

ҚР Техникалақ реттеу және метрология комитеті департаментінің басшысы Е.Кеулімжаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары мен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі талаптарына тоқталды. Мемлекеттік қызметшілердің білімін көтеру, мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлық көріністерімен күресу мәселелерін көтерді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаментінің бас маманы М.Искаков саладағы өзгерістерге, «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің кешенді аттестациясы, мемлекеттік қызметте болу кезіндегі шектеулер, сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін факторларға түсініктеме берді. Арнайы слайд, бейнеролик көрсетілді.

Қатысушылар сұрақтар мен пікірлерді, проблемалық мәселелерді ортаға салып, талқылау жүргізілді. Талқылау қорытындысымен берілген ұсыныстар уәкілетті органға жолданатын болды.

Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің 17 сәуір 2017 жылғы №1 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 17.04.2017 жылы №5838 тіркелген

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 4-тармағына сәйкес, Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігінің сипаттамасы бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аппарат басшысы М. Жумадуллаевка жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға **Қ. Мұбараков**

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының 2017 жылғы «17» сәуірдегі №1 қаулысымен бекітілген

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Тексеру комиссиясы) қызметтік куәліктерін беру тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік куәлігі (бұдан әрі – қызметтік куәлік) оның мемлекеттік лауазымы мен лауазымдық өкілеттіктерін растайтын құжат болып табылады.

3. Тиісінше ресімделмеген, жарамдылық мерзімі өткен, тұзетілген және тазартылған қызметтік куәлік жарамсыз болып саналады.

2. Қызметтік куәлікті беру тәртібі

4. Қызметтік куәлік Тексеру комиссиясы төрағасының қолы қойылып, Тексеру комиссиясының аппаратының «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне, Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысының қолы қойылып, Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне беріледі.

5. Қызметтік куәліктер қызметкерлерге лауазымға тағайындалған, лауазымы ауысқан, бұған дейін берілген куәліктің мерзімі өткен, жоғалған, сондай-ақ бүлінген жағдайда беріледі.

6. Қызметкерлер алған қызметтік куәлік үшін осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беруді есепке алу журналына қол қояды (бұдан әрі - есепке алу журналы).

7. Қызметтік куәліктер мен есепке алу журналы персоналды басқару қызметінің сейфінде сақталады.

Қызметкерлер жаңа қызметтік куәлік ресімделу және алу үшін өздерінің 2,5х3,5 сантиметр көлемдегі 2 дана түрлі түсті фотосуретін персоналды басқару қызметіне тапсырады. Бір фотосурет қызметтік куәлікке жапсырылады, екінші фотосурет есепке алу журналына жапсырылады.

Мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған мемлекеттік қызметшіге қызметтік куәлікті тапсырған кезде пайдалану және оны сақтау тәртібі бойынша түсіндіру жүргізіледі.

8. Қызметтік куәлікті ауыстыру кезінде бұрын берілген қызметтік куәлік, жоғалту жағдайын қоспағанда, персоналды басқару қызметіне қайтарып берілуі тиіс.

9. Қызметтік куәлік жоғалған немесе бүлінген жағдайда, оның иесі дереу персоналды басқару қызметіне жазбаша (еркін) нысанда хабарлайды, бұқаралық ақпарат құралдарына хабарландыру береді.

10. Персоналды басқару қызметінің жауапты қызметкері жыл сайын, 1 қаңтардағы жағдай бойынша қызметтік куәліктердің есептік деректерге сәйкестігіне салыстырып, тексеру жүргізеді.

11. Қызметтік куәліктерін толтыру, ресімдеу, есепке алу, беру, сақтау және жою тәртібін жалпы бақылауды персоналды басқару қызметінің басшысы жүзеге асырады.

12. Қызметтік куәлікті жоғалтудың, бүлдірудің, сондай-ақ оны басқа адамдарға берудің немесе мақсатқа сай пайдаланбаудың әрбір фактісі бойынша персоналды басқару қызметінің жауапты қызметкері қызметтік тексеру туралы бұйрықтың шығуынан кейін он күнтізбелік күн мерзімінде қызметтік тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясының тәртіптік комиссиясы кінәлілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені қарайды.

13. Жоғалған қызметтік куәліктер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарамсыз деп жарияланады. Бұл туралы персоналды басқару қызметі хабардар етіледі.

Жоғалғанның орнына жаңа қызметтік куәлікті қызметтік тексеру жүргізілгеннен кейін персоналды басқару қызметінің жауапты қызметкері береді.

14. Жұмыстан босатылған кезде қызметкер қызметтік куәлікті Персоналды басқару қызметінің жауапты қызметкеріне тапсырады.

15. Қызметтік куәлікті тапсырған кезде кету парағына персоналды басқару қызметінің жауапты қызметкерінің қолы қойылады.

16. Қызметкерлер жұмыстан босатылған не бүлінген кезде тапсырған қызметтік куәліктер өркін нысандағы тиісті жою туралы акт жасала отырып, бір жылда бір рет жойылуға жатады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру қағидаларына қосымша

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беруді есепке алу журналы

№	Фотосурет	Қызметтік куәліктің нөмірі	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Атқаратын лауазымы	Берілген күні	Алғаны жөнінде жеке қолы	Қызметтік куәлікті ауыстыруы және тапсырғаны, (тағайындалуы, лауазымының өзгеруі, мерзімінің өтуі, жұмыстан босатылуы, жоғалуы) туралы белгі	Қызметтік куәлікті жою (актінің нөмірі мен күні)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Ескертпе: есепке алу журналы тігіліп, нөмірленіп, персоналды басқару қызметі басшысының қолы қойылып, мөрмен расталады.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының 2017 жылғы «17» сәуірдегі №1 қаулысына қосымша

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігінің сипаттамасы

1. Қызметтік куәліктің мұқабасы көк түсті, ішбетінің көлемі 6,2х8,8 сантиметр, экобылғырдан немесе жоғары сапалы жасанды былғырдан болады.

2. Қызметтік куәліктің сыртқы бетінің ортасында алтын түсті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі орналасқан, одан төмен «КҮӘЛІК», «УДОСТОВЕРЕНИЕ» деген типографиялық қаріппен жазба жазылады.

3. Қызметтік куәліктің ішкі бөлігі ақ түс аясында шеңберде орналасқан күн мен қалықтаған жасырын формасын қолдана отырып, көк түсті қорғаныштық тангир бейнеленген.

4. Жоғарғы бөлігінде сол жағында «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесі, оң жағында государственное учреждение «Ревизионная комиссия по Кызылординской области» деген жазулар орналасқан.

5. Сол жағында: көлемі 2,5х3,5 сантиметр фотосурет (қарсы алдынан түсірілген, түрлі түсті), қызметтік куәліктің нөмері, қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, тиісті басшының қолымен және елтаңбалы мөрмен расталған - қазақ тілінідегі мәтін.

6. Оң жағында: көлемі 2,5х3,5 сантиметр Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі, оның төменгі жағында көк түсті «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ», «РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН» деген жазу. Ортасында қызметтік куәліктің нөмірі, қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы - орыс тілінідегі мәтін.

Төменгі жағында қызметтік куәліктің берілген күні және жарамдылық мерзімі (үш жыл мерзімге беріледі) - орыс тілінідегі мәтін көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің жұмысын үздік жариялау бойынша БАҚ, блогерлер арасындағы «Кәсіби мемлекеттік қызмет – бәсекеге қабілеттіліктің көзі» атты үздік жарияланым конкурсына әдістемелік ұсынымдар

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің жұмысын үздік жариялау бойынша БАҚ, блогерлер арасындағы «Кәсіби мемлекеттік қызмет – бәсекеге қабілеттіліктің көзі» атты үздік жарияланым ашық шығармашылық байқауының (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі.

КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ:

– мемлекеттік органдардың қызметіне азаматтардың сенім біддіру деңгейін арттыру;

– мемлекеттік қызметтегі реформалардың маңыздылығын ашу;

– меритократия қағидасына негізделген кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік қызметті жаңғырту сұрақтарына азаматтардың назарын аудару;

– ісіне адал және формациядағы мемлекеттік қызметшілердің жоғары кәсібилігін жариялау.

КІМ ҚАТЫСА АЛАДЫ ЖӘНЕ НОМИНАЦИЯЛАР

Конкурсқа баспасөз және электрондық БАҚ-та 2017 жылғы 1 қаңтар мен 10 маусым аралығында жарияланған журналистік жұмыстар қабылданады. Кең бұқарға арнайы және корпоративтік БАҚ, сондай-ақ телесюжеттер (телесюжеттердің циклы), мемлекеттік қызметшілердің жұмысын жариялау бойынша әлеуметтік медиа жарияланымдар.

Конкурс қатысушылары:

Конкурсқа ниет білдірген барлық журналистер (оның ішінде штаттан тыс), блогерлер қатысуға шақырылады.

Конкурсқа қатысушылар тікелей өздері немесе БАҚ редакциясының ұсынысы арқылы қатыса алады.

Конкурс кезінде номинациялар бойынша өткізіледі:

– Үздік теле/радио сюжет немесе теле/радио сюжеттердің циклі;

– Баспасөз басылымдарындағы үздік жарияланым;

– Интернеттегі үздік жарияланым;

– Әлеуметтік медиадағы үздік жарияланым;

Бір қатысушы Конкурсқа әр номинацияда 3-тен аспайтын жұмысын ұсына алады.

МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

– Конкурсқа тек өзіндік материалдар, блогтардағы жарияланымдар, телесюжеттер ұсынылады. Конкурстық материалдар автолық құқық, баспа, зияткерлік меншік туралы заңнама талаптарына сәйкес болуы қажет.

– Конкурсқа журналистік материалдар қабылданады (сараптамалық жарияланымдар, материалдар, очерктер, репортаждар, шолу және телесюжеттер), мемлекеттік органдардың қызметіне қоғамдық назардың деңгейін арттыруға бағытталған әлеуметтік медиадағы жарияланымдар. Баспасөз БАҚ-ты, ақпараттық агенттіктер беттеріндегі, әлеуметтік медиадағы жарияланымдар 10 000 белгіден аз болмауы тиіс.

– Конкурсқа сараптамалық материалдар ұсынылуы қажет. Олар мемлекеттік аппаратты кәсібілендіру бойынша міндеттерді, аталған бағыттағы жұмысты жетілдіру бойынша тетіктерді жүзеге асыру және осы процестің тікелей халықтың әл-ауқатына әсері туралы журналистік көзқарасы мен азаматтардың жеке тәжірибесі жағдайын қарастырумен жазылуы тиіс. Баспасөз немесе электрондық БАҚ материалдары, телеарналардағы сюжеттер мемлекеттік қызмет институтын жетілдірудің маңыздылығы мен уақытылығы жайы, реформалардың тиімділігі, мемлекеттік қызмет дамуының келешегі, қол жеткізген және күтілетін нәтиже мәселелері ашылуы тиіс.

– Конкурсқа пайдаланушылады кең қамтыған, Конкурстың тақырыбына, міндеттеріне, мазмұнына қойылатын талаптарына сәйкес келетін әлеуметтік медиадағы жарияланымдар қабылданады;

– Конкурсқа қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі материалдар ұсынылу мүмкін.

КОНКУРСҚА МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

Конкурстық материалдар барлық номинациялар бойынша тек қана электрондық нұсқада ұсынылады (конкурстық жұмыс тобының электрондық мекенжайына жіберіледі – adgspkrk@gmail.com).

Конкурсқа қатысушылар келесі конкурстық материалдарды:

1. тиісті номинацияны көрсетумен автордың аты-жөні, жұмыс орны және лауазымы, жарияланымдардың немесе телесюжеттердің тізімін енгізумен өтінімді,

2. «Мерзімдік басылымдардағы үздік жарияланым» номинациясы үшін: мерзімдік БАҚ-тарда жарияланған БАҚ атауы мен жарияланымның шыққан күнін көрсетумен мақалалардың, очерктердің, сараптамалық жарияланымдардың, репортаждардың, шолулардың сканнер-нұсқасын (PDF, DOC, DOCX форматтары),

3. «Интернет-БАҚ-тағы үздік жарияланым» номинациясы үшін: электрондық дерекқозіне гиперсілтемемен бірге жарияланымның шыққан күні мен электрондық БАҚ атауын көрсетумен JPG, JPEG форматтағы мақаламен сайт бетінің скриншотын,

4. «Үздік телесюжет» номинациясы үшін: ұзақтығы 60 минуттан және файл дайындық көлемі 1 GB-тан аспайтын AVI, MPEG-4 бейне форматындағы телесюжетін жазбасымен мұрағаттаған бейне- және аудиофайлды ұсынады.

Конкурстық материалдармен өтінім 2017 жылғы 10 маусымға саг. 19.00-ге дейін қабылданады.

БАҒАЛАУ ӨЛШЕМІ

Конкурстық жұмыстарды бағалаудың басты өлшемі олардың Конкурстың тақырыбы, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі болып табылады.

Конкурстық жұмыстарды бағалаудың өлшемі:

– жұмыстың Конкурс тақырыбына, мақсаттары, міндеттеріне және талаптарына сәйкес болуы;

– тақырыпты ашудың дәрежесі мен сапасы;

– өзіндік тәсіл, материалдардың өзектілігі;

– материалдардың шынайылығы мен ақпараттық толықтылығы;

– материалдардың кәсіби дайындық деңгейі мен тақырыпты ашудағы жүйелілігі;

– жарияланымдардың сонылығы мен мәнерлігі, авторлық ой-пікір.

Конкурстық жұмыстарды бағалауды комиссия жүргізеді, оған мемлекеттік органдардың басшылығы, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің, Премьер-Министр Кеңсесінің, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, халықаралық, қоғамдық және ғылыми-білім беру ұйымдарын өкілдері, Парламент палаталарының депутаттары енгізіле алады.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

Конкурсқа қатысатын жұмыстың авторлық құқықтарын сақтау жауапкершілігін конкурсқа бұл жұмысты жіберген қатысушы тартады.

Конкурсқа ұсынылған жұмыстардың авторлары конкурстың ұйымдастырушыларына бағытталған материалдарды коммерциялық емес мақсатта пайдалану құқығын береді (мерзімдік басылымдарда, интернетте, көрме стендтерінде). Конкурстық жұмыстар қайтарылмайды.

КОНКУРСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ШЫҒАРУ

Конкурстың қорытындыларын шығару және лауреаттарды наградтау 2017 жылғы 23 маусымда өтеді. Әр номинацияда бір жеңімпаз белгіленеді. Конкурс жеңімпаздары алғысхаттар (грамоталар) мен бағалы сыйлықтармен марапатталады.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл с агенттігінің kyzmet.gov.kz сайты (ресми ақпаратты орналастыру, конкурс барысын жариялау, нәтижелерді көрсету). E-mail: adgspkrk@gmail.com Тел.: (7172) 753431, 753296.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1, анықтама үшін телефондары: 8 (7242) 60-53-94, факс 8 (7242) 60-53-92, ai.abilova@korda.gov.kz «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға жалпы конкурс жариялайды:

Газ инфрақұрылымын дамыту және қауіпті өндірістік нысандарды мемлекеттік бақылау бөлімінің бас маманы («D-O-4» санаты, 1 бірлік, индекс № 09-2). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 83212 теңгеден 112430 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Газ ресурстарын дамыту бойынша аймақтағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға байланысты өз құзыры шеңберінде жұмыстарды жүргізеді. Газ ресурстарын дамыту мәселелері бойынша басқарма басшыларының бұйрықтарын орындайды. Республикалық, облыстық бюджеттердің нақтылануына байланысты, «бюджеттік бағдарламаға» өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Республикалық, облыстық бюджеттердің нақтылануына байланысты, Министрліктер мен облыс әкімі арасындағы және басқарма басшысы мен аудан, қала әкімдері арасындағы келісімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Бюджеттік өтінімдерді дайындау және ұсыну Ережесіне сәйкес бюджеттік өтінімдерді дайындайды. Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес мекемелерден және азаматтардан түскен хаттарды және сауалдарды қарап тиісті жауап әзірлейді. Бөлімге келіп түскен корреспонденциялар мен құжаттарды нақты мерзімде орындауды қамтамасыз етеді. Төксан сайын бөлімнің жұмыс жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстары туралы есебін әзірлейді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Техникалық ғылымдар және технологиялар (мұнай газ ісі) немесе құқық (құқықтану) мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-5, С-5, С-О-6, С-R-3, D-5, D-О-5, Е-4, Е-R-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-5, С-5, С-О-6, С-R-3, D-5, D-О-5, Е-4, Е-R-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) В-5, С-5, С-О-6, С-R-3, D-5, D-О-5, Е-4, Е-R-3 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

4) мемлекеттік қызмет өтілі екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде орталық, облыстық немесе қалалық деңгейдегі құқық қорғау органдарының кіші басшы құрамынан немесе арнайы мемлекеттік органдардың сержанттар құрамынан төмен емес немесе әскери атағында кіші сержанттар құрамынан төмен емес Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейдегі, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының лауазымдарында екі жылдан кем емес;

5) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жарым жылдан кем емес;*

6) жоғары оқу орындарынан кейінгі оқу бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

7) ғылыми дәрежесінің болуы.*

Кәсіби қызметті тиімді атқаруға қажетті құзыреттер:

1. Мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық,ұйымдастырушылық, стратегиялық ойлау, көшбасшылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен анықталатын тестілеу бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасын білу;

3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі», «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» кодекстерін, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Лицензиялау туралы», «Тұрғын үй катынастары туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» заңдарын білу;

4. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты стратегиясын, нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білу;

5. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндеттті білімдер.

Құжаттары қабылдау мерзімі (7 жұмыс күні), ол жалпы конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі және «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, «Облыстық мекемелер үйі» ғимаратының 4 қабаты № 404 бөлме мекенжайда қабылданады.

Жалпы конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде не «E-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Құжаттары электронды түрде электрондық почта не «E-gov» электронды Үкімет порталы арқылы берілген жағдайда азаматтар құжаттардың түпнұсқасын немесе нотариалдық куәландырылған көшірмелері әңгімелесу басталғанға дейін **бір жұмыс күн** бұрын кешіктірілмей беріледі.

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Жалпы конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларының (бұдан әрі-Қағида) 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі түрлі түсті суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына кандидаттың қызметтік тізімі;

3) білімі туралы құжаттар мен олардың көшірмелерінің нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

«Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленушілер, сондай-ақ өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтары мен зертханаларды берген білім туралы құжаттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік білім беру ұйымдарында алған білімі туралы құжаттарының көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды нострификациялау немесе тану куәліктерінің көшірмелері қоса беріледі.

«Болашақ» халықаралық стипендиясын иеленушілерге берілген білім туралы құжаттарға «Халықаралық бағдарламалар орталығы» Акционерлік қоғамы берген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқытуды аяқтау туралы анықтаманы көшірмесі қоса беріледі.

Өзара тану және баламалылығы туралы халықаралық шарттардың қолдану аясына жататын білім туралы құжаттардың көшірмелеріне білім беру саласындағы уәкілетті орган берген аталған білімі туралы құжаттарды тану туралы анықтаманың көшірмелері қоса беріледі;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған немесе жұмыс орнынан қадр қызметінен куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарына сәйкес құжат тапсырғанға дейін алтау айдан аспайтын уақытта берілген 086/е нысандағы денсаулығы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) (немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде заңнаманы білуіне тестілеуден өткені туралы шекті мәннен төмен емес нәтижелері бар қолданыстағы сертификат (немесе сертификаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

8) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органда жеке қасиеттерін бағалауды өту туралы қолданыстағы қорытынды (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

9) Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №272 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 11 маусымда №11304 тіркелді) бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген психоневрологиялық ұйымнан анықтама (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

10) Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №272 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 11 маусымда №11304 тіркелді) бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкес нысан бойынша құжат тапсырғанға дейін бір жылдан аспайтын уақытта берілген наркологиялық ұйымнан анықтама (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі).

Осы Қағидалардың 76-тармағының 3), 4), 5), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға рұқсат етіледі.

Бұл ретте, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) құжаттардың көшірмелерін түпнұсқалармен салыстырып тексереді.

Осы қағидалардың 62-тармағы екінші бөлігінде көзделген жағдайларда жалпы конкурсқа қатысу үшін мемлекеттік қызметші және Заңның 29-бабы 5-тармағы бірінші бөлігінде көрсетілген адам келесі құжаттарды тапсырады:

1) Осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысандағы өтініші;

2) Тиісті персоналды басқару қызметімен құжат тапсырғанға дейін бір айдан аспайтын уақытта расталған қызметтік тізім;

3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжатын көшірмесі.

Құжаттардың толық емес пакетін немесе дайексіз мәліметтерді ұсыну комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де оғлардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін конкурс комиссиясы жалпы конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарауды жүзеге асырады. Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды.

Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттарды қарау қорытындысы бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін **екі жұмыс күн** ішінде олардың тиісті «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылған біліктілік талаптарына сәйкестігі мен конкурсқа қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар конкурстық комиссия шешім қабылдаған күннен бастап **бір жұмыс күн ішінде** және әңгімелесуді өткізуге дейін бір жұмыс күннен кешіктірмей әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекенжайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылады.

Рұқсат алмаған конкурс қатысушылары конкурс комиссиясы шешім қабылдаған кейін **бір жұмыс күн ішінде** бұл туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады.

Жалпы конкурсқа қатысатын және әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, мекенжайда өтеді.

Әңгімелесу өткізу кезінде кандидаттардың конкурс комиссиясымен айқындалған тақырыпқа эссе жазуларына жол беріледі.

Әңгімелесу өткізілгеннен кейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізілетін қорытынды отырыста конкурс комиссиясы кандидаттарды берген құжаттары, өткізілген әңгімелесудің нәтижелері негізінде бағалайды және олардың қатарынан бос лауазымға орналастыру үшін іріктеуді жүзеге асырады.

Конкурс комиссиясының шешімі мен конкурс комиссиясының оң қорытындысын алған кандидаттардың тізімі конкурс өткізілгеннен кейін **бір жұмыс күн** ішінде мемлекеттік органның ақпараттық қабырғаларында, баршаға көрінетін жерлерде, сондай-ақ оның интернет-ресурсына орналастырылады.

Конкурс комиссиясы әңгімелесуден өткен кандидаттарға конкурс нәтижесі туралы, ол аяқталғаннан кейін екі жұмыс күн ішінде хабарлайды.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады. Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредителген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлға әңгімелесу басталғанға дейін **бір жұмыс күнінен кешіктірмей** персоналды басқару қызметінде (кадр қызметінде) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін немесе электрондық көшірмесін, осы Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың көшірмелерін немесе электрондық көшірмелерін ұсынады.

Бұл ретте, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) әңгімелесу басталғанға дейін құжаттардың көшірмелерін түпнұсқалармен салыстырып тексереді.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның қажетсік бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешімне шағымдана алады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің 100 бейнесі» атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметші күніне арналған фотоконкурсын өткізу туралы әдістемелік ұсынымдар

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің 100 бейнесі» атты Қазақстан Республикасының Мемлеке

ЖҰЛДЫЗ-ҒҰМЫР

Қайран, көңіл-ай!

Бейсенбі күні облыстық филармонияның ұйымдастыруымен А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде танымал әнші, дарынды композитор Батырхан Шөкеновті еске алуға арналған «Қайран, көңіл-ай!» атты кино-концерт өтті.

Әнші Ринат Рүстемов Б.Шөкеновтің орындауындағы «Отан ана» әнімен сахна шымылдығын ашты. Мұнан соң Гаухар Бисекенова «Қайран, көңіл-ай», Индира Ахметова «Гавань моей любви», Ғалымжан Ұлықпан «Бал сезім», Әділхан Тәуекел «Гүл Алматы», Индира Наукеева «Дождь», Олжан Нұралиев «Ревнивая», Гүлзира Әлиханова «Сағым дүние», Данияр Есентеміров «Так далеко», Бекзат Молдабергенов «Брат», Әбдіхалық Мұстафаев «Твой шаги» әндерін орындап, көрерменнің қошеметіне бөленді.

Сыр топырағында туылып, өнерімен Қазақстанды ғана емес, алыс-жақын шетелді мойындатқан өнер тарланы тірі болғанда биыл 55 жасқа толар еді. Туған күніне орай ұйымдастырылған шараға танымал әншінің тыңдармандары көп жиылып, жерлестері сағынышпен еске алды. Концерт барысында талантты әншінің өмір жолы мен шығармашылығынан бейнебаян көрсетілді. Сондай-ақ, жергілікті өнерпаздар Батырхан Шөкеновтің әндерін орындап, ол туралы естеліктер айтты.

Айта кетейік, аймақта дарынды композитордың ән мұраларын, шығармашылығын кейінгі ұрпаққа кеңінен насихаттау мақсатында республикалық, аймақтық және облыстық деңгейдегі түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді.

Сонымен бірге, қаладағы «Достық үйінің» алдында Б.Шөкеновтің туған күніне орай халықтық концерт ұйымдастырылды. Шараға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов өнер жұлдызының өмір жолына тоқтала келе, Сыр өңірінде белгілі әншінің ескерткіші салынатындығын жеткізді. Кеш барысында жергілікті өнерпаздар танымал әншінің белгілі әндерін орындаса, ерікті жастар сахнада өз өнерлерін көрсетті.

Н.ҚАЗБЕКОВ.

Саз әлемі

ЕҢЛІКГҮЛДЕЙ ЕРКЕ ӘНДЕР

Дауысымыз бар ма, жоқ па, ырғағы ырқымызға көне ме, келе ме, оған қарап жатпаймыз, ыңылдап ән салып жүретініміз бар. Ашулансақ та, қуансақ та солай. Адамның өзі бұл әрекетінің кейде еркінен тыс жасалатынын сезбейді. Өйткені, ән адаммен егіз. Ол жан-дүниемізбен бірге жаратылған дүние. Кейде сауаты асқан бір кісілердің «ән айту күнә» деген дәлелсіз сөзін естіп қаламыз. Орманға көз салсаңыз да, теңізге құлақ түрсеңіз де – ән салып тұр. Табиғат та әнмен егіз жаралған. Дүниедегі ең сұлу әуен Алланың адамзатқа түсірген асыл қазынасы – Құран мақамы десем, кім келіспейді?

Осындай құдіретті өнерді тудыратын композиторлар бүгінгі күні біраз заманауи тоқырауға ұшырады. Темірді шыныға үйкегендей шыңылдаған, шиқылдаған шет ел шығармашылығы түйсігімізді шаршатты. Талант өкілдерінің соңғы буыны еліктеу-солықтауға беріліп, өзіңді зорлап тыңдайтын, артынша ұмытып қалатын ән жазумен айналыса бастады.

Шіркін, Абай, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, онан берідегі, Шәмші, Әбілахат, Нұрғиса, Әсет, Ескендір сияқты ел сүйген сазшы-әуеншілердің дарын әлуеті нөткен зор. Бұлар дүниеге әкелген әуенді бір тында да, құлағыңды бітеп таста, сол әуенді қайталап естисің.

Әңгіменің ә дегенінен ән әсерінің солғындап бара жатқанын неге айттық. Осы олқылықтан ада, саф өнерді санасында бұзбай сақтаған, бірақ қарапайымдылығымен қалың жұртқа жұлдыз боп танылмаған қаншама таланттарымыз бар десеңізші?! Мен бүгін азғантай сөзімді солардың біріне арнамақпын. Оның есімтегі – Сәкен Шынымов.

«Жұлдыз» дегеннен шығады. Еліміздің бас қалаларында халыққа танылудың, өнеріңді өркендетудің мүмкіндігі мол, кәсіби орта бар. Осылайша көзге жиі түсетіндерді біз шартты түрде «жұлдыз» деп атаймыз. Жұлдызды санап тауыса алмайтының секілді, қазір оларды да санап тауыса алмайсың.

Ендеше, біз өнері өрге жүзген, айыбы Астана асып кетпеген Сәкен Шынымовты «Сыр жұлдызы» деп атауға қақылымыз. Саусақ бүгіп санайтын атақмарапаты жоқ болғанмен Сәкеннің де сырышыл әндері күллі елге тарап кеткен туындылар қатарынан табылады. «Мұзарт» тобы орындап жүрген «Айт сырыңды, аққайын», Гүлнұр Оразымбетованың репертуарындағы «Аналарым» әндері талай сахнада шырқалып, тыңдарманын тамсантқан Сәкеннің төл сазы.

Ол Сырдария ауданы Шаған ауылының тумасы. Жоғары музыкалық білім алған. Ақын Нұрлыбек Сафинның сөзіне студент кезінде жазған «Назерке» деп аталатын тұңғыш әні облыстық сазгерлер байқауында 1-орынды иеленген. Өнер құдіреті жүре келе емес, жөргегінен сіңген Сәкен осылайша жастай танылады. Бірақ, айтып отырғанымыздай, ауылға тән кең мінез, «қашқанға да, қуғанға да серік болмайтын» жайбарақат болмыс «жұлдыз» болуға қол создырмады. Институттан кейін Шағандағы музыка мектебінде мұғалім болып еңбек жолын бастады. 1995 жылы Байқоңырдағы музыка мектебінде баян, домбыра аспаптарынан дәріс берді. Ақай ауылдық клубында меңгеруші бола жүріп, орта мектептің алғашқы әскери дайындығының мұғалімі болды. 2005 жылдан Қызылорда музыкалық колледжінің музыкалық жетекшісі, оған қоса «Ертарғын» мемлекеттік балабақшасының әуез жетекшісі болып еңбек етіп келеді.

Композитор Сәкен балалар тақырыбына көбірек толғанады. Оның ең алғашқы әнінің де сәби Назеркеге арналуы кездейсоқтық емес. Балажан, баланың табиғатын ұғыну Алла мен анаға ғана аян. Бала – өз сымбаты, өз ғажабы бар әлем. Бұл әлем жан күйіне ене алмаған бөгде бейнені ішінеендірмейді. Сәкен осындай қызық та қиын, сұлу, салтанатты әлемді көзімен жұтып, көңілімен қорытқан шебер. Рахат Наурызбаеваның сөзіне жазылған «Батыр баба Ертарғын», «Атам келді», мұнан басқа М.Дауылбаевтың, Е. Абдулланың сөздеріне жазылған әндері бүгінде қала бүлдіршіндерінің сүйіп айтатын әуендеріне айналды.

Қашан көрсең де қарапайым, сабырлы қалпын сақтайтын Сәкен ұжымында беделді, мамандығының майталманы. Сыр өңірінің танымал, талантты композиторлары – Р.Тайманов, А.Алмағанбетов, С.Ұлықпанұлы, М.Күзенбаев, Т. Нағашыбаев, И.Елубаева секілді өнер иелерінің ортасында өз орны, өз нақышы бар есім.

Ән кейде көлде жүзген аққудай болып көңіл пернесін басады, кейде тасты жарып шыққан еңлікгүлдей есдертінді алады. Сонан соң аңыз болған сол гүлдей еркелеп, әуелеп кетеді. Мен Сәкеннің әндерінен осындай сыр ұғамын. Әрине, әннің өмірге қалай келетінін әуеншінің өзі ғана біледі.

Біздің білетініміз, Сыр елінің сәнлақ өнерпазы, ұстаз-композитор Сәкен Шынымовтың ән үшін жаралған шынайы бейнесі.

Жақын күндері М.Ерәлиева атындағы мәдениет үйінде республикалық, облыстық ән конкурстарының лауреаты, композитор Сәкен Шынымовтың балаларға арналып жазылған әндерінен «Періште жүрек, пәк әуен» атты шығармашылық кеші өткелі отыр. Біз айта алмаған сырды осы кеш тарқатады.

Д. АЯШҰЛЫ.

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР

ЖАРАТЫП ЖЫЛҚЫ БАҚҚАН, ӘСПЕТТЕП ӘБЗЕЛ СОҚҚАН

Ертеден жылқы малын ерекше қастерлеген халқымыз тәуелсіздік алған жылдардан бері ұлттық өнерге, ат спортына қайта ден қойып келеді. Ылдидан салсаң төрге озған небір алмауыт жүйріктерді баптаған атбегілер аламанда қиқуға қиқу қостырып, қандастарымыздың мерейін тасытқандай. Бұл өзі қанда бар қасиет болса керек. Оның үстіне жеті қазынаның бірі саналатын сұлу жылқыға әсем ат әбзелдерін жасантып, ерттеп мінген қандай?! Сондықтан да ұлттық өнердің сілемін үзілдірмей, қайта жаңғыртқан қолы алтын шеберлерге құрмет бөлекше.

Жаңақорған ауданында тұратын жас жігіт Нұрқанат ат әбзелдерін жасайтын шебер ретінде бұл күндері айналаға танылып қалды. Оның қолынан шыққан ат тартпасы мен жүгені, өмілдірік пен ноқтасы тартымды болуымен қатар, жануарға да жайлы, иесіне де қолайлы әрі әсем. Ертоқымның астында тұратын терліктің ылғал тартып, ат арқасына батпайтындығы шабандоздар арасында ерекше бағаланады. Жаратушының берген қасиеті шығар, жас шебердің қолынан шыққан әлгіндей бұйымдар ат арқасына қона қалатындығын қайтерсің?! Ішкі, сыртқы тартпалары да әдемі сырылып, көздің жауын алады. Осындай әсемдіктер үндесе келе, ер қанаты атанған жылқы малының сұлулығы мен құдіреттілігін паш етеді десек, артық емес. Еңбекке ерте бейімделіп, өз шеберлігін шыңдай түскен жас жігіттің ат әбзел бұйымдары бес-алты жылдан бері үлкен сұранысқа ие. Бұл бір жағы қолөнерді бағалау болса, екінші жағынан ауыл адамдарының нарыққа бейімделуі яғни, қолдан келер істі өрістетіп, адал кәсіппен нәпақа айыруына келер еді. Қашанда қасиет қанмен келеді емес пе, Нұрқанаттың анасы Гүлнар Жаппарова – тігінші. Жастайынан анасының ісмерлігіне көз қанықтырған ол тігін машинасын айналдыруды да теріс көрмейтіндей болып өсті. Мектеп қабырғасында жүргенде құрдастарымен бірге жаз бойы еңбек етіп, одан түскен ақшасына бір етікшінің тігін машинасын сатып алғандығы бар, міне, содан бері қайыс пен көннен құнды бұйым жасауға бейімделді.

Қазіргі кезде «Жаңақорған аргарлы-техникалық колледжінде» 2-курста оқып жүрген оның алдағы мақсаты үлкен. Арманы биік.

– Жасаған бұйымдарым алушыға ұнап, жылы сөз айтса, кәдімгідей қуанып, жаңа шабытпен екіншісіне кірісемін. Дұрыс бағыт-бағдар беріп, кәсібілікке баулып жатқан ұстазым Камал Ержановқа ризамын, айтар алғысым мол, – дейді ұлттық бұйымдарды жасау жолына түскен жас шебер.

Ұлттық өнердің жанашыры осылайша ұмыт болып бара жатқан қолөнер түрі – ат әбзелдерін жасауды қолға алуда. Ол бүгінде өңір тұрғындарының сұранысына сай қызмет жасап келеді. Айтпақшы, оның қамшы өретін де өнері бар, ол үшін тау шатқалдарынан алдырылған тобылғы бұталарын пайдаланады. Салалы да, шымыр қамшыларға көбінесе апайтөс шабандоздар тапсырыс беріп жатады.

Нұрқанат атбегілік өнерден де кетәрі емес. Әр сәйгүліктің жаратылысына сай баптай білумен де жақсы таныс. Жетінші сыныптан бастап, жылқының жалын тартып міниіп, жаппай көкпар додасына да қатысып келеді. Қорасында аяғын тарпып өзі баптап жүрген қос аты тұр.

Иә, талапты ерге нұр жауар демекші, ұлттық өнерді ұлықтап, ат баптауды да қатар алып жүрген Нұрқанат Тұрсынбекке әрқашан сәттілік тілейміз. Оның да артынан ерген ізбасарлары көп болса, нұр үстіне нұр болар.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Жаңақорған ауданы.

МУЗЕЙДЕГІ ТҮН

ТАРИХПЕН ТАМЫРЛАС МУЗЕЙ

Тарихтан сыр шертетін, санғасырлық мұралардың киелі ордасына айналған облыстық тарихи өлкетану музейі Халықаралық музейлер күніне орай мерекелік шара өткізіп, көрерменін құпия әлемге толы қызықтарға саяхаттатты.

Шара барысында "Музейде жаңа жәдігер" акциясы, "Ақылды роботтар" көрмесі, "Алаш және біз" театрландырылған қойылымы ұсынылып, "Сиқырлы бояулар" изостудиясының жұмыстары көпшілік таңданысын тудырды. Сондай-ақ, ежелгі және қазіргі Қазақстан тарихы мен мәдениетін таныстыратын залдарға экскурсиялар ұйымдастырылды. Ал "Жібек жолының ізімен" көрмесі мұражай қонақтарын ұлттық қолөнерге баулыды. Салтанатты кештің ашылуында сөз алған "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Ерсұлтан Әділбеков жалпы музей саласы туралы айта келе, әлемнің әр елінде өтіп жатқан «Музейдегі түн» акциясына тоқталды.

– Мәдениетке деген қамқорлық бейбіт әрі берекелі елде болады. Біз де бәсекеге қабілетті мемлекет болуымыз үшін мәдениетті жоғары деңгейге көтеруіміз керек. Бүгінде келушілердің жәдігерлерді еркін тамашалауына барлық жағдай жасалуда. Мұндай игі шаралардың көптеп ұйымдастырылғаны дұрыс. Себебі, музей танымның жаңа қырын ашып, әрбір адамның тарихқа деген қызығушылығын оятады. Аталған акция 150-ден аса елде өтуде. Осының өзі шараның мән-маңызын айқындап тұр, – деді Е.Әділбеков.

Бұл күні немересін ерткен ата-әже, қол ұстасқан жастар, бұқара халықтың барлығы залдарды аралап, өзіне ұнаған бағдарламаны тамашалады. Құнды жәдігерлер, талғаммен таңдалған декорация мерекеге келушілерге ерекше әсер етті. Олар экспонаттар жанында суретке түсіп, "Кешкі алау басында" концерттік бағдарламаны тамашалады. Бір сөзбен айтқанда, қала тұрғындары рухани күш алып, серпіліп қайтты.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

ҰБТ

ТҮЛЕКТЕР ТАУ БАУРАЙЫНДА ТАЛАБЫН ШЫҢДАДЫ

Мамыр айы туғалы мұғалім үшін де, түлекке де мазасыз мезгіл басталады. Бірі шәкіртін қимайды, бірі болашақ үмітін безбендейді. Иә, түлектерге тынымсыз уақыт таяды. Облыс басшылығы осындай уақытты сәтті іспен сабақтап отыр. Мектеп бітірушілері үшін қосымша білім беруді үздіксіз пайдаланып, Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сынағына тұрақты дайындалуына жол ашқан. Бұл мақсатқа барлық жағдай жасалған. Әрі тынығады, әрі түрлі үйірме жұмысынан іс үйренеді, танымдық-мәдени шаралары тағы бар.

Қаратау баурайына орналасқан облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығында (Талдысу) Сыр өңірінің үздік мұғалімдері түлектерге сапалы білім беру дәстүрін биыл тағы жалғады. Үстіміздегі жылы 7 ауысым шеңберінде барлығы 1200-ге жуық мектеп бітірушісі орталықтың озық тәжірибесінен білімін жетілдіруге негіз алды. Бәлкім, осындай мол мүмкіндік аймақтағы биік білім нәтижелеріне үлкен үлес те болар.

Биыл Жалағаш ауданынан – 260, Қармақшыдан – 197, Шиеліден – 150, ал Қызылорда қаласынан 500 түлек орталық қызметіне жүгінді. Оның себебі бар. Біріншіден, жоғары санатты ұстаздардан дәріс алады, екіншіден, тестілеу кезінде психологиялық қиыншылыққа ұрынбау жолдарын үйретеді, үшіншіден тыныңдығы тамаша ұлгісі қарастырылған. Тау табиғатымен, көне қалалар тарихымен танысуға болады, бос уақытты тиімді өткізу шаралары толық қамтылған. Осы орайда жетінші ауысымда Қызылорда қаласының ұстаздары жақсы тәжірибесін танытқанын айтқан ләзім. Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша №4 С.Сейфуллин атындағы орта мектептен Гаухар Таркешеваны, орталық ашылғалы үздіксіз еңбек етіп жүрген №211 А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің жоғары санатты ұстазы Жаңағүл Байғараеваны, №7 орта мектептен Гүлбану Шамақованы ерекше атауға тиіспіз. Әсіресе, Жаңағүлдің жаңаша ізденістері шәкірт жүрегіне жол тапты. Сол секілді №54 Ж.Қыдыров атындағы орта мектептің ұлағатты ұстаздары Ұлған Батишева, Күнсұлу Тілеубекованың да еңбегі орасан.

Ұжым директоры Үмбетәлі Әбибуллаевтың ұйымдастырушылығы және іскерлігінің арқасында орталық осынша жетістікке көтерілді. Бүгінде көк желекке көмкерілген, көрініс келбеті көзтартар орынға айналған орталық әрбір түлектің ел болашағына деген ұмтылысын шыңдаудың шынайы шеберханасы дерсің. Өйткені, мұнда баланың көкірек көзін ашатын керемет үлгі бар.

Қ.ҚҰРБАН.

Елбасының кітапханасы және Қоры журналистерге арнап «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсын жариялайды

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған **«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы»** тақырыбы бойынша таңдаулы материалдарға жыл сайынғы ашық конкурс жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету, Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) **«Үздік теледидар материалы»;**
2) **«Үздік радиоматериал»;**
3) **«Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;**
4) **«Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жариялаым».**

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – **500 мың** және **200 мың** теңге беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен омырауға тағатын белгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпқой журналистер жеке де және ұжымдық негізде де қатыса алады.

Конкурсқа **2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қазан мерзімі бойынша** мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген Конкурс комиссиясы шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2017 жылғы 1 маусымнан бастап 10 қарашаға** дейінгі мерзімде әкеліп беру тәртібімен немесе поштамен жөнелту арқылы мына мекен-жайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ә.Бөкейхан көшесі, 10, 213-каб., «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады (байланыс тел.: (7172) 69-30-57, 69-30-52, 69-30-50, 69-30-53, 69-30-56).

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.presidentfoundation.kz/ сайттары арқылы танысуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Қызылорда қаласындағы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін **«Ұшқын» мүгедектердің құқығын қорғау және жәрдем беру» қоғамдық бірлестігінің** ұйымдастыруымен осы жылдың 10 мамырынан бастап ашылған аула клубтарының басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қызметтер көрсетумен қатар уақытын тиімді пайдаланып, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойындарын ойнап әрі оларды қоршаған ортаға бейімдеу, олардың қолөнер шеберліктерін жарыққа шығарып, мәдени-спорттық шаралар өткізуге, шығармашылығын дамытуға, өзара қарым-қатынаста болып өмірге деген құштарлығын арттыру.

Аула клубтарының жұмыс уақыты – 9.00-18.00, түскі үзіліс – 13.00-15.00, демалыс күндері – сенбі, жексенбі.

Аула клубтарының орналасқан мекенжайлары.

1. Тасбөгет кенті, З.Шүкіров көшесі №11 «Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратының 1-қабатында.
2. «Шұғыла» мөлтек ауданы, «Мелиоратор» спорт кешенінің 1-қабатында.
3. Белкөл кенті, «Новая» мөлтек ауданы 11 үй, 2 пәтерінде.
4. Титов қыстағы, Жетікөл көшесі 29 үй, 80 б пәтерінде.
5. Қызылорда қаласы, Тоқтыбаев көшесі №5, «Қалтай Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясында».

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Атамекен» ҰКП жанынан құрылған «Агробіліктілік орталығы» ЖШС Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасымен бірге ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлердің кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында 2017 жылы облыс бойынша өсімдік және мал шаруашылығы бағыттары бойынша 8 базалық шаруашылықта семинарлар өткізуді жоспарлауда.

Өсімдік шаруашылығы саласында:

- «Күріш шаруашылығы» бағытында «Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС;
- «Көкөніс және бақша дақылдары» бағытында Қазалы ауданында орналасқан «Кішкене ата» ӨК;
- «Кәсіпкерлік және ауыл шарашылығы кооперациясы» бағыты бойынша Қызылорда қаласында «Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС, Жалағаш ауданында «Таң ЛТД» ЖШС және Шиелі ауданында «Ақмая» ШҚ семинарлар өткізіледі.

Мал шаруашылығы саласында:

- «Түйе шаруашылығы» бағытында Шиелі ауданында «Төрт түлік АӨК» ЖШС;
- «Жылқы шаруашылығы» бағытында Жаңақорған ауданында «Бақытжан» ШҚ;
- «Агробизнес негіздері» бағытында Сырдария ауданында «Жан-Арай Агро» ЖШС;
- Жаңақорған ауданында «Миялы АӨК» ЖШС мал шаруашылығы саласындағы семинарлар өткізілу жоспарлануда.

Семинарларда шетелдік және отандық сарапшылар теориялық және практикалық дәрістер жүргізеді.

Семинарларға қатысу тегін, семинар қорытындысымен ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне сертификаттар беріледі.

Семинарларға қатысу үшін облыстық кәсіпкерлер палатасына және аудандық филиалдарға хабарласуға болады.

Сонымен қатар, ауылшаруашылық тауар өндірушілерге мемлекеттен көрсетілетін қолдаулардың барлық түрлері туралы ақпарат беретін «Атамекен» ҰКП байланыс орталығының 8-8000808010 нөмірі іске қосылып, қоңырауларды қабылдауға дайын.

Онлайн өтініш беру үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған fermers.kz веб-порталы жұмыс істейді.

Семинарлардың өткізілу мерзімі кестеде көрсетілген.

Сұрақтар бойынша Кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Алма Пирмановаға хабарласуға болады. Тел.: 8 /7242/ 40-09-81.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Жаксылыков Галымжан Рахметовичтің атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бәйгекұм ауылындағы №251 М.Әуезов атындағы орта мектепті 2006 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ 1614964 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
рухаият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің тұпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Жарнаманың шынайылығына редакция жауап бермейді.
Газет редакциясының компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 8(7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А"

Таралымы 29283
Тапсырыс № 601